



АЛАШ
АРЫСТАРЫНА
ЕСКЕРТКІШ
АШЫЛДЫ

5-бет



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ
ҚОРҒАУ – ХАЛЫҚ
ТАЛАБЫН ҚОЛДАУ

10-11-бет



«АҚ ЖОЛ»
ДӘРІГЕРЛЕРГЕ
АЛҒЫС АЙТТЫ

16-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ 20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №50-51 (920-921) 21.12.2020 жыл

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ



Азат ПЕРУАШЕВ:

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ АЛАШТАН АРТЫҚ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖОҚ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙГЕ
САЙ ЕНГІЗУІМІЗ КЕРЕК

«Ақ жол» демократиялық
партиясының төрағасы, Мәжіліс
депутаты Азат Перуашевтің XVI
құрылтайда партияның сайлауалды
бағдарламасы бойынша жасаған
баяндамасы

10-11
бет



Қоғамда мемлекеттік институттарға сенімсіздік күшейіп, халық билік монополиясынан қажі бастады. Елімізге әлеуметтік-экономикалық салада, саяси жүйеге де түбегейлі өзгерістер қажет. Аталған өзгерістерді тым соза берудің қауіптілігі сонда, бұл – Украина, Беларусь пен Қырғыз еліндей мемлекеттік дағдарысқа әкеп соғуы мүмкін. Ал, Тәуелсіздіктің ең басты кепілі қару емес, өз мемлекетін сыйлайтын, бағалайтын азаматтық қоғам болуы керек. Сондықтан, қазіргі билік моделіне бір ғана балама бар – ол терең әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды қабылдап, жүзеге асыруы қажет. «Ақ жол» демократиялық партиясы ЖАҢА ЖӘНЕ ӘДІЛ ҚАЗАҚСТАНҒА апаратын өзгерістер бағдарламасын ұсынады.

7
бет

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ТОЙЫНА ПУТИНДІ ШАҚЫРУ КЕРЕК ЕДІ! ЕНДІ ЖОШЫ ХАННЫҢ ТАҚҚА ОТЫРҒАНЫНЫҢ 800 ЖЫЛДЫҒЫНДА ҰМЫТПАЙЫҚ!

Осы жазда елдің бәрі аты жаман індетпен алысып жатқанда, Путиннің өзі де жаман індетін жасырмай, Тәуелсіз мемлекеттер территориясына кезекті тасын лақтырып жіберген еді. Иә, Ресей президенті 2015 жылы да «Қазақстанда бұрын мемлекет болмаған» деп соғып жіберген болатын. Сол жылы «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев бастап, 5 адам Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде тойлауды ұсынып, Елбасыға хат жазған едік.

3
бет



ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВҚА ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

20
бет

РК: ВМЕСТО ЭКСПОРТА СЫРЬЯ – АККУМУЛЯТОРЫ, ТРАНСФОРМАТОРЫ И ...РОБОТЫ

Наша жизнь стремительно меняется на глазах, и кто не успеет на «поезд современности», тот может остаться на обочине истории. В последние десятилетия развитие технологий вышло на некую финишную прямую. И проигрывает тот, кто не сумеет вовремя перенять стремительные изменения в этой сфере, перестроить экономику, используя их, адаптироваться к ним.



19
бет



АЙМАҚ БАСШЫЛАРЫ ЕСЕП БЕРДІ

Қазақстан республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясында Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдерімен кеңес өткізді.

Жиында өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму және мемлекеттік бағдарламалардың орындалу мәселелері талқыланды.

Президент бұған дейін берілген тапсырмалардың атқарылуы жайындағы әкімдердің есебін тыңдады. Мемлекеттік бағдарламалар мен арнайы тапсырмалардың орындалуы әр аймақта әртүрлі деңгейде екенін айта кетуіміз керек. Қасым-Жомарт Тоқаев облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың басшыларына пандемия жағдайында

халықтың қажеттілігін қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтті. Жиын соңында Мемлекет басшысы әкімдерге аймақтарды дамытудың, халықтың тұрмысын жақсартудың өзекті мәселелерін шұғыл шешу, сондай-ақ, Жұмыспен қамту жол картасын тиісті деңгейде жүзеге асыру жөнінде және тағы да басқа салалар бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

ЖАППАЙ ВАКЦИНА ЕГУ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

Бүгінгі таңда ҒЗИ отандық QazCovid-in вакцинасын клиникалық сынаудың І және ІІ кезеңін жүргізді. Зерттеудің алдын ала нәтижелері вакцинаның жоғары қауіпсіздігін, иммуногенділігін және тиімділігін 96% деңгейінде көрсетті.



Денсаулық сақтау министрлігі үш мың еріктіге клиникалық зерттеулердің қорытынды ІІІ кезеңінің басталуын мақұлдады. Бүгінде алғашқы еріктілерге Алматы және Тараз қалаларының клиникаларында отандық вакцина егілді. 2020 жылғы желтоқсан айының соңына дейін үш мың еріктінің вакцинациялау аяқталады. ІІІ кезеңді өткізу үшін 10 мың доза көлемінде вакцинаның қажетті партиясы шығарылады.

«Отандық вакцинамен жаппай егу 2021 жылдың наурыз айында басталады. Бірінші кезекте ерікті

түрде медицина қызметкерлеріне, педагогтерге, сондай-ақ созылмалы аурулармен ауыратын топтағы адамдарға екпе жасалады», - деді ҚР БҒМ Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтында болған А. Мамин. Премьер-Министр вакцина шығаратын биофармацевтика зауытының құрылысымен де танысты. Құрылыс жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. Зауытты 2021 жылы наурыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Өндірістің қуаты жылына 60 млн. доза

шығарады. Премьер-Министр ҒЗИ ғылыми қызметкерлеріне арналған 180 пәтерлік үш үйдің құрылыс алаңына барды. 60 пәтерлік алғашқы тұрғын үй 2021 жылы қаңтар айында пайдалануға беріледі.

Алдын ала болжамға сәйкес, Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцина 65 жастан асқан, жүрек-қан тамыры ауруы, қант диабеті және созылмалы өкпе аурулары бар тәуекел тобына кіретін адамдарға және медицина қызметкерлеріне салынатын болады. Вакцина алатындардың болжамды саны 2 347 000 адам. Қазақстандық ғалымдар 7 вакцина дайындау технологиясын жасады. Коронавирусқа қарсы вакцина салынатын тәуекел тобындағы адамдар айқындалып, контингенті кеңейтіледі. Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцина бағасы қанша болуы мүмкін екені де айтылды.

ГОЛОВКИН ҚАРСЫЛАСЫН НАКАУТПЕН ЖЕҢДІ

IBF/IBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин (40-1-1, 35 KO) қарсыласы Камил Шереметаны (21-0, 5 KO) техникалық нокаутпен жеңіп, 21-мәрте чемпиондық белбеуін қорғап қалды.



Головкин-Шеремета жекпе-жегі тартысты өтті деп айтуға келмейді. 1 және 2-раундта-ақ Геннадийдің ауыр соққысынан Камил нокаут алып қалды. Ал үшінші раундта Головкин шабуыл қарқынын төмендетіп, қарсыласының жұдырықтасуына мүмкіндік берді. Төртінші және жетінші раундтарда Польша боксшысы ауыр алдыны алып, төреші есеп ашты. Ал 8-раунд басталар алдында Камил Шереметаның бапкерлері боксшысын шаршы алаңға шығарудан бас тартты. Осылайша, Геннадий Головкин кезекті жеңісіне қол жеткізіп, 21-мәрте чемпиондық белбеуін қорғап қалды. Еске салсақ, бұл жекпе-жекте IBF және IBO нұсқалары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионының титулы сарапқа салынды. Сонымен қатар, қазақстандық боксшы Геннадий Головкин Камил Шереметамен жекпе-жек алдындағы баспасөз конференциясында бірқатар сұраққа жауап беріп өзінің спорттағы арманы туралы айтты.

АЛАЯҚТАРДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР

Бүгінде аңқау елді қаңқақтып тақырға отырғызатын алаяқтар көбейіп кетті. Қаржы пирамидаларының белгілері қандай, одан қалай сақтану керек? Бұл жайында елордалық полиция департаментінің баспасөз қызметі мәлім етті.

Осы жылдың сәуірінде полицияға 45 және 65 жастағы екі әйелге қатысты ұжымдық шағым түсті. Күдіктілер салымшылардың ақшасын еселеп беру желеуімен мессенджерде топ құрып, оған қатысушыларды тартқан. Бірақ, тергеу барысында аталған әйелдердің қаржы жүйесіне ешқандай қатысы жоқ екендігі анықталды. Ел азаматтарына келтірілген шығын 157 млн. теңгеден асып жығылады. Қазіргі уақытта айыпталған 2 әйел де сотталды.

«Алаяқтық жобалардың» негізгі белгілері мыналар: - бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі жоғары кіріске уәде беретін жарнама; бизнесті ұйымдастыру желілік маркетинг принципімен жүргізіледі, яғни қатысушылардың табысы қатарға қосылған жаңа адамдардың салымы есебінен қалыптасады; жұмыстарын шетелдегі жылжымайтын мүлік, алтын өндіру, биржалық мәміле, «Forex» нарығы сынды салаларды жүргізетіндігін мәлімдейді; ақша тарту қызметін жүзеге асыруға лицензиялары болмайды; ақша аудару интернет көмегімен жүргізіледі виртуалды ақша түріндегі жинақ және жүкбилетті көрінеді. Алаяқтарға алданбау үшін осы ескертулерді есте ұстау қажет.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ШЕТЕЛДЕ ШОТ АШУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Бектенов мемлекеттік қызметшілердің, Парламент депутаттары мен судьяларға шетелдік банктерде шот ашуға тыйым салуға қатысты заңдағы жаңа түзетулердің мән-жайын түсіндірді.



«Мемлекеттік қызмет – бірқатар шектеулерді қабылдауды көздейтін қызметтің ерекше түрі. Осы түзетулерді әзірлеу кезінде ел мен халықтың мүддесі үшін қызмет ету идеологиясы басшылыққа алынды. Енді мемлекеттік қызметшілерді қызметке тағайындау кезінде шетелдегі шоттарын жабу үшін алты айлық мерзім беріледі. Жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметшілерге қатысты сөз қозғасақ, оларға заң қолданысқа енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасынан тыс аумақта орналасқан шетелдік банктік шоттарды жабуға алты ай беріледі», - деді Олжас Бек-

тенов ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің шетелдік банктерде шоттарының болуына құқығы бар жағдайлар айқындалған. «Олардың қатарында: шетелде жұмыс істеу, оқу, тағылымдамадан өту, іссапар немесе емделуден өту, кәметке толмаған баланың заңды өкілі ретінде шетелде болу жағдайлары бар. Егер мемлекеттік қызметші шетелдік банктегі шотты жапқысы келмесе, мемлекеттік қызметке кетуге ниет білдірсе, онда ол өз еркімен жұмыстан шығу туралы өтініш бере алады», - деді ол.

БОСНИЯ ЖӘНЕ ГЕРЦЕГОВИНАДА АБАЙДЫҢ БЮСТІ ОРНАТЫЛДЫ

Белгілі босниялық мүсінші, Босния мен Герцеговина Жоғары қолданбалы өнер мектебінің профессоры Стиепо Гаврич жасаған қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абайдың бюсті «Сараево ескі қаласы» тарихи ауданында орнатылды.



Ескерткіш Меляцка өзенінің жағасында, сәулет өнерінің шедеврлерінің ортасында – 1891 жылғы мәрйя, XVI ғасырдағы Хаджия мешіті, Ұлттық кітапхана және Босния астанасының басқа да көрікті жерлерінің қасында орналасқан. Сараеводағы мәдени акция аясында, Абайдың таңдамалы шығармалар жинағының, сондай-ақ Жақыпбек Алтаевтың «Әл-Фараби – Шығыстан шыққан ұлы ойшыл» кітабының тұсаукесері алғаш рет ҚР Құрметті консулдың мән «Бүрметті» іскерлік ынтымақтастық Қауым-

дастығының көмегімен босния тіліне аударылып басылды.

«Сараево ескі қаласы» муниципалитетінің мәрі Ибрагим Хаджибайричпен кездесу барысында Қазақстан Елшісі Төлеган Барлықбаев қала билігіне оның туғанына 175 жыл толуына орай Абай бюстінің орнатылуына ықпал еткені үшін зор ризашылығын білдіріп, қазақ ақыны мен ойшылының әлемдік рухани және мәдени мұраға қосқан зор үлесін атап өтті. Сараево ескі қаласында 2021 жылы Қазақ мәдени орталығын ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

БАС ОРКЕСТРІМІЗГЕ «ҰЛТТЫҚ» МӘРТЕБЕ БЕРІЛДІ

Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі «Ұлттық» мәртебесіне ие болды. Бұл жөнінде оркестрдің тарапты.

«Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы ҚР Заңының 21-бабының 1-тармағы бойынша ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспап-

тар оркестрі» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Ұлттық» мәртебесіне ие болды. Бұл қуанышты жаңалықты Мәдениет және спорт министрі Ақтолы Рахметоллақысты жеткізді. Барлық өріпкестерімізді және Ұлттық мәртебеге ие болған өнер ошақтарын қуанышты жаңалықпен құттықтаймыз. Төл өнерімізді дамытудағы еңбегіміз жана берсін» делінген консерваторияның Instagram парақшасында. Еске сала кетейік, мұның алдында Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры «Ұлттық» мәртебесіне ие болған-ды.

Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының Білім және ғылым жөніндегі комитетінің төрағасы Вячеслав Никоновтың Ресейдің Бірінші арнасындағы «Қазақстанның территориясы – Ресей тарапынан үлкен сыйлық» деген сөзіне қатысты әлеуметтік желі дүрілдеп тұр. Бұрын белгілі сайрағыш саясаткерлер Жириновский, Лимоновтардың және тағы басқаларының біздің мемлекетімізге қарсы сөздер айтып қоятынына жеңіл қарап үйреніп қалған едік... Енді міне Думаның төрінен комитет төрағасы Вячеслав Никоновтың «жаңа» жалалы сөзі естілді... Оның Ресей Президенті Путин басқаратын «Единая Россия» партиясы мүшесі екені де ойландырмай қоймайды.



АЛТЫН ОРДАНЫҢ ТОЙЫНА ПУТИНДІ ШАҚЫРУ КЕРЕК ЕДІ! ЕНДІ ЖОШЫ ХАННЫҢ ТАҚҚА ОТЫРҒАНЫНЫҢ 800 ЖЫЛДЫҒЫНДА ҰМЫТПАЙЫҚ!



Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық Кеңес мүшесі

Осы жазда елдің бәрі аты жаман індетпен алысып жатқанда, Путиннің өзі де жаман індетін жасырмай, Тәуелсіз мемлекеттер территориясына кезекті тасын лақтырып жіберген еді. Иә, Ресей президенті 2015 жылы да «Қазақстанда бұрын мемлекет болмаған» деп соғып жіберген болатын. Сол жылы «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев бастап, 5 адам Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде тойлауды ұсынып, Елбасыға хат жазған едік. Көп ұзамай тарихи маңызы зор мемлекеттік мерейтой мерейімізді асырды. Ал Қазақ Елінің тарихы Қазақ хандығының бастауы – Алтын ордан ары асып, Көк түріктер қағанатына, сактар мен ғұндарға дейін барып, 3 мың жылдан асатыны анық.

Кешегі Никоновтың сөзіне байланысты «Ресей депутатына не дейсіздер?» деп, біздің атымызды да тіркеп, ұлт мүддесіне аландап жатқан ағайындарға айтарымыз, бұл Ресей саясаткерлері тарапынан жасалып жатқан алғашқы арандатушылық әрекет емес. Кезінде көрші елдің көсемсіген депутаты түгілі, көсеміне де жауап берген едік. Бұл да, Никоновтың бықсытып отырғаны сол баяғы ойдан шығарылған «жер мәселесі...».

Былғы жаздағы Ресей Президентінің «Россия 1 ұлттық арнасында»:

«Возникает вопрос: если та или иная республика вошла в состав

СССР, но получила в свой багаж огромное количество российских земель – традиционных российских исторических территорий, а потом решила выйти из состава? Но тогда бы выходила хотя бы, с чем пришла, и не тащила с собой подарки от русского народа»-деген еді.

Сол кезде, 2020 жылдың 24 маусымында «Қазақ үні» газеті/сайтында: «ТАҒЫ ШАЙҚАЛА БАСТАҒАННЫҢ МИЫ ШАЙҚАЛА БАСТАЙДЫ... Путин өз сөзінің кейіпкеріне айнала бастады...» атты мақаламызда қарымта жауап берген болатынбыз.

«Әрине, Кремль кожайынының бұл сөзі ешқандай ұғымға сыймайды. Себебі ешқандай республика Ресейден «сыйлық» алып кеткен жоқ, өз территориясы бойынша кіріп шықты Кеңес Одағына. Ал Қазақстан Одақтан ең соңғы болып, тіпті, Ресейден де кейін 1991 жылы 16 желтоқсанда шықты.

Ал бас жағына барыса берсек, Омбы, Астрахань секілді көптеген қалаларды айтпағанда Қазақстанның Кеңес Одағына кіргендегі алғашқы астанасы Орынбордың өзі Ресейде қалып қойды. Егер бәріміз де тарихи жерлерімізді түгендеуге кірісетін болсақ, өзіміз үндемей-ақ, бейтарап тұлға Белоруссияның басшысы, батыр батық Александр Лукашенконы сөйлетеміз: «Бату ханның кезіне оралсақ, бүкіл Ресей мен Шығыс Еуропаны Қазақстан мен Моңғолияға беру керек».



Бұл қазақтың жыртысын жыртып, тура айтылған сөз Путиннің: «Қазақстанда бұрын ешқандай мемлекет болмаған» деген сандырағына да лайықты жауап»-деп жазған едік. Бұл мақаламыз орыс тілінде де «Из-за потрясений трона случаются сотрясения мозга...» деген тақырыппен жарық көрген болатын.

Достық қарым-қатынас туралы шартымыз бар стратегиялық серіктес ел болып табылатын көрші елдің шовинистік пиғылдағы саясаткерлері мен Ресей президентінің бұрынғы Кеңес одағын аңсап жүргені бір бұл емес. Бұрынғы Кеңес одағын қалпына келтіру керектігін әр сөзінде ай-

тып қалып жүруі олардың теріс пиғылын анық аңғартады.

Путин кейінгі кезде ЕурАзия экономикалық одағын бұрынғы саяси одаққа – Кеңес одағының көшірмесіне айналдырғысы келіп жүргенін де ашық білдіре бастаған. Тек биыл 2020 жылдың мамыр айында өткен Еуразиялық одақтың Жоғарғы кеңесі мәжілісінде Қасарғы кеңесі түскен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қасқайып қарсы шығуының арқасында алдын ала кесіп-пішіп қойған жаңа келісімге қол қойылмай қалды.

Ресей көсемінің көсеуіне дем берген Думаның ойсыз депутаты Никоновтардың да жалалы сөзге жабысып жүргені де осы Кеңес одағын аңсаудан туған әрекет деуге болады.

Шамасы, Ресей президенті Владимир Путин өзінің бір кезде айтқан белгілі сөзін ұмытып қалған сияқты. Ол Кеңес одағын қайта құрғанын келтіруге ұмтылу туралы сұраққа:

«Кеңес одағын қайта орнатқысы келгендердің жүрегі бар, бірақ миы жоқ» деген еді...

Шын тарихқа үнілсек, Москвадан бастап барлық орыс княздықтары салық төлеп тұрған Алтын Орданың Россияның құрылуына негіз болғанын озық ойлы орыс ғалымдары мойындап, мақалалар мен арнайы кітаптар жазуда қазір. Ал Алтын Орданың

атасы Жошы ханның кесенесі Қазақстанда, Ұлытауда екенін биыл Алтын Орданың 750 жылдығын атап өтіп жатқан еліміздің көрші мемлекеттердің есіне тағы бір салып қойып жатқаны дұрыс болған екен. Тек Мемлекетіміздің басты мерекесіне айналуы тиіс осы Алтын Орда мерейтойын пандемияның қол байлауынан ба, жоқ, әдеттегідей көрші елдің көңіліне жалтақтадық па, өз деңгейінде атап өте алған жоқпыз! Оны мемлекеттік мерей тойды әлемге әйгілеп, Путиннен бастап, барлық мемлекет басшыларын шақыру керек еді.

Ендеше, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің 2019 жылғы алғашқы отырысында жасаған баяндамамызда ұсынғанымыздай, 2023 жылы Алтын Орданың негізін салған Жошы ханның таққа отырғанының 800 жылдығын атап өтіп, бұл жолы кеткен есені қайтаруға тиіспіз! Бұл мемлекеттің мерейін асырар тойға қонақ етіп, алғашқылардың ішінде Ресей президенті Путинді шақыруды ұмытпау керек!

Никоновтың арандатушы сөзіне қарсы әдеттегідей еліміздегі партиялардың ішінде алғашқы және әзірге жалғыз партия «Ақ жол» саяси мәлімдеме жасады. Сонымен бірге «Справедливая Россия» партиясы төрағасы С.М. Мироновқа партияның атына сай шындықты қолдап, Ресей Думасында Қазақстанның «Ақ жол» партиясы мәлімдемесін жариялауды сұрап партия төрағасы Азат Перуашев хат жолдады. Егер партия «Справедливая Россия» деген атына шын лайық болса, Ресей Думасында «Ақ жол» партиясының ақиқатты айтқан мәлімдемесін жариялауы тиіс!

Кеше бұл Ресей Думасы депутатының елімізге жала жапқан сөзіне қарсы «Қазақ үні» сайтында бас редактор Азамат Тасқараұлының «Тәуелсіздіктің құнын құлғана білмейді» атты мақаласы жарияланған болатын.

Сонымен бірге бүгін сайтымызда белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабалдиновтың «РУКИ ПРОЧЬ ОТ КАЗАХСТАНА! СЕВЕРНОМУ КАЗАХСТАНУ ВСЕГДА БЫЛ, ЕСТЬ И БУДЕТ ИСКОННО КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕЙ!» атты мақаласы жарияланды. Мұнда білікті, ұлтшыл ғалым Солтүстік Қазақстанның бағзыдан бері қазақ жері екенін соқырға таяқ ұстатып, керемет еститіндей нақты тарихи құжаттармен керемет дәлелдеп беріп, Ресей депутатын кез келген ел эфирінде ашық пікірталасқа шақырды! Біздің тарихшы ғалымымыз білген деректердің біреуін де білмей-ақ, Ресейдің ғылым докторы атанып, Ресей Думасының ғылым және білім комитетін қалай басқарып отырғанына таңғаласын...

ҚР Сыртқы істер министрлігі Ресей Думасы депутаты В.Никоновқа қарсы нота жолдады.

Ал Ресейдегі Қазақстан Елшілігі қақпасына «Северный Казахстан- русская земля» деген плакат іліп кеткені бұл шетін мәселені көшелі органдардан мәселеге де шыға бастауы деп білу керек. Бұл арандатушылық әрекетке де көрші елдің жауапты орындары жауап беруі тиіс.

Ұлттық рух Ұлттық мүддемізді қорғаудан басталады!

Көк түріктерге көптеген Тәуелсіз Қазақ Елінің Көк Туы көкте мәңгі желбірей берсін!

13 желтоқсан,
2020 жыл



«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ

РЕСЕЙ ДЕПУТАТЫНЫҢ АРАНДАТУ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Ресей Федерациясы Федералдық жиналысы Мемлекеттік думасының депутаты, Білім, мәдениет және ғылым комитетінің төрағасы В.А. Никонов: «Қазақстан деген ел болмаған, ал Солтүстік Қазақстан мүлде қоныстанбаған жер болған. Қазақтар оңтүстік өңірді ғана мекендеген. Және, шын мәнінде, Қазақстан аумағы Ресей мен Кеңес Одағы тарапынан берілген «үлкен сыйлық» деп Бірінші арнадағы «Үлкен ойын» бағдарламасы эфирінде айтып, «айды аспаннан шығарғаны» аян. Қазақстан «Ақ жол» демократиялық партиясы бұл мәлімдемені арандатушылық деп санап, елдер арасындағы тату көршілік қарым-қатынас рухына сызат түсіреді деп бағалады. Сөйтіп, арнайы мәлімдеме жасады.

Партия Бағдарламасының «Тәуелсіздік және «Алаш» ұлттық идеясы» тарауында: «Еліміздің Тәуелсіздігі мен ұлттық мүдделер – мемлекеттің негізгі басымдықтары. XX ғасырдағы «Алаш» ұлттық автономиясының көшбасшысы Әлихан Бөкейхан: «Мемлекеті жоқ халық – жетім» деді. Ал, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздік үшін құрбандыққа аянатын ештеңе жоқ» деп атап өтті. Қазақ Республикасының Тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оның ұлттық мүдделерін қорғау – өзін республика азаматы санайтын кез-келген адамның парызы. Тәуелсіздік – ол біздің еліміз, жеріміз, тіліміз бен діліміз. Тәуелсіздік – біздің өз жолымызды өзіміз тандау мүмкіндігіміз, келешек ұрпақтың болашағы үшін біздің жауапкершілігіміз. Тәуелсіздік пен еліміздің тұтастығы, әрбір адамның өмірі, құқығы және бостандығымен қатар тұратын басты құндылық. Тәуелсіздік бастауында – қазақ халқының еркіндігі мен елділігінің негізінде «Алаш» ұлттық идеясы жатыр. Қазақ елі үшін Алаштан артық идея жоқ» делінген.

Ресей парламентінің жоғары лауазымды адамының аузынан шыққан бұл арандату Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында қорлаушы факт ретінде қабылданып, біздің еліміздің миллиондаған азаматтарының қатты наразылығын тудырды.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық хабарлама жібергені баршамызға белгілі. Онда кейбір ресейлік саясаткерлердің Қазақстанға қатысты жиі арандатушылық әрекеттері мемлекеттер арасындағы одақтастық қатынастарға елеулі залал келтіретіні атап өтілді. ҚР СІМ Ресей тарапынан берілген мәлімдемелерді ескере отырып, РФ ресми тұлғалары тарапынан мұндай мәлімдемелерге жол бермеу шараларын қабылдауды талап етті.

Осы ұстанымға толықтай қосыла отырып, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы мен оның Республика Парламентіндегі депутаттық фракциясы мұндай арандатуларға жол берілмеу керектігін, олардың тарихи тұрғыдан бұрмалағанын, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларын толық елемегенін де атап өтті.

Қазақтар мындаған жылдар бойы өздері тұрып жатқан аумақтың автохтонды (байырғы) халқы болып табылады. Ал осы

заманғы тәуелсіз Қазақстанның алдындағы мемлекеттер ежелгі Парсы мемлекетінің замандасы Тұраннан, Түркі қағанаттарынан Алтын Ордаға дейін созылады. Соның негізінде 1465 жылы пайда болып, 1847 жылы оның ақырғы ханы Кенесарының өлімімен соң жойылған Қазақ хандығы – ежелгі прототүрік және түркі мемлекеттік құрылымдарына бастау алғанын еске салуға тиіспіз.

1897-1901 жылдары Солтүстік Қазақстанда Ф.Щербина экспедициясы, ал 1902-1903 жылдары С.Швецов экспедициясы жұмыс істеді, олар Дала өлкесінің 13 уезінің тұрғындарын және Сібір темір жолдары өтетін аудандарда, оның ішінде Петропавл бекеті мен Ақмола облысының Петропавл уезін қоныстандырудың шаруашылық құрылымы мен сипатын егжей-тегжейлі зерделеді. Аталған зерттеулер аталған жердегі «қырғыз» (қазақ) халқының басым екендігін көрсетті.

Бұл экспедициялардың жұмысына Алаш Орданың болашақ көшбасшысы («Алаш» Қазақ автономиясының үкіметі, 1917-1920 ж.ж.) Әлихан Бөкейхан қатысты. 1920 жылдың тамызында Мәскеуде өткен Халық Комиссарлары Кеңесінің отырысында ұлттық талқылау барысында аталған экспедициялардың статистикалық деректеріне сүйене отырып, көрнекті «Алаш» арысы, қазақ ғалымы, инженер және математик Әлімхан Ермеков баяндаған сады.

Ұсынылған ғылыми мәліметтердің негізінде сол кезде Қырғыз Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылды

(1925 жылдан бастап оған халқымыздың бастапқы аты – Қазақ Автономиясы атауы берілді).

Кейіннен Қазақстан аумағы 1936 жылы Қазақ КСР-і құрылған кезде, сондай-ақ 1991 жылғы 21 желтоқсандағы ТМД-ның мақсаттары мен қағидаттары туралы Алматы декларациясымен расталды.

1929-1932 жылдары большевиктер ұйымдастырған ұжымдастыру саясатының нәтижесінде Қазақстанның бүкіл аумағында ұлттық катастрофа мен халқымыздың үштен екі бөлігінің жойылуына әкеп соққан Ұлы ашаршылықтың

Егер В.Жириновскийдің және басқа да Мемдуманың депутаттарының, Хакасия спикерінің мәлімдемелерін еске түсірсек, мұндай жағдай бірінші рет орын алып отырған жоқ. Мұндай империялық ойлау қауіпті үрдіске айналуға.

Ең жаманы, мұндай мәлімдемелер көбінесе Қазақстанның халқына бағытталған және ол біздің қоғам ішінде сенімсіздік орнатуды мақсат етеді. Осыған байланысты, Қазақстан «Ақ жол» демократиялық партиясы Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік органдарын ноталарды ресми түрде тапсырумен қатар, арандатушылықтардың жолын кесу, бейбітшілік пен тату көршілік қарым-қатынастарды сақтау жөнінде барынша пәрменді, практикалық шаралар қабылдауға шақырады.

орын алғанын ескеру қажет. Кейбір мәліметтер бойынша, 4 млн-ға жуық қазақ қаза тапқан. Сол кездегі республика басшыларының хат-хабарларында хабарланғандай, қазақ даласының кейбір аудандарында бір де бір тірі жан қалмаған.

Бұл байтақ жердің байырғы халқының үлесінің төмендеуіне әкелді. Бүгінде осы жағдайды кейбір көршілеріміз «қоныстанбаған жер» деп айтады. Шындығында бұл жерлерде қазақтың сүйегі шашылып жатыр. Миллиондаған жазықсыз адамдардың, қазақ, украин, орыс халықтарын аямаған, соның ішінде әйелдер мен

балалардың азапты өлімі үшін жауапкершілік тоталитарлық режимге негізделген.

«Осы құрбандарды елемей, тіпті оны тарихты бұрмалау мен қисынсыз талап қоюға сылтау ету – маскара және ұятсыздық, – деп атап көрсетілді Қазақстан «Ақ жол» демократиялық партиясы бұл мәлімдемесінде. – Біз Ұлы Отан соғысының зардаптарын, соғыстан кейінгі қиындықты, 90-шы жылдардағы дағдарысты, экономиканы қалпына келтіру кезеңін басқа ұлттармен бірге жеңіп шықтық. Біз азаматтарымыздың достығы мен сенімін бағалаймыз, әрқайсымыздың тіліміз бен ұлттық мәдениетімізді құрметтейміз. Біз Құдай мен тарих бұйыртқан көршілермен ынтымақтастықта өмір сүруге тырысамыз».

Сондай-ақ аталған мәлімдемеде төмендегідей жолдар бар:

Ресей Федерациясымен қарым-қатынас бірқатар мем-

лекетаралық актілермен бекітілген:

- 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт (ҰҚШ);
- 1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан мен Ресейдің достығы, ынтымақтастығы және өзара келісім туралы шарт;
- 1994 жылғы 21 қазандағы Сыртқы шекараларды күзетудегі ынтымақтастық туралы шарт;
- 1995 жылғы 20 қаңтардағы Ресей мен Қазақстан ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы декларация;
- 1998 жылғы 6 шілдедегі XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларация;

- 2010 жылғы 7 қыркүйектегі Еңіралық және шекара маңы ынтымақтастығы туралы келісім;

- 2013 жылғы 11 қарашадағы XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарт;

- 2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт;

- 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) туралы шарт.

Сонымен қатар, 2005 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекараны (18 қаңтар 2005 жылғы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы Келісімге сәйкес) делимитациялау аяқталды.

Бұл құжаттардың барлығына мемлекет басшылары қол қойды және оларды екі елдің парламенттері ратификациялады. Сондықтан Мемлекеттік Думаның депутаты қалыптасқан шекараға күмән келтіріп, іс жүзінде өз мемлекетінің ресми ұстанымына қарсы келіп отыр.

Егер В.Жириновскийдің және басқа да Мемдуманың депутаттарының, Хакасия спикерінің мәлімдемелерін еске түсірсек, мұндай жағдай бірінші рет орын алып отырған жоқ. Мұндай империялық ойлау қауіпті үрдіске айналуға.

Ең жаманы, мұндай мәлімдемелер көбінесе Қазақстанның халқына бағытталған және ол біздің қоғам ішінде сенімсіздік орнатуды мақсат етеді.

Осыған байланысты, Қазақстан «Ақ жол» демократиялық партиясы Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік органдарын ноталарды ресми түрде тапсырумен қатар, арандатушылықтардың жолын кесу, бейбітшілік пен тату көршілік қарым-қатынастарды сақтау жөнінде барынша пәрменді практикалық шаралар қабылдауға шақырады.

Ағымдағы жылдың 20 қарашасында қабылданған «Ақ жол» демократиялық партиясының бағдарламасында: «Қазақстан шетелдік саясаткерлер мен БАҚ-тың арандатушылық мәлімдемелерінің объектісіне айналуға. Бірақ тәуелсіздіктің ең жақсы кепілі танктер мен автоматтар емес, өз мемлекетіне адал азаматтар» делінген.

Біз Ресей Федерациясының басшылығының осындай арандатушылыққа назар аударып, тиісті реакция білдіреді деп үміттенеміз.

Отандастарымызды сабыр етуге, Республікамыздың шіркілген Республікамыздың жер тұтастығын қамтамасыз етуге шақырамыз, делінген арнайы мәлімдемеде.

14 желтоқсан,
2020 жыл

Материалдың жариялану ақысы Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясының сайлау қорының қаражатынан төленді



АЛАШ АРЫСТАРЫНА ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Қазақ еліне Алаштан артық идея жоқ екенін үнемі тілге тиек ете отырып, осы бағытта тындырымды тірліктер атқарып келе жатқан «Ақ жол» партиясы өзінің сайлауалды бағдарламасында да Алашқа айқын басымдық береді. Партия мүшелерінің Алаш арыстарына ашылған ескерткіштің басы-қасынан табылуы да осы бағыттағы атқарылып жатқан ауқымды істердің бір парасы.

Осыдан 103 жыл бұрын, 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Алашорда үкіметі құрылған еді. Бүгін Алматы облысы Талғар ауданы Тұздыбастау ауылында Алаш арыстарына арналған ескерткіш ашылды.

Иә, кешеге дейін бұл жерде Калининнің ескерткіші тұрған болатын. «Желтоқсан ақиқаты» қозғалысы төрағасы Бейсенғазы Сәдуаұлының бастамасымен, «Ақ жол» демократиялық партиясының қолдауымен енді бұл жерде «Алашорда. Тәуелсіздік күрескерлері Алаш арыстарына тағзым мемориал ескерткіші асқатпа тұратын болады.

Ескерткіштің ашылуында «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев, қоғам қайраткері, жазушы Бейбіт Қойшыбаев, ескерткіш ашылуының бастамашысы Бейсенғазы Сәдуаұлы және т.б. сөйледі.

Жиынға «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары, ақын Қазыбек Иса, партияның Алматы қаласы мен Алматы облысы филиалдары басшылары Қуандық Бискултанов пен Мейраш Шынәсілова және партия белсенділері мен қоғамдық ұйымдар өкілдері, жергілікті тұрғындар қатысты.

Талғарлық тіл жанашыры Қамнұр Тәлімұлы Алаш арыстарының рухына құран бағыштады.

Қазақ Елі Тәуелсіздігі жолында құрбан болған Алаш арыстарына мәңгілік тағзым!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу – «Ақ жол» демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарының бірі. Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына: экономика, әлеуметтік сала, саясатқа әсерін тигізеді, ал осы құбылыстан туындайтын оның теріс салдары қоғамның ілгері әрі қарқынды дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, ұлттың мүдделеріне нақты қауіп төндіреді.

ЖЕМҚОРЛАР ЖАЗАСЫН ТОЛЫҚ ӨТЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлық мәселесі саяси құрылым, экономикалық дамуының деңгейіне қарамастан барлық елдерге тән болғандықтан әлемдік деңгейдегі мәселеге айналды, ол нарықтық экономикалық демократиялық елдерде де орын алады.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі кезде біздің республикада барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар заңға сәйкес өздерінің құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуге міндетті. Дегенмен онымен күрес әлі де нақты нәтиже беруді еліміз қиын. Онымен күресті пәрменді ету үшін қазіргі заңдарды қатайту қажет. Жаза қатаңдатылса қылмыс та азаяды. Осы мақсатта «Ақ жол» партиясы сыбайлас жемқорлық бойынша сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салу туралы ұсыныс жолдаған болатын. Партияның осы ұсынысы ескеріліп ол заң бойынша бекітілді.

Қазақстанда «Ақ жолдың» 2019 жылдың мамырынан бері талап етіп келе жатқан сыбайлас жемқорлық бойынша сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салынды.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлық үшін сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салынды. Бұл туралы БАҚ-да ресми түрде хабарланды. Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бірқатар заңдарға қол қойды.

Қылмыстық кодексте ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған адамдарды мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі алынып тасталды. Сонымен қатар, «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң мемлекеттік қызметкерлер үшін шетелдік банктерден шоттарды иеленуге шектеумен толықтырылады.

Айта кетейік, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және экономикалық деофшоризациялау мәселелері – «Ақ жол» демократиялық партиясы қызметінің басты бағыттарының бірі. «Ақ жол» осы мәселе бойынша Үкімет пен Бас прокуратураның құзырына ондаған рет депутаттық сауалдар жіберген болатын.

2019 жылдың 22 мамырында Азат Перуашев келесідей сауал жолдады:

- Сыбайлас жемқорлық үшін сотталған адамдарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою;

- Жемқорларға, тіпті жаза-сын өтегеннен кейін де, ұрланған қаражатты толық өтегенге дейін елден кетуге тыйым салу;

- Жоғары қызметтегі мемлекеттік қызметшілердің (үкімет мүшелерін қоса алғанда), ұлттық компаниялар басшыларының шетелдік шоттары үшін бастау.

Сауалда маңызды міндет тек қайтару ғана емес, сонымен қатар заңсыз капиталды шетелге шығарудың жолын кесу болып табылатыны атап өтілді.

«Тіпті сотталған болса да, олар бір жарым жылдан кейін мерзімінен шартты түрде босатылып шығып, өз капиталдарын үлкейту әрекеттерін жалғастыруды көздейді. Бұл уәжді Батыс мемлекеттері бірінші болып анықтады. Осыған байланысты, мысалы, АҚШ-тың бірқатар штаттарында сыбайлас жемқорлық үшін 10-15 жылға сотталған адамдарды мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынады», – делінген сұрауда.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы «гуманизациялау» деген атпен жемқорлардың әрекеттеріне көз жұмуды тоқтатуды талап етті.

«Адамгершілік халықты тонап жүргендерге көрсетілмеуі керек», – деп атап өтілді сауалда.

«Ақ жол» демократиялық партиясы қабылданған өзгерістерді құптайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жалғастыратынын мәлімдеді.

«БІЗ ОТАНЫМЫЗДЫ БІРГЕ КӨРКЕЙТУІМІЗ КЕРЕК!»

АЗАТ ПЕРУАШЕВ «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРДАСТАРЫНА ҮНДЕУ ТАСТАДЫ



«Ақ жол» партиясының үгіт-насихат тобы жас сайлаушылармен және «Ақ жол» партиясының құрдастарымен кездесу өткізді. Іс-шара жаңа технологияларды әзірлеумен, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей бойынша өтті. Компанияда 18-35 жас аралығындағы 1200 адам жұмыс істейді. Кәсіпорынды «100 жаңа есім» байқауының жеңімпазы, Мәжіліс депутаттығына кандидат, «ақжолдық» Азат Сембинов басқарады.

Өз сөзінде Азат Перуашев «Ақ жол» партиясының құрдастарын өмірлеріндегі алғашқы сайлаумен, бірінші дауыс берулерімен құттықтады.

– «Ақ жол» партиясына 18 жыл толды, өткен уақыт ішінде үш рет Парламентке өтті. Көпшілігіңіз бірінші рет дауыс бермеңіздер. Бұл сіздердің саяси өсулеріңіз және осы сәтте дұрыс таңдау жасау өте маңызды, – деді ол өзінің құттықтауында.

«Ақ жол» көшбасшысы партияның сайлауалды бағдарламасы туралы айтып, бизнесті қолдау және әлеуметтік әділеттілік туралы бөлімдерге ерекше тоқталды.

– «Ақ жол» партиясы Қазақстанды мүмкіндіктер мемлекетіне айналдыруға ұмтылуда. Қазақстанда өмір сүру және жұмыс істеу, отандымызда жүріп даму перспективалары жастар үшін кез келген басқа елдерге қарағанда әлдеқайда тартымды бо-

луы тиіс. Сіздердің араларыңызда – болашақ министрлер, компания басшылары, бизнесмендер бар. Сіз өз ойыңызды кедергісіз жүзеге асыра алатын, кеткіңіз келмейтін елде өмір сүруіңіз керек. Біз дарынды жастардың елден кетуіне қарсымыз. Жыл сайын Қазақстаннан мыңдаған дарынды жас жігіттер мен қыздар кетіп, қайтып оралмайды – бұл біздің ұлттық қасіретіміз, – деп атап өтті Перуашев.

Ол өз сөзінде партияның жастарды қолдау жөніндегі бастамаларына ерекше назар аударды. Атап айтқанда: «Ақ жолдың» отбасылардың ипотекаларын субсидиялау туралы, ауылдағы қолжетімді спорт кешендерінің қажеттілігі туралы, балалар мен жастарға арналған тегін спорт секциялары, жұмысшы жастарға арналған қолжетімді тұрғын үй салу туралы ұсыныстар.

– Бүгінде үкіметтік бағдарламалар көпбалалы отбасыларға

бағытталған. Бірақ ешқандай отбасы бірден үлкейіп кетпейді. Жастарды әрбір кезекті баланың дүниеге келуіне кезекті кезеңнен ынталандыру керек. «Ақ жол» партиясы 2012 жылдан бастап мынадай ұсыныс жасап келеді: Бірінші бала туған кезде және одан әрі әрбір келесі бала туғанда 25%-ға субсидиялап, 4-ші бала туған кезде отбасының ипотекасын 0%-ға дейін төмендеті отырып, көп балалы отбасы санатына ауыстырылады.

Қалаларға көшетін ауыл жастарын қолдау үшін әкімдіктер шағын өндірістерге, білім беру мекемелеріне және әлеуметтік инфрақұрылымға арналған үй-жайлары бар ықшам әлеуметтік тұрғын үйлерді жаппай салуы тиіс. Мұндай тұрғын үй салуы және мұндай болуы керек, сондықтан жастар қалада бейімделіп, білім алып, жұмыс істей бастайды – аяққа тұрып, өздеріне ыңғайлы жағдай жасайды.

Қазақстанның болашағы – Сіздер, біз бірге Отанымызды көркейтуіміз керек! – деп Перуашев жас сайлаушыларды дұрыс таңдау жасауға шақырды.

«Ақ жол» партиясының сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары жалғасуда.



Материалдардың жариялану ақысы Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясының сайлау қорының қаражатынан төленеді.

«АҚ ЖОЛ»:

АШАРШЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ЖАСАЛҒАН ГЕНОЦИД

Қазақ ұлты өз тарихында небір нәубет кезеңдерді басынан кешіргені белгілі. Арғы ғасырларға бармай-ақ, соңғы кеңестік дәуірдің өзінде көптеген қиындықтардан көз аспады. Қызыл саясат өз үстемдігі мен озбырлығын тарихты бұрмалап жасырып келгенмен еліміз тәуелсіздік алған соң оның беті ашыла бастады. Әр жылдарда қолдан жасалған аштық қазақ ұлтына орасан қасырет әкелді.

Кенестік биліктің алғашқы 1920-1930-жылдарында қазақтар 4 млн-ға жуық адамынан айырылды, 1921-1922-жылдардағы аштық кезінде 1 млн 700 мың адам, 1932-1933-жылдары 2 млн 300 мыңға жуық адам көз жұмғанын айғақтайтын деректер бар. Қазақстанды басқарған Ф.И.Голощекин (1925-1933) елді индустриаландыру және ұжымдастыру саясатын қарқынды жүргізіп, нәтижесінде қазақтардың ғасырлар бойығы дәстүрлі мал шаруашылығы күйзелді, 40 миллиондай мал басы 4 млнға қысқарып ұлтымыздың тұрмыстық жағдайын күрт төмендетіп жіберді. Сол кездегі ауа-райының қолайсыздығы мен қолдан жасалған аштықтан босқан халықтың 24 пайызы, яғни әрбір төртінші адам қазаға ұшырады. Оның үстіне жұкпалы аурулардың таралуы да етек алды.

Қазан төңкерісі нәтижесінде билікке большевиктер келді. Елдің шеткергі аймақтарында «шаш ал десе, бас алатын» шалақ белсенділер көбейді, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұрандар көтерілді. Осылайша, кенестік биліктің отарлау саясаты, өзге ұлттарды «жасанды» қайғы-қасіретке душар етті. Ақырында, аш-жалаңаш қазақтар көршілес Қытай, одан әрі Монғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия сияқты елдерге үдере көшуге мәжбүр болды.

Бірінші бесжылдықтың (1928-1933) алғашқы жылдары, қазақ байларын кәмпескелеу саясаты күшейіп, кеңес үкіметіне қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіріп, оларды еріксіз жер аударуға ұласты. Ал, 1930 жылдары басталған байларды тап ретінде жою науқаны – саяси қуғын-сүргін өрши түсті. Мұның ауыр азабы елді ашаршылыққа алып келді. Бұл қазақ ұлтына төнген үлкен қатер болатын. Көрнекті қазақ қайраткерлері Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Жарай Исаев, Сұлтанбек Қожанов және т.б. жаназайына айналды. Б.Ж.К. П.ОК-нің Бас хатшысы И.В.Сталин мен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекинге жолданған Т.Рысқұловтың «Сталинге хаттары», Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, К.Қуанышев жазған «Бесеудің хаты» және т.б. ресми құжаттарда қазақтардың қынадай қырылуы мен жаппай көшуінің себебтері, ұлттық демографиялық шығын, оны анықтайтын сандық мәліметтер нақты көрсетілді. Бірақ, кенестік биліктің жауабы тым қатал болды. Қазақ зиялылары «халық жауы» деген желеумен жаппай саяси қуғын-сүргін құрбанына айналды. Елдегі ауыр жағдайға байланысты 1929-1931 жылдардағы 80 мың адамды қамтыған 372 шаруалар көтерілісі аяусыз басып-жаншылды. Осылайша кенестік жүйе саяси және таптық қарсыластарын «ұлтшылдар», «тап жаулары», «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде қудалау науқанын жалғастырды. Кенестік биліктің алғашқы жылдарынан бастау алатын бұл процесс КСРО тараған кезеңге дейін созылды.

Еліміз тәуелсіздік алып, тарихымызды қайта таразылау ел мүмкіндік туды. Алаш азаматтарының аманаты ел есінде, ол ешқашан ұмытылмайды. Өз бағдарламасында көрсетілгендей Алаш жолын ұстанып жүрген «Ақ жол» партиясы бүгінгі күні белсенді жұмыс істеп келеді. Алаш арыстарының есімін ұлтына қайтару үшін көптеген шаралар атқаруда. Алаш тарихын зерттеушілерге қолдау көрсетіп байқаулар өткізіп келеді. Сол сияқты ұлтымыз басынан өткізген ашаршылыққа қатысты өз ұстанымы мен пікірін ашық білдіріп жүр. Соның бірі биыл Үкімет атына жолданған «Ақ жол» партиясының мына үндеуін атауға болады.



«АҚ ЖОЛ» ҰЛЫ АШАРШЫЛЫҚҚА БІЗДІҢ ХАЛҚЫМЫЗҒА ЖАСАЛҒАН ГЕНОЦИД ФАКТИСІ РЕТІНДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА БЕРУГЕ ШАҚЫРАДЫ

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ Е.ТОҒЖАНОВҚА

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Еліміз кеше ғана саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнін атап өтті. Дәл осы күні Президент Қ.Тоқаевтың «Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы комиссия құру» жөніндегі тапсырмасы жарияланды. Өте өзекті тапсырма. «Ақ жол» партиясы Президент тапсырмасын қолдайды және оның жұмысына өз өкілдерін жіберуге дайын екенін хабарлайды.

Сонымен қатар, тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін «Ақ жол» демократиялық партиясы большевиктердің тоталитарлық билігі ұйымдастырған қазақ жеріндегі Ашаршылыққа ресми түрде «геноцид» деп құқықтық баға беруді талап етеді.

Мысалға елде «геноцид» деп мойындаған Украинаның «Голодоморынан» 3 миллион 900 мың адам қаза тапса, сол украиндық сарапшылардың өздерінің айтуынша, Қазақстанда ашаршылықтан 4 миллион астам отандастарымыз қайғылы құрбандыққа ұшыраған, Қазақ елінің саны 70 процентке азайып кетті.

Белгілі ақын Қазыбек Иса жазғандай:

«Қолын жайып нан сұраған әбілер»,

О дүниеде дұға сұрап жүр әлі...» – деп, күнәсіз кеткен бейкүне жандар алдында біздің борышымыз әлі өтелген жоқ.

Осыған байланысты еліміздің Сыртқы істер министрлігі ашаршылық мәселесін геноцид ретінде халықаралық деңгейде (Біріккен Ұлттар Ұйымы, ОБСЕ, АҚШ Конгресі, Европарламент) мойындату жұмыстарын бастауы керек деп ойлаймыз.

Сол жылдары, өз елін, ауылын азапты ажалдан құтқарамын деп, тоталитарлық, қанішер саясатқа қарсы, қарулы көтеріліс жасаған жүздеген батырларымыз әліге дейін ақталған жоқ. Олар «басмач» деген мазақ аттан әлі арыла алмай жүр. Тарихшылардың деректері бойынша, қазақ даласында кемінде мұндай 300-ден аса көтеріліс болған. Елдің жадында Сарқан, Балқаш, Қазалы, Қарақұм, Ырғыз, Атбасар, Сарысу, Созақ, Адай, Шұңғартау, Бостандық көтерілістері әлі күнге дейін сақталған.

Аталарымыздан бізге жеткен естеліктер бойынша, бас көтерген қазақ руларын большевик әскерлері артиллериямен атқылап, қашып бара жатқан ауылдарды аэропланмен бомбалап, шекарада ұсталған қорғансыз босқындарды пулеметпен бала-шағасымен қоса, қойша қырған.

Мысалы, шығыстағы қазақ-қытай шекарасындағы атақты «Ақ-найман қырғыны» деген қанды оқиға ел есінде сақталса да, ресми түрде әлі мойындалмаған; ал осы заставаның аты бертінге дейін сол қырғынды тікелей басқарған қызыл әскердің атымен аталып келді. 2012

жылы «Қарасу» шекара пунктінің құрылысы кезінде, Шу өзенінің жағасынан жергілікті қариялардың айтуынша 30-ші жылдары атылған әйелдермен балалардың топталып жатқан сүйектері табылды.

Осындай тарихи ақтандақтар Ертіс пен Шуда ғана емес, Жетісу мен Сыр бойында, Каспий өңірінде де орын алған.

Елімізбен бірге, ашаршылық пен репрессия орыс, украин, өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз басқа да Қазақ Республикасында өмір сүрген адам баласының басынан өткен.

Әрине, мұндай құжаттарды анықтап, халыққа жария етіп, еліміздің мыңдаған нағыз құрбандарын ақтап, адал тарихи баға беретін кез келді.

Сонымен қатар, соңғы жылдары, біздің байқауымызша, кейбір әлеуметтік топтарда, керісінше, сталинизмді қайта насихаттау басталды. Елімізде демократиялық ұстанымын мемлекетіміздің ресми саясатының бір бөлігі болуын қалайды.

Біз ондаған жыл бойы кірме үгіт-насихатпен өмір сүрген аға буынның көзқарасымен санасып, олардың Отанымыз үшін қосқан қажырлы еңбегіне құрметпен қараймыз.

Алайда, өткен заман тәуелсіз ұлттың келешегіне бөгет емес, баспадан болуы тиіс. Қазақ елінің болашағын тоталитарлық идеология емес, жалпыадамзат өркениетіне бағытталған, келешектің ара-жігін ажырата білетін жаңа, Тәуелсіздіктің ұрпағы айқындауы қажет.

Сонда ғана Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін қайғысының терең ұғынып, 30 жыл бұрын Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың бастаған құрбандардың ақтау жұмысы шын мақсатына жетер.

Құрметпен, «Ақ жол»
фракциясының депутаттарының
атынан Берік ДҮЙСЕНБИНОВ

3 маусым 2020 жыл

Біз ашаршылық құрбандарына мәңгі борышты-мыз, оның тарихын түгелдей қалпына келтіруге міндеттіміз. Ұлттық Апаттың себеп-салдарын, ащы шындығын жан-жақты ашу, оған лайықты баға беру біздің ұрпақтың парызы. Бұл ретте «Ақ жол» партиясының үндеуін бүкіл қоғам қолдайды. Өйткені үндеуде айтылған ұсыныстар халық пікірімен үндесіп жатыр. Осыған байланысты Үкімет тарапынан да қолдау қажет деп білеміз.

Материалдың жариялану ақысы Қазақстанның
«Ақ жол» Демократиялық Партиясының
сайлау қорының қаражатынан төленді

10 ҚАҢТАР 2021
ЯНВАРЯ 2021Дауыс бер!
Голосуй!

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ

I. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ «АЛАШ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Еліміздің Тәуелсіздігі мен ұлттық мүдделер — мемлекеттің негізгі басымдықтары. XX ғасырдағы «Алаш» ұлттық автономиясының көшбасшысы Әлихан Бөкейхан: «Мемлекеті жоқ халық — жетім» деді.

Ал, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздік үшін құрбандыққа аянатын ештеңе жоқ» деп атап өтті.

Қазақ Республикасының Тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оның ұлттық мүдделерін қорғау — өзін республика азаматы санайтын кез-келген адамның парызы. Тәуелсіздік — ол біздің еліміз, жеріміз, тіліміз бен діліміз. Тәуелсіздік — біздің өз жолымызды өзіміз таңдау мүмкіндігіміз, келешек ұрпақтың болашағы үшін біздің жауапкершілігіміз.

• Тәуелсіздік пен еліміздің тұтастығы, әрбір адамның өмірі, құқығы және бостандығымен қатар тұратын басты құндылық.

• Тәуелсіздік бастауында — қазақ халқының еркіндігі мен елдігінің негізінде «Алаш» ұлттық идеясы жатыр. Қазақ елі үшін Алаштан артық идея жоқ.

«Ақ жол» демократиялық партиясының депутаттары 2007 жылдан бастап, Тәуелсіз Қазақстанның парламенттік мінбесіне Алаш ұстанымдарын мемлекеттік деңгейде көтеріп келе жатыр.

• Тәуелсіздігіміздің ең маңызды жетістігі — мемлекетімізде өмір сүретін барша этностардың бір-бірінің ұлттық сезіміне, тілі мен мәдениетіне өзара сыйластықпен қарау.

• «Ақ жол» демократиялық партиясы мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуді қолдайды. Қазақ тілін экономика мен қаржы саласына, мемлекеттік басқару мен шетелдік инвесторлардың жұмысына мемлекеттік мәртебесіне сай енгізуіміз керек.

«Ақ жол» партиясы депутатының фракциясы 2012 жылы дайындаған осындай заң жобасы Үкімет тарапынан тоқтатылды. Партия Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын жуық арада қайтадан ұсынатын болады.

• Биыл «Алаш» автономиясынан бастау алатын және қазіргі Қазақстанның негізін қалаған Қазақ Республикасына 100 жыл толды.

Алдымен қателесіп «Қырғыз» автономиялық республикасы деп аталып, 5 жылдан кейін Сұлтанбек Қожанұлы, Сәкен Сейфуллин, Жалау Мыңбайұлы және де басқа тұлғалардың арқасында республикамызға ұлтымыздың төл атауы қайтарылды.

Өткен жылы «Ақ жол» демократиялық партиясы үкіметке бұл тарихи датаны ресми атап өтуді және «Қазақстан» атымен қатар, тоталитарлық кеңес билігінің өзі мойындаған «Қазақ Республикасы» атауын қолдану туралы мәселені көтерді. Бұл бастаманы Ш.Уәлиханов атындағы тарих институты да қолдады, бірақ біздің шенеуніктер үнісіз қалды.

Сонда да «Қазақстан» атаумен қатар, біз тарихи бірегейлігімізді білдіретін Қазақ Республикасы мемлекеттік атауын қайтаруды жөн деп санаймыз.

Соңғы кездегі бірқатар оқиғалар тізбегі — былтыр Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті мемлекет билігін өркениетті түрде жаңа басшыға тапсыруы дер кезінде болғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Н.Назарбаевтың президенттік жүйесі еліміздің тәуелсіздік бастауында мемлекеттік институттардың қалыптасуында, түбегейлі нарықтық және қоғамдық реформаларды жүргізуде және басқа елдермен қарым-қатынас орнатудағы тарихи миссиясын орындады.

Келесі кезеңге Қазақстан қалыптасқан мемлекет ретінде аяқ басты. Ал ендігі мәселелерді шешу үшін жаңа тәсілдер керек. Мемлекет басқару ісіне қоғам жан-жақты араласуы және оны бақылауы қажет.

Мысалы, COVID-19 пандемиясы басталғаннан бері болып жатқан оқиғалар вертикалды басқару жүйесінің кемшіліктерін әшкерелеп көрсетті. Ал қоғамда шиеленіскен пікірталастар ел тәуелсіздігінің басты қауіп-қатерлерінің ауқымын ашып көрсетті, олар:

– бюрократия мен сыбайлас жемқорлық,
– әлеуметтік әділетсіздік және байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық,
– экономика мен билікті монополияландыру.

Жарты жылдық карантин кезінде халықтың тұрмысы нашарлап кетті. Шағын және орта бизнес құлдырады. Бюджет қана емес, сондай-ақ Ұлттық қордың трансферттері қазіргі қажеттілікке жұмсалып, соның өзінде талан-таражға салынуда. Қоғамда мемлекеттік институттарға сенімсіздік күшейіп, халық билік монополиясынан қажі бастады.

Елімізге әлеуметтік-экономикалық салада, саяси жүйеге де түбегейлі өзгерістер қажет. Аталған өзгерістерді тым соза берудің қауіптілігі сонда, бұл — Украина, Беларусь пен Қырғыз еріндей мемлекеттік дағдарыста, әкеп соғалайтын азаматтық қоғам болуы керек.

Сондықтан, қазіргі билік моделіне бір ғана балама бар — ол терең әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды қабылдап, жүзеге асыруы қажет. «Ақ жол» демократиялық партиясы ЖАҢА ЖӘНЕ ӘДІЛ ҚАЗАҚСТАНҒА апаратын өзгерістер бағдарламасын ұсынады.

• Биыл мамыр айында «Ақ жол» демократиялық партиясы Президент Қ.Тоқаевтың сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын актау шарасын жалғастыру туралы тапсырмасына қолдау білдірді. Біз кеңестік тоталитарлық биліктің қазақ халқына әдейі жасалған Ашаршылықты халықаралық деңгейде зұлмат деп тануға шақырдық. Большевиктер әскерлерінің коллективизация кезіндегі жүздеген қазақ көтерілістерін қанша жүйткі басуымен, өз ауылдарын құтқарамын деп, басын өлімге тіккен батырлардың ерлік істерін қайта қарау керек деп санаймыз.

Тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін, біз де коммунизация саясатын партиямыздың ресми бағытарының бірі деп жарияладық.

• Жер — «Алаш» ұлттық идеясының ең өзекті мәселесінің бірі болды. Өздеріңіз білетіндей, келесі жылы шетелдіктерге жерді беруге қарсы шыққан көптеген митингілерден кейін жерді сатуға жарияланған мораторий мерзімі аяқталады.

Осы үкімет «Ақ жол» демократиялық партиясы Үкіметтің жер комиссиясына — сепаратистік пияғалдарды болдырмау мақсатында шетелдіктерге жерді сатуды ғана емес, біздің елмен шектесіп жатқан мемлекеттердің азаматтары мен компанияларына жерді жалға беруге де тыйым салуды ұсынды.

Алайда, шенеуніктер осы ұсынысты комиссияның қорытынды хаттамасына енгізбеді.

Осыған байланысты мораторийдің аяқталуы қарсаңында біз тағы да Қазақстанмен көршілес жатқан мемлекеттердің азаматтары мен компанияларына жерді сатуға және жалға беруге тыйым салуды үзілді-кесілді талап етеміз.

2020 жылғы сәуір айындағы Үкімет сайтына шыққан ЕАЭО елдері кәсіпорындары үшін, олар орналасқан жерді жеке меншікке беру мәселесі туралы заң жобасы дайындалуда деген ақпаратқа

«Ақ жол» партиясы бірден қарсылық білдірді: «Қазақ жерін меншікке беруге байланысты, «Ақ жолдың» ұстанымы: сепаратизмді болдырмау үшін, шекаралас елдердің азаматтары мен компанияларына жерімізді беруге болмайды», — деп мәлімдеді. Сонымен бірге, партия төрағасы тиісті министрліктің басыларымен осы мәселе бойынша келіссөзінен кейін, үкімет сайты бұл идеядан бас тартып, шенеуніктер бұл идеяны да аталмыш ақпарат алынып тасталды.

• Қандастырымызды тарихи отанына қайтару, елге оралған бауырларымыз бен қарындастарымызды баспанамен, жұмыспен қамтамасыз ету және көмек көрсету, олардың Қазақстан Республикасының толыққанды азаматтары ретінде теңізек бейімделіп кету жөніндегі жұмыстарды күшейту керек деп санаймыз.

2017 жылы «Ақ жол» партиясының өкілдері Бейжіңге ресми сапары барысында Қытай Компартиясы басшылығына отбасы мүшелерінің хабарлауынша Қытайда тұтқындалған 112 оралманның тізімін тапсырды. «Ақ жол» басшылығы олардың заң жүзінде тұтқындалғанын тексеруді талап етті. Нәтижесінде тізімдегі 79 азамат босатылып, Қазақстанға оралды.

• Қазақстан азаматтығын, сондай-ақ шетелдік жұмысшылар үшін ұзақ мерзімді визаларды беруді ҚР Конституциясының, демокреттік тілді және Қытайдың дәстүрлі тәртіп ережелерінің негізгі талаптарын білуге арналған емтиханды тапсырғаннан кейін ғана заңды түрде бекітуді ұсынамыз. 2019 жылы Атырауда орын алған жағдай сияқты шетелдік жұмыскерлердің қазақстандықтардың қоғамдық мінез-құлық нормаларын, қандық қасиеттерін және ұлттық құндылықтарды құрметтемеуі біздің елден дереу депортациялауға негіз болуы тиіс.

• «Ақ жол» демократиялық партиясы Қазақстан халықтарының дәстүрлі

діндерін қолдайды және қоғамның рухани саласын жат секталар мен экстремистік ағымдардың ықпалынан қорғауға ұмтылады. Сонымен қатар, діннің саясатқа, білім беруге және мемлекеттік басқаруға ықпалы тигеуі керек; сондай-ақ мемлекеттік органдардың дін ісіне араласуына да жол берілмеуі керек деп ала санаймыз. «Егер қазақтар өздерінің рухани-діни істерінің өркендеуін қаласа, мешітті мемлекеттен бөліп алу керек», — деп Әлихан Бөкейхан жазып қалдырған.

• Біздің осы және көптеген басқа да ұсыныстарымыз «Алаш» қайраткерлерінің ұстанымдарына туындайды және бүгінгі жағдайда қолдануға лайықты деп санаймыз.

2012 жылдан бері «Ақ жол» демократиялық партиясы, міне 9 жылдан бері жас ғалымдардың «Алаштың ХХІ ғасырдағы Ақ жолы» ғылыми конференциясын жыл сайын өткізіп келеді. Онда қазіргі мәселе туралы идеологиясының контекстіне талқыланады.

Біз «Алаш» саяси мұраларын Қазақстанды жаңғыртудың ұлттық идеясы ретінде қараймыз және олардың мұраттарын мемлекеттік құрылыста, экономика және қоғамда табандылықпен жылжытатын боламыз.

Алашорда қайраткерлері армандағандай Қазақстанның 20-25 жылдың ішінде өзінің қоғамы мен экономикасын жаңғыртуға және әлемде лайықты орнын алуға барлық мүмкіндігі бар дегеніне сенеміз. Бұдан бір ғасыр бұрын оларға Жапон тәжірибесі бағдар болса, қазір оларға Оңтүстік Корея, Малайзия, Шығыс Еуропа қосылды.

Ол үшін табиғи байлық пен егемендік қана емес, парламентаризм, адал бәсекелестік, ресурстық ұлтшылдық, жаңғыру, ашық және зайырлы мемлекет сияқты түпкілікті қағидаттарға сүйене отырып өзгертуге және өзіміз өзгеру үшін саяси жігер керек. «Алаш» қайраткерлерінің «Жеріміздің әрбір түйір тасы қазақтың кеудесіне түйме болып тағылып, әрбір уыс жуді — шығына тоқыма болып күйуге тиіс» деген ұраны әлі де өзекті.

• Сондықтан біздің жұмысымыздың ең маңызды бөлігі — қоғамға және ең алдымен жастарға — озық білім мен мәдениетке, соның ішінде саяси мәдениетке баулу.

«Алаш» идеясы әр қазақтың туа біткен табиғи төл байлығы мен қазынасы.

«Ақ жол» демократиялық партиясы басқа да қоғамдық-саяси күштермен бұл идеяны бірлесіп жүзеге асыруға дайын. Біздің партияны қоса алғанда, бірде-бір ұйымның «Алаш» идеологиясына «айрықша құқығы» жоқ, өйткені біз дем алатын ауаға және туғаннан бастап бізде бар бостандыққа біреудің құқығын мәлімдеу мүмкін емес.

II. ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ПАРЛАМЕНТАРИЗМ

Қазіргі барлық олқылықтарды жоюын бірден-бір құрал — мемлекеттік органдарды, қоғамға бағындыру, өкілетті органдарды, яғни парламенттің алдында есеп беруі.

(Жалғасы 8-9-беттерде)

10 ҚАҢТАР 2021
ЯНВАРЯ 2021Дауыс бер!
Голосуй!

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ

(Басы 7-бетте)

Парламентаризмнің негізгі институттары – Парламент пен жергілікті мәслихаттары. Демократия дегеніміздің өзі – парламентаризм.

II.1. «Ақ жол» демократиялық партиясы парламентаризм институттарын күшейтуді және мықты президенттік жүйеден Парламенттік Республика жүйесіне біртіндеп көшуді көздейді.

Қазіргі кезең Парламенттік Республикаға жоспарлы түрде көшуге және тікелей қатаң билікті тежеме-лер мен теңестірмелермен ауыстыруға мүмкіндіктер туғызды, ол мемлекет мәселелерін шешуде баламалық пікірлерді ескеруге мүмкіндіктер береді.

• Қазақстанға Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі ғана емес, сонымен бірге Ұлттық Сенім Үкіметі де керек.

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес Президент биліктің барлық тармақтарының өзара үйлесім жұмыс істеуінің кепілі болып табылады. Бұл, Президент – Парламентпен де, Үкіметпен де тең қарым-қатыныста болуы керек деген сөз.

«Ақ жол» демократиялық партиясы Үкіметтің құрамын Мемлекет басшысы емес, парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия құруы керек деп санайды, партия қоғам алдында өзі құрған үкіметінің жетістіктері мен сәтсіздіктері үшін жауап беретін болады. Дамыған елдер демократиясындағы тәжірибе осындай.

• Бұл процесстер қисынды жалғасы ретінде қала (оның ішінде мегаполистер) және басқа да елді-мекендер әкімдерін халық партия мен азаматтық қоғам өкілдері арасынан тікелей дауыс беру арқылы сайлауы керек.

• Билік партиясының филиалдарын әкімдер басқаратын тәжірибеден арылу, тіпті оған заң жүзінде тыйым салу керек. Бұл билікті монополияландырудың ең айқын мысалы. Әкімдер шенеуніктің жеке мүдделеріне емес, бүкіл қоғамға қызмет етуге тиіс.

• Парламент пен мәслихаттардың бақылау функцияларын кеңейтіп, қоғамдық резонанс тудырған оқиғаларды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын, билік құрамындағы жемқорлық фактілерді бойынша парламенттік тергеулерді жүргізу құқықтарын беру қажет.

• Мемлекет мүмкіндіктері кез-келген мәселелені шешу кезінде бюджетке байланысты. Сөйткенмен мемлекет қаржысының едәуір бөлігі бюджеттен тыс шығындарға жұмсалады және қоғамнан жасырылады. Сол кезде заң бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық дамиды. Сондықтан, ең басты міндет – Парламентке барлық мемлекет қаржысының жұмсалуды бекіту мен бақылауды тапсыру маңызды.

• Біріншіден, бұл ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың бюджетіне қатысты. Олардың көбі мемлекеттік бюджет қолдауынсыз өмір сүре алмайды. Оның үстіне шет елдерден де несие алатындары бар. Бұл қаражат қоғамнан жасырын пайдаланылған соң,

сол жерлерде жемқорлыққа жол ашылады. Сондықтан да ұлттық компанияларды, олардың «еншілес» компанияларын, министрліктер мен әкімдіктер жанындағы әртүрлі мемлекеттік кәсіпорындар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді, «СК-Фармация» немесе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар сияқтыларды кеңейтілген мемлекеттік бюджетке енгізіп, оларды өз шығындары мен жетістіктері туралы қоғамға есеп беруге міндеттеу керек.

• Ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісін бюджетке алу керек. Егер 5-10 жылдан кейін қандай болмасын мұндай компания бюджеттен ақша сұрайтын болса – ол мемлекеттік ресурстарды пайдаланып, мемлекетке емес, өз қалтасына жұмыс істейтіні анық. Ондай компанияларды таратып, оның орнын жеке бизнеске беріп, солар өз қаражатын салып, бюджетке салық төлейтін болады.

Екіншіден, азаматтар мен бизнес төлейтін түрлі міндетті «мүшелік», «жинақтаушы», «сактандыру» және тағы басқа төлемақылар қосымша салыққа айналды. Мысалы, міндетті әлеуметтік-медициналық сактандыру қорындағы қаржыны салымшылардың өзі бақылай алмайды. Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорына қатысты жанжалдар болып тұрады. Сондықтан бұл қорларды басқаруды, олардың шығындары мен сыйақыларын бақылауды Парламентке беру керек.

• Үшіншіден, мемлекеттік бюджет – мұқият болуды күнә санамайтын, қайта талап ететін сала. Демократиялық елдерде бюджеттік бақылауды парламенттік оппозиция өкілдері басқарады. Оның қисыны анық - сайлауда жеңіске жеткен партия бюджетті бөледі, іске асырады, бірақ, қарсыластары қадағалап отырады.

Биыл Президенттің тапсырмасымен және де Мәжілистегімен Сенаттағы әріптестеріміздің қолдауымен, «Ақ жол» демократиялық партиясының қоғамда айтылған «Парламенттік оппозиция туралы» заңын өткізуге қол жеткізді. Осылайша, біздің депутаттарымыздың микрофондарды өшіріліп, зандарға енгізілген түзетулер Үкіметтің «цензурасына» ұшыраған кезде тәжірибе тоқтатылды.

Осы заңды пайдалана отырып, кезек-кезекпен билік монополиясын тежеме-лер мен теңестірмелер жүйесіне айналдыру қажет.

• Мемлекет тек естіп қана қоймай, шешуші күшке ие болуы керек. Мәселелерді көтеру және өтініштерді қабылдау жеткіліксіз, қоғам күткен практикалық қадамдарға қол жеткізу әлдеқайда маңызды.

• Сонымен бірге, Үкіметтің қарсылығына қарамастан, Парламенттің сайлаушылар мұқтажына керек қаражатты бюджеттен бөлу құқығы болуы өте маңызды.

Бүгінде заңға сәйкес депутаттардың бюджеттік ұсыныстары Үкіметтің келісімінсіз қаралмайды да. Ал, сайлаушылар сенімін министрлерге емес, Парламентке артады ғой.

Егер Парламенттің тікелей қаржыландыру өкілеттігі болса, көпбалалы отбасыларда тұрғын-үй жетіспеушілігі бол-

мас еді. Ашық аспаннан бомба жаудырған оқ-дәрі қоймалары Арыс қаласының маңынан 10 жыл ішінде көшірілген болар еді, бұл қаланы қалпына келтіруден он есе арзан.

«Ақ жол» демократиялық партиясы Парламентке бюджеттің 1% бөлігін сайлаушылардың қоғамдық маңызды аманаттарын қаржыландыруға (бюджеттік процедуралар арқылы) бөлінгені жөн деп санайды. Квазимемлекеттік компанияларға миллиондаған сыйақы бергенше, теміржол үстінен өтетін жолашылар көпірін немесе ауыл көшесіне асфальтталған жол төсеу әлдеқайда маңыздырақ.

II.2. Әділ сайлау – кез-келген елдің демократиялық ашықтығы көрінісі болып саналады. Қазақстан азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау, сайлаулардың бұрмалануын болдырмау мақсатында сайлау реформаларына мұқтаж. Мысалы, өткен мәслихаттардың сайлау кезінде әртүрлі сылтаулармен 100-200 теңге салық төлемдері деректеріндегі ашақтық үшін «Ақ жол» партиясының жүзге жуық кандидаттары сайлауға түсуден алып тасталды.

• Сайлау компаниясынан «ыңғайсыз» үміткерлерді түсіріп тастауға тыйым салынсын. Үміткерлерге қойылатын барлық талаптар сайлаушылар дауыс бергеннен кейін, толыққанды сот процесінде қаралуы керек.

Үміткерлердің салық декларацияларында рұқсат етілетін межелер белгіленуі керек, мықты үміткерлер елеусіз кемшіліктер үшін сайлаудан түсірілмеуі керек. Үміткерді тіркеу жарнасы 10 АЕК деңгейінде белгіленгендіктен, осы сома деңгейінде салық декларациясында сайлауға қатысуға рұқсат беретін мөлшер ретінде бекітілу керек.

• Учаскелік сайлау комиссияларында дауыстарды санау аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде дауыс беру нәтижелерінің хаттамасын ресімдеуге және байқаушылар мен кандидаттардың ресми өкілдеріне осы хаттамалардың расталған көшірмелерін беруге міндеттеуді қажет деп санаймыз.

Бюллетендері бар жәшіктерді сайлау учаскесінен дауыстарды ресми санағанға және хаттамаларды ресімдегенге дейін шығаруға тыйым салынсын.

Бұл талаптарды бұзғанда қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек.

• Сайлау туралы айтқанда, тағы бір өзектісі – сайлауалды компаниялар кезінде әкімшілік ресурстарды қолдану мәселесі. Студенттерді сайлауалды іс-шараларға мәжбүрлеп қатыстырған, олардан кімге дауыс бергені туралы еректерге барған еткен және тағы басқа әрекеттерді бағам басшылар қызметтен бостатылуы керек.

Жастарға өз таңдауын жасауға мүмкіндік беруге міндеттіміз. Жастардың ой еркіндігін шектеу – саналы түрде оларды жалғандыққа және өзін кем санауға үйретумен бірдей. Ондай ұлттың ұрпағы ез болып өседі. Ал бізге ез емес, еркін, күшті және өзіне сенетін ұрпақ керек.

Осыдан тура бір ғасыр бұрын, алаштың аяулы ақыны Мағжан Жұмабайұлы «Мен жастарға сенемін» –

деп жырлаған. Ал біздер, жүз жыл өткен соң неліктен сол жастарға сенбейміз? Неліктен олардың өз таңдауына кедергі жасаймыз?

«Ақ жол» демократиялық партиясы біздің жастардың таңдау еркіндігі мен адамдық абыройын қорғауды талап етеді.

• Сайлау процедураларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту туралы. Осындай кемшіліктер үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатын уақыты жетті. Өйткені, азаматтардың дауысын ұрлау немесе бюллетендерді қосу арқылы сайлау тәртібін бұзатындар билікті заңсыз басып алуды жүзеге асырады. Конституция бойынша халық биліктің қайнары болып табылады. Олардың дауыстарын ұрлау арқылы өзіне билікке ие ету, яғни билікті басып алу. Мұндай іс әрекеттер үшін жазалайтын кез келді.

Бұл шаралардың барлығы сайлау процесстеріне деген сенімділікті арттыру, сайлаушылар мен бақылаушылардың қатысуын және қоғамдық бақылау мен сайлаудың ашықтығын күшейту үшін қажет.

• Иә, мұндай шешімдер сайлау қорытындыларының болжамсыздығына әкеледі. Бірақ та оның мәні сайлауды шенеуніктер басқармауы керек, олардың нәтижесі сайлаушылардың еркіне ғана байланысты болуы тиіс, бұл – «Ақ жол» демократиялық партиясының ұстанымы.

Әрине, мұндай әрекет популизм сияқты тәуекелдерді туғызады. Бұл адамдардың мемлекетіне деген сенімін жоғалтқанынан гөрі әлдеқайда жақсырақ.

Бізге ашық пікірталастар алаңында мемлекеттік мүдделерді дәлелдеп, қарсы тұруға үйренетін кез жетті. Сусыз жерде жүзуге үйренуге болмайтын-дай, адамдардың саяси мәдениеті де қалыптаспайды.

• Сол сияқты, жаңа саяси партияларды 10 мың мүшеге дейін тіркеу мен мәслихаттарға сайлауда партиялық өту шегін 7-ден 5% - ға дейін төмендету де қажет деп санаймыз.

• Біздің таңдауымыз, «Ақ жол» демократиялық партиясының таңдауы – бұл еуропалық даму жолы, мемлекет пен қоғам қатынастарындағы еуропалық тәсілдер, еуропалық өмір сапасының стандарттары.

Бұдан басқа «Ақ жол» демократиялық партиясы келешекте еуропалық тәсілдерді енгізуді ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның Еуропалық одаққа кіруі туралы мәселені көтеруді де қарастырады.

III. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӘНЕ ОФФШОРДАҒЫ ҚАРАЖАТТАРДЫ ҚАЙТАРУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және оффшорға шығарылған миллиардтарды елге қайтару – «Ақ жол» демократиялық партиясының приоритеттерінің бірі.

Біз парламенттік мінбеден Үкіметпен Бас прокурордан оффшорға кеткен капиталдардың Кипр (2013 жылы), Швейцария (2015 жылы), «Панама тізімі» (2016 жылы) және «Жұмақ дось»

ден» (2017 жылы) қайтаруды талай рет талап еттік.

«Ақ жол» демократиялық партиясының депутаттары еліміздің мемлекеттік органдармен ғана емес, сондай-ақ Брюссель, Цюрих, Пекин, Рига, Лондон, Сингапур және тағы басқа Еуропарламенті елдерінің мүшелерімен және өзге де елдердегі әріптестермен өткен кездесулерде ел игілігін оффшордан қайтару тақырыбын талқылады.

Егер бұрын жоысыз шенеуніктер кірістерін жасырып, түсініксіз әрекет қылуға тырысса, енді олардың жақын туыстары, керісінше, қайдан түскені белгісіз байлықты халықтан ұялмай көрсетеді.

Кәсіпкерлердің басым көпшілігі жемқор орта шенеуніктер сияқты мысалы, сәнді автомобильдер мен африкалық қара ағаштан жасалған жиһаздар алу сынды әдеттен тыс шығындарға қол жеткізе алмайды. Халықаралық сарапшылардың бағалаулары бойынша, тәуелсіздік жылдары заңсыз 160 миллиард АҚШ долларынан астам қаражат елден сыртқа шығарылды. Бұл сома Қазақстанның сыртқы қарызының сомасымен пара-пар.

Ал біреулер жұмыс таба алмай жүргенде, осыныша қаражат айналымынан шығарылып, мақсатына сай жұмсалмайды.

Егер жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі бойынша Қазақстан баяғыда Шығыс Еуропа елдеріне жақындағанымен қатардағы қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі еуропалықтардан едәуір төмен. Себебі, оларға қарағанда ЖІӨ ұрланып, оффшорға шығарылды. Міне, әрбір қазақстандықтың табысы да, өмір сүру деңгейі де оффшорға кетті. Оларды басқа біреулер пайдаланады.

Мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес жүргізіп келеді. Оның ішінде қоғам мүшелері мен бірқатар партияның талаптары да жоққа шығаруға болмайды. ҚР Заңнамаларына қажетті өзгерістер енгізіліп, қаржылық ашықтықты қамтамасыз ету және заңсыз жолмен алынған ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі Федералдық Қаржы мониторингі қызметінің (FATF) қағидаттары енгізілуде. Олар жыл сайын ірі компаниялардың мемлекеттік сатып алулар кезінде бопсалаушыларды тұзаққа түсіріп, жоғары лауазымды шенеуніктерді қамауда. Қашып кеткен жемқорлар мен олардың ұрлаған қаражатын қайтару жөніндегі жұмыстарды жүргізуде.

Мемлекеттік органдардың жұмысы, оның ішінде мемлекеттік бюджеттің жүймәлуі бұрынғыдай азаматтардың күйіне қала беретін болса, жаппай мемлекетке деген сенімі бұрынғыдан да төмендей береді, онда бұл күрес ешқашан толық тиімді болмайды, нәтижесін бермейді.

Грузия тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдындағы есептілігі.

• Түзету мекемелері жүйесінде жазасын өтеп жатқан шенеуніктерді шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға заңнамалық түрде тыйым салу қажет деп санаймыз. Бұл ұсынысты «Ақ жол» депутаттары 2019 жылы енгізді, бірақ Үкімет пен Бас прокуратура оны қолдамады.

• Сонымен қатар, біз тіпті жазасын өтегеннен кейін де сыбайлас жемқорлардың емін-еркін жүруі, шетелге шығуы мен меншікті басқару құқықтарын шектеуді ұсынамыз. Бұл шара олардың жасырған ақшасына қашып кетпей, капиталды Қазақстанға қайтару үшін қажет. Ондай жемқорлар өз еліне инвестиция салып, отаны үшін лайықты қызмет етсін.

• Сотталған жемқорларды республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарында тұруға тыйым салатын жазаның түрін енгізу керек. Шағын қалаларға, аудан орталықтарына, ауылдарға және барып, онда халыққа лайықты үйлер салсын, жергілікті бизнеске қаражат құйсын және өмір сүру сапасын жақсартуға атсалыссын. Олардың жинаған қорларымен қаражат басқару тәжірибесі де бар. Сол капитал-

дар мен білімдерін өңірлердің дамуына жұмсасын.

• Ашық емес шарттарда шетелде тауарлар мен жабдықтарды сатып алу түрінде мемлекеттік қаражатты ұрлау мен шығарудың жолын кесу, мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға, сондай-ақ мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алулары бойынша келісімшарттарды орындаушыларға шетелдік оффшорлық юрисдикцияларда тіркелген кәсіпорындармен мәмілелер жасауға тыйым салынсын.

«Ақ жол» партиясының депутаттары, мысалға ПИМ жүйесінің оффшорлық компания арқылы құрал-жабдық салып алғаны сияқты талай жайтты әшкереледі. Ол жолы «Ақ жол» фракциясының сауалы арқасында миллиондаған қаржы заңсыздықтары әшкереленген болатын.

• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың маңызды құралы биліктің жариялылығы мен оның қоғам алдындағы есептілігі болып табылады. Баспасөздің аузын жабуға болмайды, «Ақ жол» демократиялық партиясы әшкерелеуші жарияланымдар үшін журналистерді қудалауға жол бермей, оларды қорғау жолында қызмет етеді. Біз журналистің мақаласы үшін жала жабу туралы қылмыстық іс қозғауды алып тастап қана қоймай, оны әкімшілік кодекстен шығарып, азаматтық құқықтық қатынастар саласына көшіру қажет деп санаймыз.

• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тағы бір басымды бағыты – шенеуніктердің оффшорлық аймақтардан халықтан алынған миллиардтаған қаражатты ел игілігіне қайтару болып табылады.

«Ақ жол» фракциясының депутаттары бірнеше рет ресми түрде жемқорлық жолмен Еуропа елдеріне шығарылған қаражатты елімізге қайтару жөнінде Еуропарламентпен бірлескен топ құруды ұсынды.

Бұл жұмысты іс жүзінде асыруды аяғына дейін жеткізу керек, сондай-ақ отандық сыбайлас жемқорлардың басқа елдердегі жасырулы капиталын әшкерелеуді көздейтін барлық елдермен екі жақты топтарды құруға қол жеткізу керек деп санаймыз.

Сыбайлас жемқорлардың «аяғының астында жер өргеніп жатуы» керек және олар қашқанда тығылатын тесік табылмайтын жағдайға жеткізілуі керек.

• «Ақ жол» демократиялық партиясы Үкімет мүшелерінің, әкімдердің, басқа да мемлекеттік органдардың ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларының оффшорлардағы банктік шоттарына қатысты банк құпиясының жойылуын талап ету жұмыстарын жалғастырады.

• Халықаралық тәжірибеге сәйкес біз заңнамаға сыбайлас жемқорлықтың маңызды белгілерінің бірі ретінде «шығу тегі түсініксіз байлық» ұғымын енгізуді ұсынамыз.

Оффшорлық аймақтарда мүлкі мен ақшасы бар шенеуніктерді олардың байлығының шығу тегін түсіндіруді міндеттеу керек. Түсініктемелер болмаған жағдайда Қазақстан бұл ақшаны тәркілеуге тиіс немесе «түсініксіз байлық» ұғымы қолданыла бастаған жерде орын алуына қарай оны басқа мемлекеттер тәркілеуге тиіс.

Осы ұсыныстардың барлығын «Ақ жол» демократиялық партиясының депутаттары өткен жылдары Үкімет пен Бас прокурорға бірнеше рет жолдады, бірақ олардан бұл тәртіп жолдатылған жауаптарды алуға мәжбүр болдық.

Біз олардың жүзеге асырылуын талап етеміз.

• Грузия тәжірибесіне сәйкес сот және құқық қорғау жүйесін реформалау – демократиялық басқарудың және әділетті мемлекеттің маңызды бөлігі болуы керек.

Судьяларды халықтың өзі сайлауды енгізу қажет.

Осыдан ғасыр бұрын «Алаш» қайраткерлері: «Би әділ болмай, жұрт

оңбақ емес. Әділ би құдайдан басқа адамнан қорықпаса болады...әділ билік ресімге, заңға сүйенсе орнына келеді», – деп санаған. Судьяның адалдығы мен беделіне кепілдік берілуі керек, қылмыс «серелермен», қылмыстық немесе сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотталған адаммен кез-келген байланысы болған судья не құқық қорғау органдары қызметкері дереу лауазымынан босатылуы керек.

IV. ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК – ҚАЗАҚСТАНДА КЕДЕЙЛЕР БОЛМАУЫ КЕРЕК

Еліміздің басты мәселе және оның мемлекеттілігіне төнетін басты қауіп – байлар мен кедейлер арасындағы өршіп келе жатқан әлеуметтік алшақтық.

Сонымен бірге, біздің басты байлығымыз мұнай және металл ғана емес, бүгінгі таңда әділетсіздік салдарынан қорлық көріп отырған дарынды және еңбеккер халқымыз деп санаймыз. Бұл мұқтаж жандарға, кәсіпкерлерге, тіпті, көптеген мемлекеттік қызметшілерге де қатысты.

Әлеуметтік әділеттілік және ел азаматтарының қадір-қасиетіне деген көзқарасы білім беру мен медицина сапасымен, тұрғын үй, лайықты жұмыстың қолжетімділігімен айқындалады.

Осы салалардың әрқайсысы қаржыландырудың жетіспеушілігі мен жемқор шенеуніктердің ұрлығынан зардап шегуде.

Қазақстанда кедейлер мүлдем болмауы керек. Жаратушы бізге әліміз игіліктер мен дарын-қабілет берді, еліміздегі әрбір адамның лайықты баспанасы, лайықты жұмысы болуы керек, оны отандастары да, мемлекет те құрметтеуі керек.

Қазақстан сияқты бай елде ел заңдары, үкімет пен уәкілетті мемлекеттік органдар ата-аналар балаларын емдеу үшін ақша жинап, ал аналары түнде жұмыс істеуге және балаларын қараусыз қалдыруға мәжбүр ететін жағдайларға жол берілмеуі тиіс.

Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін:

• Ипотека, тұтыну тауарлары үшін, шағын және орта бизнес пен халықтың тұтыну қажеттіліктері несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерін 7-8% - дан аспайтын етіп шектеуді.

• Адамдар мен олардың балаларын коллекторлардан қорғау үшін – «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң қабылданыуы керек, онда кедейлікке ұшыраған қарыз алушылардың жалғыз баспанасы мен әлеуметтік кепілдіктерінен сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Біздің азаматтарды баспанасыз қалдыруға болмайды!

• Халық жинақтарын ұқыпты ұстау үшін БЖЗҚ және Әлеуметтік және медициналық сақтандыру қоры қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету керек. Бұл қорлардың қаражаттары, олардың қызметкерлерінің жалақылары мен шығындары ашық талқыланып, Парламентте мақұлданыуы керек.

• «Ақ жол» демократиялық партиясы БЖЗҚ-ғы салымшылардың жеке шоттарында жиналған қаражаттарды орналастыруды дербес басқаруға рұқсат беруді ұсынады, мысалы салымдарға кепілдік беру мемлекеттік жүйесінің көлемі шегінде БЖЗҚ-да өз жинақтарын екінші деңгейлі банктердің депозиттеріне орналастыру. Мұндай депозиттер бойынша мемлекеттік кепілдіктердің көлемін ұлғайту жағын да қайта қараған жөн.

Сонда азаматтардың зейнетақы жинақтары неғұрлым жоғары кіріске ие болады, ал банктер экономиканы несиелеуге қосымша қаржы ресурстарына қол жеткізеді.

• Зейнетақы шоттарындағы жиналған қаржыны банктердің депозиттеріне салса, жеткілікті жинақ сомасы Үкімет мәлімдегендей 5-6 миллион теңге емес, 2-3 миллион теңге болады. Яғни, бұл қаржы тұрғын үй бағдарламаларына әлеуетті қатысушылардың санын 700 мың адамнан (үкімет болжамдары бойынша) 1,5-2 млн. және одан да көп адамға дейін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

• Әлеуметтік және медициналық сақтандыру қоры қаржаттарын да нақты салымшылармен ұштастыру керек.

Қорда әрбір азаматқа оның төлемдері есепке алынатын оның не шоты бекітілуі тиіс, онда салымшының өзінің келісімі бойынша оның немесе жақындарының емделуі үшін ақша төленуі мүмкін.

Егер клиент сапасыз емделген жағдайда немесе қанағаттанарлықсыз қарым-қатынас жасалған жағдайларда салымшының мұндай қызметтерге ақша төлеуден бас тартуға құқығы болуы керек. Сонымен қатар, Қордың өзі салымшылардың алатын медициналық қызметтерінің сапасын бақылауға және емделушілердің шағымдары бойынша тұрақты жұмыс жүргізуге (қажетті шаралар қабылдауға) міндетті.

Сонда ғана қызметкерлер өз міндеттеріне мұқият қарайды, ал білікті медицина қызметкерлері өздерінің қиын еңбегіне лайықты еңбекақы алатын болады.

• Ауылдан қалаға көшіп келетін ауыл жастарын қолдау үшін әкімдіктер өндіріс салаларына, білім беру мекемелеріне және әлеуметтік инфрақұрылымдар үшін үй-әлеуметі бар шағын әлеуметтік тұрғын үйлерді жаппай салуы тиіс.

Мұндай баспана қарапайым және арзан болуы керек, сонда ғана жастар қалада бейімделіп, білім алып, жұмыс істеп, өздеріне ыңғайлы жағдай жасайды.

• Жас отбасыларын ынталандыру және бала туғанды арттыру үшін, «Ақ жол» демократиялық партиясы 2013 жылдан бастап жас отбасылар үшін ипотекалық несиелер бойынша әрбір бала туғанда 25%-тік субсидиялауды ұсынып келеді. Сонда екінші бала туғанда мемлекет ипотеканың жартысын, ал 4-ші бала өмірге келгенде – түгелін өзі жабуға тиіс болады.

Бүгінде үкіметтік бағдарламалар көпбалалы отбасыларға арналған. Бірақ ешқандай отбасы бірден көпбалалы отбасы болмайды. Жастарды әрбір кезекті баланың дүниеге келуіне кезең-кезеңмен ынталандыру керек.

• Әлеуметтік қорғау ең төменгі зейнетақы, ең төменгі жалақы және әлеуметтік жәрдемақылар айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) емес, ең төменгі күнкөріс деңгейімен есептелуі тиіс, ол толыққанды тамақтануға, киім-кешекке, коммуналдық шығыстарға қажетті шығындарды қамтитын тұтыну корзинасының нақты құнымен айқындалуы тиіс. Еуропа елдерінде тұтыну кәрзенкесі мәдени ойын-сауық шығындарын да қамтиды, өйткені ол тұрмыс сапасына ықпал етеді.

• Пандемияға байланысты жағдайлар білім беру, денсаулық сақтау салаларында, әлеуметтік төлемдерді цифрландырудағы сәтсіздіктер, оның шұғыл қажеттілігін анықтады. Цифрлық, оның ішінде қашықтан оқытуда, мемлекет пен азаматтардың, ұйымдар мен клиенттердің өзара іс-қимылдарының әдістерін дамыту – жалпы әлемдік бағыттардың бірі болып тұр.

Бұл жұмыстардың үйлесімді және толықтырушы қалыпта жүргізілуі өте маңызды. Мысалы, әр қалада тұрғын үйге кезек ашық қолжетімді болуы керек. Сондықтан, әркім өзінің пәтер кезегінің алға жылжуын қадағалап, алаяқтықты анықтай алады. Әзірге пәтерлерді әкімдіктердің шенеуніктері мен олардың туыстары жалға беріп, пайда тауып, бірнеше пәтерлерді алды деген дабылдар ғана түсіп жатыр. Ал мүгедектер, жетімдер мен көп баланы аналар мен отбасылар өздерінің араландыған баспаналарын ондаған жылдар бойы күтуде.

Осыған байланысты, әкімдіктердің берген әлеуметтік тұрғын үйлерін тексеруді ұсынамыз. Егер бұл әлеуметтік тұрғын үйлер басқа адамдарға қайта сатылса немесе жалға берілсе – мұндай пәтерлер алынып, жылдар бойы өз кезегін күтіп тұрған мұқтаж отбасыларына қайта бөлінуі керек.

(Жалғасы 11-12-беттерде)

**Құрметті Алаш Елі,
құрметті Ақ жолдықтар**

Соңғы кездегі бірқатар оқиғалар тізбегі – былтыр Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті мемлекет билігін өркениетті түрде жана басшыға тапсыруы дер кезінде болғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Н.Назарбаевтың президенттік жүйесі еліміздің тәуелсіздік бастауында мемлекеттік институттардың қалыптасуында, түбегейлі нарықтық және қоғамдық реформаларды жүргізуде және басқа елдермен қарым-қатынас орнатудағы тарихи миссиясын орындады.

Келесі кезеңге Қазақстан қалыптасқан мемлекет ретінде аяқ басты. Ал ендігі мәселелерді шешу үшін жана тәсілдер керек. Мемлекет басқару ісіне қоғам жан-жақты араласуы және оны бақылауы қажет.

Мысалы, COVID-19 пандемиясы басталғаннан бері болып жатқан оқиғалар вертикалды басқару жүйесінің кемшіліктерін ашкерелеп көрсетті. Ал қоғамда шиеленіскен пікірталастар ел тәуелсіздігінің басты қауіп-қатерлерінің ауқымын ашып көрсетті, олар:

- бюрократия мен сыбайлас жемқорлық,
- әлеуметтік әділетсіздік және байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық,
- экономика мен билікті монополияландыру.

Жарты жылдық карантин кезінде халықтың тұрмысы нашарлап кетті. Шағын және орта бизнес құлдырады. Бюджет қана емес, сондай-ақ Ұлттық қордың трансферттері қазіргі қажеттілікке жұмсалып, соның өзінде талан-таражға салынууда. Қоғамда мемлекеттік институттарға сенімсіздік күшейіп, халық билік монополиясынан қажі бастады.

Елімізге әлеуметтік-экономикалық салада, саяси жүйеге де түбегейлі өзгерістер қажет.

Аталған өзгерістерді тым соза берудің қауіптілігі сонда, бұл – Украина, Беларусь пен Қырғыз еліндей мемлекеттік дағдарысқа әкеп соғуы мүмкін. Ал, Тәуелсіздіктің ең басты кепілі – қару емес, өз мемлекетін сыйлайтын, бағалайтын азаматтық қоғам болуы керек.

Сондықтан, қазіргі билік моделіне бір ғана балама бар – ол терең әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды қабылдап, жүзеге асыруы қажет.

«Ақ жол» демократиялық партиясы ЖАҢА ЖӘНЕ ӘДІЛ ҚАЗАҚСТАНҒА апаратын өзгерістер бағдарламасын ұсынады.

Сол бағдарламадағы басты приоритетіміз – **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ «АЛАШ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ**

Еліміздің Тәуелсіздігі мен ұлттық мүдделер – мемлекеттің негізгі басымдықтары. XX ғасырдағы «Алаш» ұлттық автономиясының көшбасшысы Әлихан Бөкейхан: «Мемлекеті жоқ халық – жетім» деді.

Ал, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздік үшін құрбандыққа аянатын ештеңе жоқ» деп атап өтті.

Қазақ Республикасының Тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оның ұлттық мүдделерін қорғау – өзін республика азаматы санайтын кез-келген адамның парызы. Тәуелсіздік – ол біздің еліміз, жеріміз, тіліміз біздікіміз. **Тәуелсіздік – біздің өз жолымызды өзіміз таңдау мүмкіндігіміз, келешек ұрпақтың болашағы үшін біздің жауапкершілігіміз.**

**Азат ПЕРУАШЕВ:**

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ АЛАШТАН

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕМЛЕКЕТТІК

«Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтің XVI құрылтайда партияның сайлауалды бағдарламасы бойынша жасаған баяндамасы

• Тәуелсіздік пен еліміздің тұтастығы, әрбір адамның өмірі, құқығы және бостандығымен қатар тұратын басты құндылық.

• **Тәуелсіздік бастауында – қазақ халқының еркіндігі мен елдігінің тарихи мұраты ретіндегі «Алаш» ұлттық идеясы жатыр. Қазақ еліне Алаштан артық идея жоқ.**

• Ақ жол демократиялық партиясы **мемлекеттік тілдің** қолдану аясын кеңейтуді қолдайды. **Қазақ тілін** мемлекеттік басқару мен шетелдік инвесторлардың жұмысына **мемлекеттік деңгейге сәйесінгізіміз керек.**

• Биыл «Алаш» автономиясынан бастау алатын және қазіргі Қазақстанның негізін қалаған **Қазақ Республикасына 100 жыл** толды.

Алдымен қателесіп «Қырғыз» автономиялық республикасы деп аталып, 5 жылдан кейін Сұлтанбек Қожанұлы, Сәкен Сейфуллин, Жалау Мыңбайұлы және де басқа тұлғалардың арқасында республикамызға ұлтымыздың төл атауы қайтарылды.

Өткен жылы «Ақ жол» демократиялық партиясы үкіметке бұл тарихи датаны ресми атап өтуді және «Қазақстан» атымен қатар, тоталитарлық кеңес билігінің өзі мойындаған **«Қазақ Республикасы»** атауын қолдану туралы мәселені көтерді. Бұл бастаманы Ш.Уәлиханов атындағы тарих институты да қолдады, бірақ біздің шенеуніктер үнсіз қалды. Сонда да біз тарихи бірегейлігімізді білдіретін Қазақ Республикасы мемлекеттік атауын қайтаруды жөн деп санаймыз.

• Биыл мамыр айында «Ақ жол» демократиялық партиясы Президент Қ.Тоқаевтың сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау шараларын жалғастыру туралы

тапсырмасына қолдау білдірді. Біз кеңестік тоталитарлық биліктің қазақ халқына әдейі жасалған **Ашаршылықты** халықаралық деңгейде **зұлмат** деп тануға шақырдық. Большевиктер әскерлерінің коллективизация кезіндегі жүздеген қазақ көтерілістерін жаншып басуын, өз ауылдарын құтқарамын деп, басын өлімге тіккен батырлардың ерлік істерін қайта қарау керек деп санаймыз.

Тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін, біз де-коммунизация саясатын партиямыздың ресми бағыттарының бірі деп жарияладық.

• Өздеріңіз білетіндей, келесі жылы шетелдіктерге жерді беруге шартсыз шыққан көптеген митингілерден кейін жерді сатуға жарияланған мораторий мерзімі аяқталады.

Осы кезде «Ақ жол» демократиялық партиясы **Үкіметтің жер комиссиясына – сепаратистік пиғылдарды болдырмау мақсатында** шетелдіктерге жерді сатуды ғана емес, **біздің елмен шектесіп жатқан мемлекеттердің азаматтары мен компанияларына жерді жалға беруге де тыйым салуды** ұсынды.

Алайда шенеуніктер осы ұсынысты комиссияның қорытынды хаттамасына енгізбеді.

Осыған байланысты мораторийдің аяқталуы қарсаңында біз тағы да **Қазақстанмен көршілес жатқан мемлекеттердің азаматтары мен компанияларына жерді сатуға және жалға беруге тыйым салуды талап** етеміз.

• **Қандастырымызды тарихи отанына қайтару**, елге оралған бауырларымыз бен қарындастарымызды баспанаман, жұмыспен қамтамасыз ету және көмек көрсету, олардың Қазақстан Республикасының толыққанды азаматтары

ретінде тезірек бейімделіп кету жөніндегі жұмыстарды күшейту керек деп санаймыз.

• Біздің осы және көптеген басқа да ұсыныстарымыз «Алаш» қайраткерлерінің ұстанымдарынан туындайды және бүгінгі жағдайда қолдануға лайықты деп санаймыз.

2012 жылдан бері «Ақ жол» демократиялық партиясы, міне 9 жылдан бері жас ғалымдардың «Алаштың XXI ғасырдағы Ақ жолы» ғылыми жинағына қатысып, соның арқасында партиямыздың өмісін қолдайтын және оны дамытатын жағдайларды қолдайтын болды.

Біз «Алаш» саяси мұраларын **Қазақстанды жаңғыртудың ұлттық идеясы** ретінде қараймыз және олардың мұраттарын мемлекеттік құрылыста, экономика және қоғамда табандылықпен жылжытатын боламыз.

Алашорда қайраткерлері армандағандай **Қазақстанның 20-25 жылдың ішінде өзінің қоғамы мен экономикасын** жаңғыртуға және әлемде лайықты орнын алуға барлық мүмкіндігі бар дегеніне сенеміз. Бұдан бір ғасыр бұрын оларға Жапон тәжірибесі бағдар болса, қазір оларға Оңтүстік Корея, Малайзия, Шығыс Еуропа қосылды.

Ол үшін табиғи байлық пен егемендік қана емес, парламентаризм, адал бәсекелестік, ресурстық ұлтшылдық, жаңғыру, ашық және зайырлы мемлекет сияқты түпкілікті қағидаттарға сүйене отырып **өзгертуге және өзіміз өзгеру үшін саяси жігер** керек.

• Сондықтан біздің жұмысымыздың ең маңызды бөлігі – қоғамға және ең алдымен жастарға – озық білім мен мәдениетке, соның ішінде саяси мәдениетке баулу.

«Алаш» идеясы әр қазақтың туа біткен табиғи төл байлығы мен қазынасы.

«Ақ жол» демократиялық партиясы басқа да қоғамдық-саяси күштермен бұл идеяны бірлесіп жүзеге асыруға дайын.

Уважаемые делегаты!

Через события последнего времени показала своевременность политической трансформации, запущенной в 2019 году цивилизованной передачей власти и уходом с поста первого президента Республики Казахстан.

Президентская система Н.Назарбаева выполнила историческую миссию в становлении государственных институтов на заре Независимости, проведении радикальных рыночных и общественных реформ, формировании новой национальной идентичности и выстраивании отношений с другими странами.

В новую эпоху Казахстан вступает состоявшимся государством, для управления которым нужен планомерный переход к балансу

и поддержки и противовесов между всеми ветвями власти. Кроме того, перед этим государством стоит множество вызовов и проблем, решение которых уже невозможно без широкого участия и контроля со стороны общества.

Так, пандемия коронавируса с первых месяцев привела к системным провалам в госуправлении, а обострившиеся общественные дискуссии вскрыли реальные масштабы главных угроз Независимости:

- бюрократии и коррупции,
- социальной несправедливости и разрыва между богатыми и бедными,
- монополизации экономики и власти.

Полугодовой карантин привел к катастрофическому росту бедности населения, обескровил и в значительной части разорил малый и средний бизнес – социальную опору любого государства. Не только бюджет, но и трансферты из Нацфонда проедаются на текущие нужды. Доверие к государственным институтам падает, в том числе из-за усталости общества от монополии власти.

Стране нужны кардинальные перемены как в социально-экономической, так и в политической системах. **Эти перемены неизбежны, вопрос лишь в том, будут ли они сознательными или стихийными.**

Дальнейшее затягивание перемен может привести к кризису государственности, как это произошло в Белоруссии и Кыргызстане, а несколько раньше – в Украине.

Как и там, помимо внутренних угроз нарастают внешние, Казахстан все чаще становится объектом провокационных заявлений зарубежных политиков и СМИ. Но самая лучшая гарантия Независимости – не танки и автоматы

а граждане, преданные своему государству.

Перед Республикой стоит альтернатива: консервация нынешней модели, построенной вокруг монополии власти, или болезненные, но неизбежные реформы. Даже в мегаполисах, не говоря уже про регионы и малые города, за красивыми фасадами скрываются грязь и обман, нарастающая бедность наших сограждан и отсутствие перспектив молодёжи. Всё это нужно чем раньше, тем лучше вскрывать и расширять, чтобы восстановить доверие и достоинство собственного народа.

Демократическая партия «Ақ жол» предлагает программу таких мер.

После национальной независимости, о чем сказано выше, наш второй приоритет – демократия и парламентаризм.

Самым эффективным средством против бюрократии и отрыва власти от простых граждан служит прозрачность госорганов и подотчётность перед обществом, то есть демократия.

коррупции в эшелонах власти.

• Необходимо усилить полномочия Парламента в утверждении и контроле бюджета государства. Возможности государства в решении любых задач определяются бюджетом. Но значительная часть госсредств в стране расходуется вне бюджета и скрытно от общества. Именно там происходят системные нарушения, процветает коррупция. Поэтому важнейшая задача – вернуть под контроль парламента все государственные финансы.

• Во-первых, это бюджеты нацкомпаний и госпредприятий. Многие из них своими непомерными аппетитами обирают государственную казну, служат источником незаконного и бесконтрольного обогащения за счёт государства. Здесь регулярно всплывают коррупционные схемы, квазигоссектор формирует огромную долю внешнего долга, при гигантских убытках менеджеры выписывают себе многомиллионные премии и т.д. Поэтому бюджеты нацкомпаний, их «дочек», различных РГП и ТОО при министерствах и акиматах, вроде

открытое обсуждение и контроль в Парламенте.

• В-третьих, государственный бюджет – это та сфера, где не зорно быть придирчивым. В странах демократии парламентские комитеты по контролю за бюджетом традиционно возглавляют представители оппозиции. Логика проста: правящая партия распоряжается бюджетом, но подпадает под придирчивое внимание оппонентов, что обеспечивает прозрачность бюджета.

В этом году, после 8 лет противодействия бюрократов, благодаря поручению президента и поддержке всех коллег в Мажилисе и Сенате Демократическая партия «Ақ жол» смогла провести закон «О парламентской оппозиции». Тем самым прекращена практика, когда нашим депутатам в Усозыве Мажилиса отключали микрофоны, а наши поправки в законы подвергались «цензуре» правительства. Теперь нужно насыщать оппозиционных депутатов в Парламенте такими полномочиями, чтобы вместо монополии на власть сформировать реаль-

чем выплатить миллионы на премии госкомпаний.

П.2. Ключевым вопросом и зеркалом демократии в любой стране являются честные выборы. Избирательная система Казахстана нуждается в глубоких реформах, гарантиях прав граждан и защите от фальсификаций. Например, на предыдущих выборах в маслихаты под разными предлогами, вроде расходования налоговых данных на 100-200 тенге, были сняты около ста членов партии «Ақ жол».

• Нужно запретить снимать «неудобных» кандидатов с избирательной кампании. Все претензии к кандидатам нужно рассматривать после голосования, в полноценном судебном процессе.

Необходимо установить допустимые отклонения в налоговых декларациях, чтобы сильные кандидаты не отстранялись от выборов за незначительные расхождения. Регистрационный взнос кандидата установлен в 10 МРП, эту же сумму нужно утвердить как допустимое отклонение в налоговой декларации.

С таким поколением рабов нация будет обречена на обман и подчинение другим.

Казахстану нужна свободная, сильная и уверенная в себе молодёжь.

Осыдан тура бір ғасыр бұрын, алаштың аяулы ақыны Мағжан Жұмабайұлы «Мен жастарға сенемін» – деп жырлаған.

Ал біздер, жуз жыл өткен соң неліктен сол жастарға сенбейміз? Неліктен олардың өз тандауына кедергі жасаймыз?

«Ақ жол» демократиялық партиясы біздің жастардың тандау еркіндігі мен адамдық абыройын қорғауды талап етеді.

Демократическая партия «Ақ жол» требует защищать свободу выбора и человеческое достоинство нашей молодёжи.

• Наконец, ответственность за нарушения выборных процедур.

Думаем, что пришло время спрашивать за них вплоть до уголовной ответственности. Потому что воруя голоса или вбрасывая бюллетени, нарушители осуществляют незаконный захват власти.

АРТЫҚ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖОҚ ДЕҢГЕЙГЕ САЙ ЕНГІЗУІМІЗ КЕРЕК

Демократия опирается на принцип продвижения общественных интересов через представительные органы – парламент и местные маслихаты, являющиеся основными институтами парламентаризма. Демократия и есть парламентаризм.

П.1. Демократическая партия «Ақ жол» выступает за усиление институтов парламентаризма и поэтапный переход от суперпрезидентской системы к Парламентской Республике.

Нынешний период создал возможности для планомерного перехода от монополии власти – к системе сдержек и противовесов, которая учитывала бы альтернативные мнения в решении государственных вопросов.

• Казахстану нужен не только Национальный совет доверия, но и Правительство национального доверия.

Согласно действующей Конституции, президент выступает гарантом взаимодействия всех ветвей власти. Это означает, что фигура президента должна быть равноудалённой и от парламента, и от правительства.

Демократическая партия «Ақ жол» считает, что состав правительства должен формировать не глава государства, а победившая на парламентских выборах партия, которая и будет вносить его на утверждение президенту и нести ответственность за все достижения и провалы своего правительства. Такова практика развитых демократий.

• Логическим продолжением этого процесса должно стать введение прямой выборности акимов городов (включая областные центры и мегаполисы) и других населённых пунктов их жителями.

• Нужно расширить контрольные функции Парламента и маслихатов, прежде всего, наделив их правом парламентских расследований событий, получивших общественный резонанс, таких, как нарушения гражданских прав и свобод, гибель людей или факты



«СК-Фармации» или СПК, должны стать максимально прозрачными, включаться в республиканский и местные бюджеты, а их руководство – отчитываться перед обществом о расходах и достигнутых результатах.

• Вся полученная чистая прибыль нацкомпаний и госпредприятий должна поступать в бюджет. Если через 5-10 лет после создания какая-то госкомпания всё ещё просит деньги у государства – значит, она работает не на государство, а на свой карман. Такие компании нужно ликвидировать, на их место придёт частный бизнес, который будет работать на свои деньги, да ещё платить налоги в бюджет.

• Во-вторых, все обязательные платежи граждан и бизнеса, которые хоть и называются «накопительными», «страховыми» или «членскими взносами», по сути, превратились в дополнительные налоги. Если учитывать обезличенное использование средств Фонда медицинского и социального страхования, периодические скандалы в ЕНПФ, то управление этими фондами, их расходы и премии также должны проходить через

ную систему сдержек и противовесов.

• В то же время у Парламента должно быть право выделять средства на нужды избирателей даже вопреки возражениям Правительства.

Сегодня, согласно закону, ни одна бюджетная инициатива депутата не рассматривается без согласия правительства, хотя получает доверие избирателей именно парламент, а не министры.

Если бы у Парламента были полномочия прямого финансирования наказов избирателей, то, скорее всего, не было бы нынешней остроты проблем многодетных, нехватки жилья, а склады боеприпасов из Арысы могли быть вывезены за 10 лет до трагедии, и это обошлось бы в десятки раз дешевле восстановления города.

Демократическая партия «Ақ жол» предлагает закрепить небольшую, но конкретную долю расходов бюджета (1%) для финансирования парламентом (через бюджетные процедуры) наказов избирателей, имеющих общественное значение. Иногда построить пешеходный мост через железнодорожный переезд или заасфальтировать улицу важнее,

• Полагаем необходимым обязать участковые избирательные комиссии в течение часа после окончания подсчёта голосов оформить протокол итогов голосования и выдавать наблюдателям и официальным представителям кандидатов заверенные копии этих протоколов.

Запретить вынос урн с бюллетенями с избирательного участка до официального подсчёта голосов и оформления протоколов.

Нарушения этих требований должны приводить к уголовной ответственности.

• Отдельный вопрос – использование административного ресурса при проведении предвыборной кампании. Принуждение администрации вузов и колледжей своих студентов к массовым мероприятиям, отчётам о личном голосовании и т.д. – как минимум, должно вести к увольнению таких руководителей.

Молодёжь должна иметь возможность делать свой собственный выбор. Подавлять инакомыслие и свободу выбора молодёжи и студентов – значит целенаправленно приучать детей лгать и смиряться с насилием над своей личностью.

По Конституции, источником власти является народ. Воровать его право выбирать себе власть – значит узурпировать эту власть. Пора за это наказывать.

Все эти меры нужны, чтобы повысить доверие к избирательным процессам, активизировать участие избирателей и наблюдателей, ужесточить публичный контроль и прозрачность выборов.

• Да, такие решения приведут к непредсказуемости результатов. Но в том и смысл, что выборы не должны управляться чиновниками, их результаты должны зависеть только от воли избирателей – это позиция Демократической партии «Ақ жол».

Конечно, такие подходы создают риски, как рост популизма. Но это лучше, чем потеря доверия общества к своему государству.

Всем нам пора учиться в открытой дискуссии доказывать государственные подходы и противостоять спекуляциям. Без этого невозможно зрелое политическое участие, как невозможно научиться плавать в бассейне без воды.

• В рамках реформирования выборной системы, считаем также необходимым упростить регистрацию новых политических партий до 10 тысяч членов, а также снизить порог прохождения партий в Мажилисе и маслихаты с 7 до 5%.

• Наш выбор, выбор демократической партии «Ақ жол» – это европейский путь развития, европейские подходы в отношении государства и общества, европейские стандарты качества жизни.

Более того, демократическая партия «Ақ жол» в качестве дальней перспективы рассматривает не только внедрение европейских подходов, но и постановку когда-нибудь в будущем вопроса о вступлении Казахстана в Европейский союз.

Материалдың жариялану ақысы Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясының сайлау қорының қаражатынан төленді

10 ҚАҢТАР
ЯНВАРЯ 2021Дауыс бер!
Голосуй!

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ

(Басы 7-8-9-беттерде)

• «Ақ жол» демократиялық партиясының әлеуметтік саясатының басымдығы – сапалы және қол жетімді білім. Балалардың таланты ата-анасының тұрғылықты жеріне немесе кәсібіне байланысты емес.

Егер де қаладағы дарынды балалар үшін арнайы мектептерде сапалы білім алудың түрлі мүмкіндіктері болса, ауыл оқушыларында мұндай мүмкіндік өте аз.

Сондықтан ауылдық жерлердегі дарынды балаларға арналған білім беру мекемелерінің жүйесін құру қажет.

• Тұтастай алғанда, **талантты жастардың елден кетуін («ғұламалардың жылысауын») тоқтататын жүйелі бағдарлама қажет.** Жыл сайын мыңдаған талантты жас жігіттер мен қыздардың Қазақстаннан кетіп, қайта оралмауы біздің ұлттық трагедиямыз.

Қазақстанда өмір сүру және жұмыс істеу, елде өсу мүмкіндіктері басқа кез келген шетелге қарағанда әлдеқайда тартымды болуы керек.

• Мұғалім еңбегінің ел болашағы үшін баға жетпес маңызын ескере отырып оқытушының жалақысын Еуропа елдері деңгейіне көтеріп, оны еш қажеті жоқ есеп-қисап қағазбастылық пен өз жұмысынан басқа жүктемелерден босату, оның ішінде сайлау комиссияларына қатысуды шектеу керек.

• ЖОО-ның білім бағдарламасын, ғылыми әлеуеті мен инфрақұрылымын жетілдіру үшін оған шынайы дербестік беру, оқу мен ғылыми үрдістерді ұйымдастыру мәселесінде құрорын сыйлауда Ғылыми кеңестің құзырын кеңейту қажет. Яғни ЖОО-ның ұзақ мерзімге бағытталған үдемелі әрі тұрақты дамуына академиялық қауымдастықтың өзі кепіл болуға тиіс.

• Пандемия кезіндегі оқиғалар денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің құқықсыздығы мен мүшкіл жағдайын ашық көрсетті. Педагогтардың мәртебесі туралы қабылдаған заң секілді, «Дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің мәтебесі туралы» арнайы Заң қабылдап, олардың адами, материалды және де кәсіпқой жағдайын қорғап, тәуекелді төлемдерін бекіту қажет.

V. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Кәсіпкерлікті қолдау экономикалық әлеуетті дамытудың құралы ретінде ғана емес, ең алдымен жұмыссыздық мәселесін шешудің, жаңа жұмыс орындарын ашудың және қазатандықтарды табыс көздерін және қамтамасыз етудің басты құралы ретіндегі маңызы зор.

Біз саяси реформалар жүргізілмейінше экономикадағы өзгерістер болуы мүмкін еместігіне көзімізді жеткіздік. Бұл саясаттың және экономиканың монополиялануы мен мемлекет иелігінде қалуымен қатысты болып тұр. Бірақ, өз кезегінде, экономикалық қолдау болмаса, либералдық саяси реформалар ұрандар ғана болып қалмақшы.

Сондықтан экономикалық реформалар саяси реформалардың материалдық мазмұны ретінде қажет.

Осы реформалардың экономика мен қоғамда ашықтық пен адал бәсекелестік мүдделерін қолдайтын жеке кәсіпкерлер мен бизнесмендердің бұқаралық табы ғана қозғаушы күш бола алады. «Ақ жол» демократиялық партиясы жеке кәсіпкерлікті, оның ішінде ең алдымен шағын және орта бизнестің сенімді қолдаушысы және олардың табанды жақтаушысы болып қала береді.

Біз инвестициялық ынталандыруды енгізу өте қажет деп санаймыз, мысалы:

• Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар іске қосылғаннан кейін және тұрақты (3-5 жылдан астам) жұмыс істегеннен кейінгі 50% қайтарым; *2015 жылы біз Кәсіпкерлік кодекске 30% инвестицияларды қайтару туралы норма енгіздік, жұмыс тобын «Ақ жол» Демократиялық партиясының төрағасы басқарды. Содан бері 5 жыл ішінде ең заманауи және жоғары технологиялық кәсіпорындардың ешқайсысы инвестицияларды қайтарған жоқ. Керісінше, Үкімет ондай жеңілдікті мүлде жоюды ұсынды.*

• Занда қарастырылған инвестициялық преференциялар бермегені үшін шенеуніктердің жауапкершілігін Әкімшілік кодексіне енгізу қажет.

• Еркін экономикалық аймақтардағы кәсіпорындарды 10 жылға салықтың барлық түрлерінен толық босату. Олардың экономикаға қосатын үлесі – жаңа технологиялар, жұмыс орындары және білікті кадрларды даярлау.

Біздің АЭА бос және нәтиже бермейді, өйткені берілген жеңілдіктер жұмыс істемейді және көптеген басқа елдердегі осындай шаралардан артта қалады.

• Негізінде, инвесторларға шенеуніктердің ойдан шығарған емес, бизнестің өзі сұраған преференциялар ұсыну керек. Мемлекет, бизнестің шартты міндеттемелерге сай кез-келген преференцияларын қарастыруға ашық болуы қажет.

Пандемия кезінде президент пен үкімет бизнесті қолдау жөніндегі кешенді іс-шаралар қабылдады, бұл мақсаттарға бюджеттен қомақты қаражаттар бөлінді. Олардың көпшілігі ең алдымен салық саласында әлеуметтік маңызы бар тауарлардың ҚҚС-ын 12%-дан 8%-ға дейін төмендету, салық төлемдерін кейінге қалдыру, еңбекақы қорына салықтарды алып тастау және тағы басқа да осындай маңызды шаралар зор рөл атқарды, шын мәніне келгенде кәсіпкерлерді сақтап қалуға және мыңдаған кәсіпкерлерді күйреуден құтқарды.

Бірақ та үкіметтің қолға алған іс-шаралары тиісті нәтижелерін бермей тұр.

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы пандемиямен байланысты ахуалдың теріс экономикалық салдарын жою мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды ұсынды:

• **Салықтық рақымшылық жасауды,** шағын және орта бизнесті қосымша құн

салығынан (ҚҚС), корпоративтік табыс салығынан (КТС) және мүлік салығын төлеуден ШОБ **төлем қабілеттілігін толық қалпына келтіргенге дейін босатуды;**

• **Ауылдағы шағын кәсіпкерлік пен «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» халықты салықтан толығымен босатуды ұсынды.** Біз осы адамдарға алғыс айтуымыз керек, өйткені олар ауылдық жерлерде жұмыс істейтіні, мемлекеттің мойнына отырмай және өз отбасыларын өздері асырайтындары үшін қолдауға тиістіміз.

• ҚР Ұлттық банкінің базалық пайыздық мөлшерін екінші деңгейдегі банк (ЕДБ) несиесі бойынша **пайыздық мөлшерін жылдық 4-5%-дан аспайтын тиімді сыйақы мөлшері деңгейіне дейін төмендету мәселесін қайта көтеру қажет. Екінші деңгейдегі банктерден тартылатын қаражат бойынша Ұлттық банк ноталарының мөлшерін де осылай төмендету керек.** Сонда ғана банктер бос қаражатын экономиканы несиелеуге жұмсауға мәжбүр болады.

Девальвация мен инфляциядан ең жақсы қорғаныс тәсілі – тұтыну тауарларын өндіретін отандық кәсіпорындарды дамыту. Ұлттық банк ЕДБ несиесінің биік мөлшерін инфляцияны ауыздықтау үшін ұстаймын деуі – керісінше өндірісті тежеп тұр, импортқа дем береді және экономикадағы инфляцияны қамшылайды.

• Күні бүгін Қазақстанда жаңа өндірісті жобалық қаржыландыру механизмі қалыптаспаған, өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін капиталдың тиімді бағасы Ұлттық банктің саясаты мен ЕДБ-іне қатысты қаржынасақтайтын реттеушінің салдарынан жылғына 16%-ды құрайды. Іс жүзінде банктер кепілдікке қоятын активтері бар, жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік топтарды ғана несиелеп отыр, жаңа өндірісті дамытуға мүмкіндік жасамайды.

Сол себепті, қаржы қорларын іске қосу және несиені қайтарудың пайыздық мөлшерін төмендету үшін ЕДБ қызметін реттеуді қайта қарау керек.

• Бірінші кезекте бизнестің сұрауы бойынша ЕДБ-ларды қазіргі барлық несиені бұрынғы қарыз жүгінсіз төмендетілген жаңа 6%-дық мөлшермен қайта қаржыландыруға міндеттеу керек болады.

Қайта қаржыландыруға неге әлі қол жетпейді деген біздің сауалымыздан кейін «Даму» Қоры» 3 мың кәсіпорынды қайта қаржыландыруды мақұлдағанын, бірақ олар субсидия алу үшін қайдағы бір тезіден өтулері керектігін хабарлады.

Осы кезде Кәсіпкерлердің ұлттық палатасының мәліметі бойынша, 1 млн-нан астам кәсіпкер тығырыққа тіреліп, шағын және орта кәсіпкерліктегі 430 мың нысаны жабылды немесе қызметін шектеуге мәжбүр болды? Бұл 0,1%-дан да кем. «Даму» Қорының бұл іс-шарасын кәсіпкерлер қауымы зор үмітпен қабылдаса да, міне мұндай «қолдаудың» шынайы да бар жемісі осы ғана.

• Ұлттық банк пен Қаржы нарығы агенттігіне ЕДБ-мен бірге бұндай қайта қаржыландырудың құқықтық реттеуін қарастыру керек.

Шағын және орта бизнес қайта қаржыландыруды сұраса, банктер одан жиі бас тартуда. Әзірше, кәсіпкерлердің айтуынша, бұл мәселе түгелімен банктердің қолында екен, сол себептен, президенттің анық тапсырмасы мен осы мақсатқа бөлінген қыруар қаражатқа қарамастан, банктер проценттік ставкасын төмендетпей отыр және де кәсіпкерлер банктегі паракорлықпен жиі кездесуде. Осындай әділетсіздікті тоқтату қажет.

• 2025 жылға дейін ШОБ-қа деректер мен электрондық шот-фактураларды міндетті түрде тапсырумен қасалық бақылау аппараттарын енгізу кейінге қалдырылсын.

• ШОБ-тың айналымы қалпына келгенше ЕТҚ-ны салықтан босатуды, бизнестің босатылған қаражатының кемінде 50%-ын қызметкерлерге жалақы төлеуге міндеттелсін.

• ШОБ-ты қолдау шараларын ЖШС түріндегі **орта бизнеске қолдану.** Бүгінгі кезде бұл шаралар (мысалы, КТС нөлдік мөлшері) жеке кәсіпкерге ғана қолданылады.

• Отандық өндірушілерді қолдау және олардың монополистер көрсететін қызметтерге жұмсайтын шығындарын азайту мақсатында кәсіпкерлердің өздерінің таңдауы бойынша электр энергиясын тұтыну үшін **түнгі тарифтерді қолдану тәжірибесін жаңғырту, іске қосу.** Бүгінде түнгі тарифтерден бас тарту тиісті шығындарды 12-15% - ға арттырды.

• Экономиканы жетілдіруді көмірсутегінісіз дамыту және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайту тұрғысынан қарастыру қажет.

• Тұтастай алғанда, **монополистер (ең алдымен энергетика және темір жол көлігі салаларында) және олардың әкімдіктер жанындағы басқарушы құрылымдары тарифтерінің негізділігіне толық ауқымды тексеру жүргізу керек,** артық төленген қаражатты негізсіз жоғары тарифтер бойынша қайта есептеу мен қайтарылуы жүргізілуі тиіс.

• Мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынасындағы тоғышарлық делдалдық құрылымдарды жоюдың экономикалық және саяси қажеттілігі пісіп-жетілді. «Бәйтерек» қоры, «ҚазАгро», Қазақстан инвестициялық қоры (КИК) сияқты барлық даму институттары және т.б. бизнесті қолдау үшін құрылған даму институттары мемлекеттен бөлінетін қаражаттар мен ресурстарды өздеріне шоғырландырып, оларды сыбайлас жемқорлық тетіктерімен жиі байланыстағы меншікті сүзгі арқылы бөле отырып, іс жүзінде «жінішке мойын» болып табылады. Бизнеске көмекке бөлінген миллиардтық қаражаттар саналы түрде игерілмейді, жылдар бойы ЕДБ депозиттерінде жинақталады, ал түскен пайыздар менеджерлер арасында өзара бөлінеді.

Даму институттарының игерілмеген қаражатын бюджетке қайтару керек, кем дегенде олардың депозиттеріндегі барлық инвестициялық кірісті бюджетке

жетке қайтарылуы тиіс. Қаражаттың игерілмегенін, инвестициялық белсенділіктің төмендігін және жасалған инвестициялардың тиімділігінің төмендігін ескере отырып, олардың жақысы жеткілікті деңгейде қалдырылуы керек.

• Табиғи монополиялармен және ерекше мемлекеттік мүдделермен тікелей байланыстағы ұлттық компаниялар ғана жұмыс істеуі керек. Мұндай компаниялардың жеке шаралар арқылы бәсекелестік ортаға түсірілуі керек.

Жергілікті жерлердегі бизнес үшін жер телімдерін, кең таралған пайдалы кен қазба орындарын және т.б. өзінің тікелей ықпалына шоғырландырып өңірлердегі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (ӘКК) қызметі елеулі қорқытатын алушылықтың заңды нысанына іс жүзінде айналдыруға әкелді. Мұндай ӘКК-ларді олардың ресурстарын еркін айналымға бере отырып тарату керек.

• Өз өндірісінің тұтыну тауарларының жетіспеушілігі мәселесі шиеленісе түсті. Бұл жағдай біздің ішкі нарығымыздың импортқа тәуелділігін, валюта бағамының ауыр ауытқуын және инфляциялық тәуекелдерін туғызды.

Төтенше жағдай аясында ҚР Президенті бірқатар әлеуметтік маңызы бар тауарларға ҚҚС-тың төмендетілген мөлшерлемесін енгізу туралы ерікті шешім қабылдады. Дегенмен, қолданыстағы Салық кодексіне мұндай мөлшерлемелер қарастырылмаған болатын. ҚҚС сараланған мөлшерлемелерін ЭЫДҰ және Еуроодақ елдері басым секторларда, ең алдымен азық-түлік, киім-кешек, балалар тауарлары, тұрғын үй құрылысы, халыққа қызмет көрсету сияқты әлеуметтік өнімдерді қолдау үшін қолданады. Бұл салықтардың ынталандырушы рөл атқаруына мүмкіндік беретін экономикалық саясаттың маңызды құралы болып табылады.

«Ақ жол» демократиялық партиясы парламентте алғашқы күннен бастап аталған мұндай тетіктерді отандық тәжірибеге енгізу туралы ұсыныстар енгізіп келеді, біз жиырмадан астам сауалдар мен заңдарға маңыныстарды жолдадық. Бірақ үкімет салық қызметтері үшін қиындықтар туғызатыны туралы сілтеме жасай отырып, мұндай ұсыныстарды қатаң түрде тоқтату үстінде.

Өзінің шешімімен Президент бірқатар әлеуметтік тауарларға ҚҚС мөлшерлемесін 12%-тан 8%-ға дейін төмендетіп отырып, қолданыстағы Салық кодексінен тыс қадам жасады және мұндай шара Төтенше жағдай режимі кезінде мүмкін болды. Бұл тәсілді заңға бекітуде өте маңызды, біз 2020 жылғы 15 сәуірде Үкіметке кезекті сауал жолдап, Салық кодексіне түзетулер енгізу арқылы жасауға тырыстық. Алайда, мемлекеттік органдардың жауабы өзгеріссіз қалды:

«ҚҚС-тың төмендетілген мөлшерлемесін қолдану салық есебін қиындатуға алып келеді... ауыртпалығы төмен тетіктерді қолдану ұсынылады» деумен шектелді.

Салықтар шенеуніктер үшін емес, бизнес үшін ыңғайлы болуы керек екенін Еуропада жақсы түсінгенмен, бірақ біздің елде дәлелдеу мүмкін емес.

«Ақ жол» демократиялық партиясы әлеуметтік маңызы бар тауарлармен бизнестің басым салалары үшін қосымша құн салығының төмендетілген мөлшерлемелерін 0-6% деңгейінде енгізуді талап ететін болады.

• Өнеркәсіптің қайта өңдеу салаларын және дайын өнімдер өндірісін дамыту мақсатында отандық тауар өндірушілер үшін әкелінетін шикізатқа, материалдарға, жабдықтар мен жинақтауыштарға кедендік әкелу баждарын барынша төмендету ұсынылады.

Отандық машина жасау кәсіпорындары ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар негізгі өндірушілермен ынтымақтастық шеңберінде пайдалана-

тын жабдықтар мен мұнай-газ және тау-кен құрал жабдықтарын өндіруді игеру үшін мұндай өнімді белгілі бір кезеңге ішкі нарықта қосымша құн салығынан босату керек.

Әйтпесе қазақ жабдықтарын сатып алудан гөрі шетелдік жабдықтарды алып келген әлдеқайда арзан болады.

• Бәсекелестік қабілеті жоқ бизнесті қайткен күнде де босқа қолдау үшін импортты алмастыру көзсіз қақсат қалмауы керек. Отандық өнім нарықтарына ғана емес, халықаралық нарықтың да ең қатаң талаптарына лайық болуға тиіс. Осы мақсатта елдегі техникалық реттеу саясатын түбегейлі қайта қараған дұрыс.

• **Экономикалық кемшіліктер толығымен қылмыссыздандырылуы керек.** Экономикалық саладағы заң бұзушылықтар экономикалық әдістермен, ең алдымен қатаң айыппұлдармен жазалануы керек.

Кәсіпкерлерді қамауға алуға, бопсалауға және бизнесті жоюға апарып соғатын қылмыстық қудалауды тоқтату қажет. Егер тергеу қажет болса, қамауға алуды кепілдікпен ауыстыру керек.

• «Эпидемиологиялық бақылау» деген желеумен әр түрлі түсініксіз топтардың бизнесіне негізсіз және жалпы қысым жасауды тоқтату. Бұл «бақылау» уәкілетті органдардың үнсіз келісімімен жаппай бопсалау мен бопсалаудың түріне айналды. Кәсіпкерлікті тексеру тәртібі Кәсіпкерлік кодексіне нақты көрсетілген.

Көрсетілгендей, мұндай тексеріс өкілетті мекеменің, яғни санитарлық эпидемиологиялық бекеттің (СЭБ) басшылығымен жүргізіліп, сол күннің ішінде міндетті түрде прокуратурада тіркелуге тиіс.

Алайда жергілікті кәсіпкерлердің хабарлауынша, тексеруді әкімдік пен полиция қызметкерлері жүргізіп, ал СЭБ солар жазған хаттама негізінде тек айыппұл жазып береді. Оған қоса мониторингі топтар шенеуніктердің туыстарына жататын кафе-мейманханаларды жиі тексермейтінін хабарлайды. Тексерушіге «шайпұл» бермегендерге ғана айыппұл төлетеді.

Нәтижесінде бұл іс-шаралар тұрғындарды ауру жұқтырудан қорғаймайды, онсыз да карантиннен жапа шеккен бизнесті керісінше тағы да бопсалаудың басқа түріне айналды.

Прокуратура мекемелері сыртынан осындай «бопсалаушылардан» қорғауға міндетті. Соған байланысты «Ақ жол» департиясының депутаттары үкімет пен прокуратураға мониторингі топтарының іс-әрекетін реттеу талабымен сауал жолдады.

Прокурорлар кәсіпкерлерді мұндай «рейдтерден» сақтап, бизнестің заңды құқықтарын бұзуға бейтарап қарамауы керек.

• Корпоративтік нарықтың басым бөлігі келетін ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылармен келіссөздер жүргізілуі тиіс. Шетелдік шикізат алыптары қазақстандық өндірушілерге

немқұрайлы қарайды. Олар жыл сайын 8 триллионнан астам теңге сомаға өнімді шетке шығарады, бірақ оның көп бөлігі Қазақстанда бар немесе өндірілуі мүмкін.

«Ақ жол» ҚДП және оның парламенттегі депутаттар фракциясы ШОБ үлесінде өндіруші өнімдердің жалпы елдік (28,5%) 2 есе артта қалуы (10-15%), өндірістік алыптар бар жерлерде жергілікті бизнес орташа көрсеткіштерден озуға тиіс деген жергілікті мемлекеттік органдардың наразылығын бірнеше рет білдірді. Дамыған елдерде жер қойнауын пайдаланушылар салық төлеуден басқа, жергілікті басшы кадрларды өсіруге, жергілікті бизнеспен бірлескен сервистік компаниялар құруға, өндірілетін шикізатты қайта өңдеуді жолға қоюға және т.б. міндеттенеді. Біздің өндіруші өнімдерімізде ШОБ ел бойынша орташа көрсеткіштерден озуы керек шикізат алыптарына неғұрлым көп ақша түссе, соғұрлым олар жергілікті серіктестерге төлеуге қалуы керек. Егер мұндай болмаса, онда барлық пайда елден шығарылады.

Бірақ орны қайтып толмайтын табиғи байлығымызды сатудан түсетін салыққа қоса Қазақстан жаңа технология, жаңа кәсіпорын және жаңа мамандар да алуы керек емес пе?

Бұл жергілікті биліктің жеткіліксіз жұмысын көрсетеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Тұңғыш Президенттің іскерлік қасиеттерін арқасында Қазақстан өз ресурстарын басым түрде жылжытып, инвесторларға қарай бет бұрды, елдің дамуына қуатты серпін берді.

Бірақ содан бері қазақстандықтардың жаңа ұрпағы дүниеге келді және өсті, біздің еліміз басқа елге айналды, алдына жаңа экономикалық міндеттер тұр. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қаражат салған шетелдік инвесторлардың көбі өз инвестицияларын баяғыда ақтап, біздің табиғи байлықтарымыздан бірнеше рет пайда тапты. Тауарлардың сапасының нашарлығына және қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігіне жалған сілтеме жасап шетелдік шикізат алыптарына отыз жылдың ішінде қазақстандық мамандарды оқытуға, біздің азаматтарымыздан компаниялардың бірінші басшыларын іріктеп алуға, оларды өсіруге, технологияларды игеруге және сатып алынатын тауарлардың бірлескен өндірісін реттеу үшін көмектесуге болмайды ма? Неліктен Атырау мен Қолбайдағы шетелдік мердігерлерді ұлттық экономикаға жалдау жалғасуда, ал Теміртауда қазақстандық кәсіпкерлерге орындалған келісімшарттар үшін жылдар бойы миллиардтаған соманы төлемейді?

«Ақ жол» демократиялық партиясы парламентте ғана емес, Үкіметтің шетелдік инвесторлармен келіссөздерінде де осындай мәселелерді қоятын кез келді деп санайды. Шетелдік инвесторларды қазақстандық кадрларды өсіруге, отандық өнімдер мен жабдықтарды

сатып алуға, қажет болған кезде ауыстырылатын тораптар мен бөлшектерді игеруден бастап, бірлескен кәсіпорындарды құруды заңнамалық түрде міндеттеу керек.

2014 жылы Үкімет «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңынан «қазақстандық тауар» және «қазақстандық өндіруші» ұғымдары алынып тасталды. «Ақ жол» фракциясының депутаттары ғана қарусы шығып, осы нормалардың сақталуы үшін 9 рет дауыс берді, қалған екі фракция 9 рет біздің ұстанымымызға қарсы дауыс берді және отандық бизнесті мемлекеттік сатып алулардан қорғауды алып тастады.

Кейіннен біз қазақстандық кәсіпорындардың ұлттық компаниялар мен ірі жер қойнауын пайдаланушылардан мүдделерін қорғау үшін «сатып алу туралы» заңды қабылдау талабымен жиырма депутаттық сауал жолдадық, бірақ үнемі бас тартқан жауаптар алдық.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ДСҰ ережелері бойынша шикізат алыптарының жұмысында отандық кәсіпкерлер үшін преференцияларды ішінара сақтаған жер қойнауы туралы Кодекс нормасының қолданысы тоқтатылады. Сол кезде шетелдік инвесторлар қазақстандық бизнесті мүлдем елемей қалуы мүмкін. Ал бұл үлкен проблема. Әлемдік экономикалық дағдарысқа айналған пандемия жағдайында барлық елдер өз кәсіпорындарын қорғауда. Біз Үкіметке өндірушілермізді қорғаудың жолдарын нұқсан келтіретін ДСҰ мен ЕАЭО нормаларын қайта қарауды талап етіп жүзіндік.

Шетелдік жұмыскерлерді тарту айрықша сипатқа ие болып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҰКП және Кәсіподақтар федерациясы деңгейінде жекелеп қаралуы тиіс.

Мемлекет өзі табыс тауып, бюджетке салық төлейтін, басқаларға жұмыс беретін іскер адамдарға қолдау көрсетуге міндетті.

VI. САЛИҚАЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТ

Көптеген халықаралық процестердің аясында, оның ішінде пандемия індеті, ірі көрші мемлекеттердің, ең алдымен Ресей, Қытай, Түркияның саяси және экономикалық рөлі өсуде.

Беларусь пен Қырғызстандағы оқиғалар, Таулы Қарабақтағы соғыс сияқты факторлардың пайда болуы – республикамыздың сыртқы саясатының ерекше маңыздылығын тағы да көрсетті.

«Ақ жол» демократиялық партиясы халықаралық қатынаста, интеграциялық бірлестіктерде ең алдымен, еліміздің ұлттық мүдделерін қорғауға, сондай-ақ көп векторлы саясатына сүйенуі тиіс деп санайды.

Осы тұрғыда бірде-бір бірлестік, оның ішінде Еуразиялық одағын қоса алғанда, Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұтастығына қауіп төндірмеуі тиіс. Біз мемлекетіміздің саяси дербестігін шектейтін «ұлттық деңгейден жоғары тұратын парламент» құруға және өзге де осындай идеяларға қарсымыз. Интеграциялық бастамаларға қатысудың жалғыз мақсаты – өзара сауда-экономикалық тиімділік пен әлемдегі үздік тәжірибеге қосылу.

Сонымен қатар, көршілердегі оқиғалармен санасып, қорғаныс қабілетінің жоғары деңгейін ұстап тұру, Қарулы Күштерді ең заманауи техникалық жабдықтармен және ұлт қауіпсіздігі мен жер тұтастығына кез келген қауіп-қатерге қарсы тұратын «гибридті» құралдарымен жарақталуы қажет.

Парламенттік партия ретінде, біз барлық өзге де саяси күштермен бірлесіп, осы міндеттерді жүзеге асыруға өз үлесімізді қосуға дайынбыз.

Ақ жол, Қазақстан!

Материалдың жариялану ақысы Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық Партиясының сайлау қорының қаражатынан төленді



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – «АҚ ЖОЛДЫҢ» АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

«АҚ ЖОЛ» ДЕМOKPATИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚАЗЫБЕК ИСАННЫҢ XVI ҚҰРЫЛТАЙДА ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



1. ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – АЛАШ ИДЕЯСЫН ҰСТАНУ

«Ақ жол» партиясының парламенттегі 3 партиядан, сайлауға қатысатын 6 партиядан, жалпы еліміздегі тіркелгені, тіркелмегені бар барлық партиялардан артықшылығы – біріншіден, Ұлттық мүддені қорғауы, Ұлттық саясатты ұстануы. Алаш идеясын басты бағыты етіп алуы.

2. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ТАЛАП ЕТІП ОТЫРҒАН ЖАЛҒЫЗ ПАРТИЯ – «АҚ ЖОЛ»

«Ақ жол» партиясы тұңғыш рет 2007 жылы Ұлттық саясат концепциясын, 2012 жылы «Алаш» бағдарламасын қабылдаған және Мемлекеттік тіл туралы заңды талап етіп отырған жалғыз партия! Осы мақсаттарды іске асыруда нақты жұмыс істеп келе жатқан партия.

Ал бұл Ұлттық мүддені қорғау, Алаш идеясын ұсыну, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап ету – билік партиясының да, өздерін ғана «нағыз оппозиция» санайтын партиялардың да атап баспайтын, айшылық жерден алыс қашатын, қайта бұл Ұлттық мүдде – Тәуелсіздік тіректеріне, мысалы Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдауға қарсы шығып жүргені елге жақсы белгілі.

2012 жылы мамырда «Ақ жол» партиясы Тілдер туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жасады. Тіл туралы заң жобасының жетекшісі Азат Перуашев парламентте қанша айтысқанымен, Үкімет заң жобасын бекітпей тастады. Сөйтіп, Қазақ тілін дамыту туралы заң жобасына Қазақ үкіметі қарсы шықты. Бұл туралы «Қазақ үні» мен «Дат» газеттері бастап, бірнеше БАҚ жазды сол кезде.

«Ақ жол» партиясы Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын жуық арада қайтадан ұсынатын болады.

3. ПАРЛАМЕНТ ТАРИХЫНДА АЛАШТЫ АЛҒАШ КӨТЕРГЕН – «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ

1) «Ақ жол» партиясының арқасында Қазақ Парламенті тарихында тұңғыш рет 2007 жылы Алашорданың 90 жылдығында Алаш арыстарының аттары аталып, ұлағатты істерін ұлықтау мәселесі көтерілді. Үкіметке жасалған депутаттық сауалда «Алаш тағылымы» атты кешенді бағдарлама қабылдап, астанада «Алаш аллеясын» ашу, 13 желтоқсанды «Алаш күні» деп атап, бүкіл мектептер мен жоғары оқу орындарында Алаш туралы дәрістер оқуды ұсынды.

2012 жылы 7-қазанда «Ақ жол» партиясы тағы да Алаштың 95 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту мәселесін көтерді. Алаш арыстарына барлық қалаларда ескерткіштер орнатып, мектептер мен жоғары оқу орындары оқулықтарына Алаш тақырыбын енгізуге шақырды. Бірақ үкімет көңіл аудармаса да, «Ақ жол» партиясы өзінің филиалдары арқылы Алаштың 95 жылдығын да, 100 жылдығын да еліміздің барлық өңірінде атап өтті. 2012 жылдан бері елордамызда бірнеше рет республикалық ғылыми конференциялар өткізсе, Алматыда Халықаралық мүшәйралар өткізіп, мерекелік медаль шығарды. 2011 жылы Алаш рухындағы жастардың Азаттық сұрап алаңға шыққан Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығына арнап, республикалық мүшәйра мен ғылыми-конференция өткізді.

2013 жылдан бері «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық бағдарламасы биыл тоғызыншы рет өтіп келеді. Бұл дәстүрлі байқау аясында жас Алаштанушылар шоғыры пайда болды.

2) Тура осыдан 103 жыл бұрын, 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері тарих сахнасына Қазақтың алғашқы заманауи саяси партиясы «Алаш» шықты. Ал бір ғасырдан кейін, 2017 жылдың 2 желтоқсанында Қытай астанасы Бейжіңде Әлемдік саяси партиялар көшбасшылары форумына қатысқан «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев 125 елден жиналған 600 делегат қатысқан дүниежүзілік дүбірлі жиында «Алаш» партиясының атын асқатты. Ол қатысушыларды Орта Азиядағы алғашқы заманауи саяси партияның 100 жыл толу мерекесімен құттықтап, Алашорда туралы қазақ тілінде сөйлеп, ағылшын тілінде баяндама жасады.

3) Алашорданың көсемі Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын ЮНЕСКО бойынша тойлау туралы бастама көтерген де «Ақ жол» партиясы. Ұлттық банкке Әлихан Бөкейханның бейнесі бейнеленген монета шығаруды, «Қазпоштаға» маркі шығаруды ұсынған да «Ақ жол» партиясы. 2017 жылы «Ақ жол» партиясы ұйымдастырған «Алаш арманы – Тәуелсіз Қазақ Елі» атты халықаралық мүшәйра өтті. Сонымен қатар «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» республикалық жас ғалымдар байқауы биыл 9-шы рет өткізіледі. 2018 жылы «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы бойынша республикалық Мағжан оқулары өтті.

4. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫ – «АҚ ЖОЛДЫҢ» ҰСЫНЫСЫ

2015 жылы кейбір елдердің басшылары да, қосшылары да «Қазақ мемлекеті болмаған» деп жалғандыққа барып жатқанда Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өтуді «Ақ жол» партиясы ұсынып, Елбасыға хат жазды. Қазақ хандығының мерейтойына арнап халықаралық мүшәйра өткізіп, мерекелік медаль шығарды.

5. ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛЕТІНДЕРГЕ БЕРІЛУІ КЕРЕК!

«Ақ жол» партиясы – Қазақстан Республикасының азаматтығын Қазақ тілін, ҚР Конституциясын және Қазақстан тарихын білуі жөнінен емтихан тапсырғаннан кейін беруді заңнамалық тұрғыдан бекітуді саяси бағдарламасына енгізген жалғыз партия!

6. МЕМЛЕКЕТ АТЫ – ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ БОЛУЫ КЕРЕК.

Биыл, 2020 жылы «Алаш» автономиясынан бастау алатын және қазіргі Қазақстанның негізін қалаған Қазақ автономиялық республикасына 100 жыл толды. 2019 жылы «Ақ жол» демократиялық

партиясы үкіметке бұл тарихи күнді ресми атап өтуді және «Қазақстан» терминінің орнына тоталитарлық кеңес билігінің өзі мойындаған «Қазақ Республикасы» атауын қолдану туралы мәселені көтерді. Бұл бастаманы Ш.Уәлиханов атындағы тарих институты бастап, көптеген қоғамдық ұйымдар қолдады. Бірақ Қазақ Республикасының 100 жылдығын атап өту мен Қазақ мемлекетіне Қазақ атын қайтаруды Қазақ үкіметі қолдамады. Парадокс демей не дейміз бұны?!

«Ақ жол» тағы да тарихи бірегейлігімізді білдіретін Қазақ Республикасы мемлекеттік атауын қайтаруды ұсынады.

7. 4 МИЛЛИОН ҚАЗАҚТЫ ҚЫРҒАН АШАРШЫЛЫҚ – ҒАСЫР ЗҰЛМАТЫ

2020 жылғы мамыр айында «Ақ жол» демократиялық партиясы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі шараларды жалғастыру туралы тапсырмасына қолдау білдірді. «Ақ жол» кеңестік тоталитарлық биліктің қазақ халқына әдейі жасаған, 4 миллион қазақты қырған 1929-1932 жылдардағы «Ұлы жұт» (Ашаршылық) – Ғасыр зұлматын халықаралық деңгейде «Геноцид» деп таңу жөніндегі жұмыстарды бастауға шақырды.

Коммунистік идеялардан арылу және қуғын-сүргін жылдарында большевиктердің зорлығынан қуғын-сүргін көрген және атылған миллиондаған құрбандарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруді мемлекеттік саясаттың басты міндеттерінің бірі деп санайды. Қазіргі қолданыстағы нысандар мен ұйымдардың атауларындағы коммунистік атауларды, оның ішінде саяси партиялардың атауларына тыйым салуға шақырды. Бұл ұсыныс қазір өз нәтижесін бере бастағаны белгілі.

8. ҚАНДАСТАРДЫ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ЖИНАУ – КЕЗЕК КҮТІРМЕС МӘСЕЛЕ

2017 жылдың 1 желтоқсанында Қытай астанасы Бейжіңде Әлемдік саяси партиялар көшбасшыларының I халықаралық форумына қатысқан «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен партия төрағасының орынбасары Қазыбек Иса Қытайдың мемлекеттік төрағасы Си Жинпинге жазылған, Қытайдағы қамалған 112 қазақтың бар хатты Қытай басшылығына тапсырды. Сонымен қатар «Ақ жол» партиясы атынан да, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтың қолы қойылған хат берілді. Екеуінің де қытайша аудармасы да қоса берілді.

Бұл – Қытайдағы қазақтар қысымы туралы Қытай басшылығына алғаш ресми жариялау еді. 112 адам тізімін дайындаған «Атажұрт» қоғамының алғашқы басшысы Қыдыралы Оразұлы

кейін 79 адамның қамаудан босатылып, аман-есен елге оралғанын мәлімдеп, «Ақ жол» партиясына алғыс айтты.

«Ақ жол» партиясы бағдарламасында қандастарымыздың Қазақстанға оралуына басты назар аударып, баспана мен жұмыспен қамту атап көрсетілген.

9. ПАРЛАМЕНТТІК РЕСПУБЛИКАҒА КӨШПІ, ҚАРЖЫНЫ ХАЛЫҚ БАҚЫЛАУЫ КЕРЕК

«Ақ жол» – Президенттік басқару жүйесінен Парламенттік Республикаға көшуді ұсынып отырған партия. Парламент бірпалаталы орган болуы керек.

2012-2016 жылдары «Ақ жол» депутаттары Үкімет пен фракциялардың арасында тең қарым-қатынас қағидаларын қалыптастыру үшін көп күш салды. Осы қағидалардың бірі – біз әзірлеген, сегіз жылдан кейін қабылданған «Парламенттік оппозиция туралы» заңда іске асырылды.

2013 жылы «Парламенттік оппозиция» туралы заң жобасын ЕҚЫҰ жоғары бағалады. Бірақ қазақ үкіметі өткізбеді.

2019 жылы Ұлттық Кеңестің екінші отырысында бұл мәселені Президент Тоқаев көтеріп, ол биыл қантардан бастап талқыланып, көктемде қабылданды. Заң жобасын жасаушы «Ақ жол» партиясы болды.

Бұл заң оппозицияны құрып бермейді – бұл заң Парламенттегі азшылық партияға қосымша кепілдіктер береді. Яғни, алғаш рет біздің заңнамаға «парламенттік оппозиция» ұғымын «Ақ жол» енгізіп отыр.

«Ақ жолдың» заң жобасын жасағанына қарап, «ойбай, парламенттегі оппозициялық партия «Ақ жол» болады екен» деп кейбіреулер шулап кетті. Олардың ішінде кәдімгідей сақалы ағарған саясаткер боп жүргендер мен сақа журналистерді көргенде күлкі келеді. Парламенттегі оппозициялық партия болып парламент сайлауында екінші орын алған партия саналады. Ал ол партияны алдағы сайлау анықтайды. Мысалы, «Ақ жол» еліміздің барлық азаматтары алуы тиіс базалық зейнетақыны енгізуді ең алғаш ұсынған партия. Ал қазір базалық зейнетақыны тек «Ақ жолдықтар» алып жатқан жоқ қой, барлық ел азаматтарына тиесілі.

10. ӘКІМДЕРДІ ХАЛЫҚ САЙЛАУЫ ТИІС

«Ақ жол» демократиялық ұстанымдағы партия. Әкімдерді халық сайлауын баяғыдан бері айтып келеді. Келесі жылы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ұсынуымен елімізде тұңғыш рет ауыл әкімдерін халық сайлайтын болды. «Ақ жол» ауылмен қоса қала, (облыс орталықтары да) аудандар әкімдерін де сайлауды ұсынып отыр.

ХАЛЫҚ ТАЛАБЫН ҚОЛДАУ



11. ӘДІЛ САЙЛАУ – ӘЛЕУМЕТ ТАЛАБЫ

«Ақ жол» партиясы әділ сайлауды талап етіп, азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау, сайлаулардың бұрмалануын болдырмау мақсатында сайлау реформаларын жасау керек деп санайды.

Азаматтардың дауыстарын ұрлау арқылы билікке ие болу, яғни, билікті басып алумен бірдей қылмыс үшін жазалайтын кез келді.

Жаңа саяси партияларды 10 мың мүшеге дейін тіркеумен жеңілдету, сондай-ақ Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлауда партиялық өту шегін 7-ден 5% -ға дейін төмендету қажет.

12. ЖЕР САТЫЛМАУЫ ДА, ЖАЛҒА ДА БЕРІЛМЕУІ ТИІС

Жердің сатылмауы да, жалға да берілмеуі – «Ақ жолдың» басты талабы.

2016 жылы Жер мәселесі қатты көтеріліп, еліміз бойынша халық алаңға шыққанда құрылған Үкіметтің Жер туралы комиссиясында партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев сепаратистік пиғылдарды болдырмау мақсатында бермеуді ғана емес, біздің елмен шектесіп жатқан мемлекеттердің азаматтарына және компанияларына жерді жалға беруге де тыйым салуды ұсынды.

Алайда, шенеуніктер осы ұсыныстарымызды комиссияның қорытынды хаттамасына енгізбеді. * Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылы шенеуніктер жерді беруге қарсы шыққан 2016 жылғы көптеген митингілерден кейін жерді сатуға жарияланған мораторий мерзімі аяқталады.

Бұл мораторийді қабылдануға «Ақ жол» партиясы да үлес қосты. 2016 жылғы 30 сәуірде Алматыда сол кездегі Президент әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі меңгерушісі Аида Балаева еліміздегі барлық БАҚ басшыларымен жиын өткізгенде, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, «Қазақ үні» газеті Президенті Қазыбек Иса Жер Кодексындағы жерді сату және жалға беру туралы баптарға мораторий жариялау керектігін, әйтпесе, жағдай мүлде ушығып кететінін мәлімдеді. Бұл ұсынысты барлық БАҚ басшылары бірауыздан қолдады. Бұл сөзіміз үш күннен кейін «Қазақ үні» газеті мен сайтында «ЕЛБАСЫ ЕЛДІҢ ЖЕР ТУРАЛЫ СӨЗІН ЖЕРГЕ ТАСТАМАУЫ ТИІС» деген атпен мақаламызда кенінен талқыланып жазылды.

«Ақ жол» демократиялық партиясы мораторийдің аяқталуы қарсаңында тағы да жерді сатуға және жалға беруге тыйым салуды талап етеді. Осы шектеулерді заңмен бекіту керек деп санайды.

Биыл Үкімет сайтында «Қазақстандағы шетелдік компаниялар сол өздері орналасқан жерге ие бола алады» деген заң жобасы жариялана салысымен «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев дабыл қақты. Бұны барлық қоғамдық ұйымдар қызу қолдап, ақырында Үкімет сайтынан заң жобасын алып тастауға мәжбүр болды. Бұл туралы сол кезде белгілі қоғам қайраткері, қазір ұлттық мүддені қорғап, сепаратизмге қарсы шыққаны үшін теріс пиғылды қызыл коммунистердің жала жабуымен ісі тергеліп, ұйқамақта жатқан Марғұлан Боранбай фейсбуктегі парақшасында «Ақ жолға» алғыс айтып жазды.

13. ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК – ҚАЗАҚСТАНДА КЕДЕЙЛЕР БОЛМАУЫ КЕРЕК!

«Ақ жол» партиясы жер асты қазба байлыққа толы Қазақстанда кедейлік болмауы керек деп санайды. Өйткені, байлар кедейлер арасының қатты алшақтауы мемлекетке қауіп төндіреді.

Қазір халық үшін ең басты мәселе – баспана зары! Тұрғын үй үшін несие алушылар мен олардың балаларын шаш ал десе, бас алатын коллекторлардан қорғау үшін – «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң қабылдануы керек.

Онда кедейлікке ұшыраған қарыз алушылардың жалғыз баспанасы мен әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуы қамтамасыз етілу тиіс. Біздің азаматтарды баспанасыз қалдыруға болмайды!

* Жас отбасыларын ынталандыру және бала туу өсімін арттыру үшін «Ақ жол» демократиялық партиясы 2013 жылдан бастап жас отбасылар үшін ипотекалық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды бірінші бала туғанда – 25%, екінші бала туғанда – 50%, үшінші бала туғанда – 75% мөлшерінде енгізуді табанды түрде ұсынып келеді. 4-ші бала өмірге келген кезде мұндай отбасы үшін ипотеканы 2% -ға дейін төмендеті отырып, көп балалы отбасы санатына қосылуы тиіс.

14. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ОФШОРДАҒЫ МИЛЛИАРДТАРДЫ ЕЛГЕ ҚАЙТАРУ КЕРЕК

«Ақ жолдың» негізгі бағыттарының бірі – сыбайлас жемқорлық жол бермеу.

Партия төрағасы Азат Перуашевтың офшордағы банк есепшоттарына мемлекеттің қолжетімді болуын алғаш көтерген және сол үшін қайрат көрсетіп жүрген депутат екені елге белгілі.

* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тағы бір басым бағыты – шенеуніктердің офшорлық аймақтардан халықтан алынған миллиардтаған қаражатты ел игілігіне қайтару керек.

Бұл туралы партияның бірнеше депутаттық сауалдары жасалды. Үкімет пен Бас прокурорға бірнеше рет сауал жолдады, бірақ олардан бас тартқан, жалтарған жауаптарды алуға мәжбүр болдық.

Біз олардың жүзеге асырылуын талап етеміз.

* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың маңызды құралы биліктің жариялылығы мен оның қоғам алдындағы есептілігі табылады.

Баспасөздің аузын жабуға болмайды, «Ақ жол» демократиялық партиясы әшкерелеуші жарияланымдар үшін журналистерді қудалауға жол бермей, оларды қорғау жолында қызмет етеді. Біз журналистің мақаласы үшін жала беру туралы қылмыстық іс

қозғауды алып тастап қана қоймай, оны әкімшілік кодекстен шығарып, азаматтық құқықтық қатынастар саласына көшіру қажет деп санаймыз.

15. ОТАНДЫҚ ӨНІМ ҮШІН КҮРЕС – КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Кәсіп болмай, нәсіп болмайды. Мемлекеттің қуаты негізінен шағын және орта бизнестің дамуына байланысты.

Сондықтан, «Ақ жол» партиясы кәсіпкерлікті үнемі жүйелі түрде қолдап келеді. Ауыл шаруашылығына субсидия беруді қолдап бірнеше депутаттық сауал жолдады. Бұл жолда Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәселесін Бас прокуратурада көтеруге дейін барды.

«Ақ жол» отандық өнім өндірушілер мүддесін қорғау үшін ЕурАзЭҚ пен барлық шетелдік компаниялар үшін мемлекеттік сатып алу нарығын жабуды ұсынамыз. Шетелдік тауарлар, егер оларды өндіру Қазақстанда қажетті мерзімде ұйымдастырылмаған жағдайда ғана сатып алынуы мүмкін. Қалған барлық жағдайларда отандық өндірушілердің тауарлары басымды қолданылуы тиіс.

2014 жылы Үкімет «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңынан «қазақстандық тауар» және «қазақстандық өндіруші» ұғымдары алынып тасталды. «Ақ жол» фракциясының депутаттары ғана қарсы шығып, осы нормалардың сақталуы үшін 9 рет дауыс берді, қалған екі фракция 9 рет «Ақ жолдың» ұстанымына қарсы дауыс берді және отандық бизнесті мемлекеттік сатып алулардан қорғауды алып тастады.

Кейіннен партия қазақстандық кәсіпорындардың ұлттық компаниялар мен ірі жер қойнауын пайдаланушылардан мүдделерін қорғау үшін «сатып алу туралы» заңды қабылдау талабымен жиырма депутаттық сауал жолдады, бірақ үнемі бас тартқан жауаптар алдық.

16. ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАП, САЛЫҚТЫ ЖЕҢГЕН ПАРТИЯ

2019 жылы қаржы қиындығын қарапайым халықтың есебінен шешіп ала қойғысы келген Қаржы министрлігі банк карталарындағы

онлайн аударымдарға салық салатын боп, 2020 жылдың қаңтарынан қамбасын ашып, дайын отырған. Өйткені, қазір халықтың басым бөлігі күнделікті тұрмыста банк карталарын пайдаланады.

Ал енді біздің үкіметтің «Көптеген экономикалық шешімінің» арқасында, 2020 жылдан бастап, біз, мысалы «Каспиголд» банк картасы арқылы ас ішсек те, киім киек те, көшеде көлікпен жүрсек те салық төлейтін едік...

Атқа мініп, аттан салған «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Үкімет басшысына депутаттық сауал жасады. Өз еңбектерімен күнін көріп жүрген қарапайым халықтың онлайн-төлем жүйесіне салық салудың дұрыс еместігін айтқан Азат Тұрлыбекұлы үкіметке халықтың тиынын санағанда, миллиондаған пара мен офшорлардағы миллиардтаған қаржыны іздеу керек деп мәлімдеді.

Қарапайым халықтың қақын қорғаған «Ақжолдықтардың» аттаны Үкіметтің есін жиғызды. «Ақ жол» партиясы халықты орынсыз салықтан қорғап қалып, Үкіметпен тартыста жеңіске жетті!

ҰЛТШЫЛДЫҚ – ҰЛТЫҢДЫ СҮЮ

Алашорданың негізі – Ұлтшылдықта. 1922 жылы Алаш көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдығында сөз сөйлеген Сәкен Сейфуллин Аханның барлық қырын мақтап келіп, «Ең бастысы, Ахмет Байтұрсынұлы – ҰЛТШЫЛ» деп ардақтаған болатын. 2017 жылы 5-наурызда Әлихан Бөкейханның туған күні Ахмет Байтұрсынұлы мұражайында өткен Алашқа арналған аста сөйлеген сөзімде Алаштың 100 жылдығында кеңес империясы кезеңінде атылып кеткен Ұлтшылдық деген ұғымды ақтап алып, ардақталатын сөзге сөзімді тиіс деп айттым. Сол сөзімді тағы да қайталаймын.

Яғни, «Ақ жол» партиясының саяси бағдарламасында атап көрсетілгендей, Қазақ Еліне Алаш идеясынан артық Ұлттық идея жоқ!

«Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» – деп, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тура тауып айтқан. Ендеше, Тәуелсіздіктің 30-ыншы жылында, Көк түріктен көктеген Қазақ Елінің Көк туы көкте мәңгі желбірей беруі үшін, Алаш арманын орындау жолында «Ақ жолға» мінез көрсететін кез келді!

«Ақ жол» – ұлт зиялылары мен кәсіпкерлер негізгі ядросы болып табылатын халықтың демократиялық партиясы.

Алдағы Парламент сайлауының аламан саяси бәйгесінде «Ақ жолдың» ақбоз тұлпары алдан көріне берсін!

Қазыбек ИСА,
«Ақ жол» партиясы
төрағасының орынбасары,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық кеңес мүшесі



Материалдың жариялану ақысы
Қазақстанның
«Ақ жол» Демократиялық
Партиясының сайлау қорының
қаражатынан төленді

БАСТЫ МІНДЕТ - БИЗНЕС МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

Бизнестің мүдделерін қорғау - біздің негізгі міндетіміз. Бұл туралы «Ақ жол» партиясының үгіт-насихат тобының мүшелері Көкшетау қаласындағы сайлаушылармен кездесу барысында мәлімдеді.

Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына кандидат партия өкілдері, облыстық филиалдың активі қаладағы автокөлік сататын және қызмет көрсететін жетекші кәсіпорындардың бірінде болып қайтты. Партиялықтар компанияның жұмыс барысымен танысты. «Фаворит моторс» ЖШС жанынан автосалон мен көлік жуу орталығы ашылған. Мұнда сервистік қызметтер көрсетіледі, аккумулятор орталығы жұмыс істейді. Сөрелерден негізінен, отандық тауарларды көре аласыз. Жалпы серіктестік 60-қа жуық адамды жұмыспен қамтып отыр.

«Ақжолдықтар» сайлауалды тұғырнама және партия қызметі туралы айтып, мәселер мен тұлаларды тыңдады. Кәсіпорындар қызметкерлері белгілі бір қиындықтарға шағымданды. Олардың айтуынша, пандемияға қарамастан, олар бұл жер-

де штаттық режимді сақтай алды. Алайда, коронакризис ұсынылатын қызмет көлеміне әсер етті – олардың деңгейі төмендеді. Партия мүшелерінің айтуынша, ШОБ мәселелері оларға жақсы таныс. Себебі бизнес мүдделерін қорғау - партияның негізгі міндеті.

«Қазақстандық қоғамның тұрақтылығы экономиканың осы секторының дамуына байланысты. Біз өз бағдарламызда отандық бизнесті қолдау үшін нақты ұсыныстарды ұстап көрсеттік», - деп мәлімдеді Меруерт Қазбекова. «Ақ жол» партиясының бастамаларының ішінде: салықтық рақымшылық, ШОБ-ты ҚҚС, КТС төлеуден және төлем қабілеттілігі толық қалпына келгенше мүлік салығынан босату, микробизнес пен «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» халықты салықтан толық босату бар. «Ақ жол» партиясы мұндай адамдарға жұмыс істегені, мемлекеттен көмек күтіп, алақан жайып отырмағы үшін және отбасыларын асырағы үшін алғыс айту керек деп санайды.

Осы күні-ақ партия мүшелері «Алуа-Строй» кәсіпорнының

жұмысшыларымен кездесті. Кездесу 9 қабатты үйдің құрылыс алаңында өтті. Нысанда 2021 жылдың көктемінде пайдалануға беру жоспарлануда – жүзден астам отбасы өз үйлеріне кіретін болады. «Ақжолдықтар» қалаға көшетін ауыл жастарын қолдау бойынша партияның ұсыныстары туралы айтты. Ол үшін әкімдіктер шағын өндірістерге, білім беру мекемелеріне және әлеуметтік инфрақұрылымға арналған үй-жайларды бар ықшам әлеуметтік тұрғын үйлерді жаппай салуға тиіс. «Мұндай тұрғын үй қарапайым және арзан болуы керек, сондықтан жастардың қалада бейімделуіне, білім алуына және жұмыс істеуіне – аяғына тұрып, өздерін ыңғайлы жағдайлармен қамтамасыз етуге деген ынтасы болуы керек», – делінген «Ақ жол» бағдарламасында.

Сонымен қатар, жас отбасыларды ынталандыру және бала тууды арттыру үшін «Ақ жол» демократиялық партиясы 2013 жылдан бастап жас отбасылар үшін әр бала туған кезде 25% мөлшерінде ипотекалық кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды



енгізуді табанды түрде ұсынады. Содан кейін екінші бала туған кезде мемлекет ипотеканың 50%-ын субсидиялауы, ал төртінші бала туған кезде мұндай отбасы ипотеканы 0%-ға дейін төмендеті отырып, көп балалы санатқа ауыстырылуы тиіс деп ұсынды.

«Бүгінде үкіметтік бағдарламалар көпбалалы отбасыларға бағытталған. Бірақ ешқандай отбасы бірден үлкен болып кетпейді. Әрбір баланың дүниеге келуіне жастарды кезең-кезеңімен ын-

таландыру керек», – деді филиал басшысы Борис Мельников Бағдарламаның ережелерін келтіріп. Алдағы сайлауда жерлестерін «Ақ жол» партиясына өз дауыс беруге шақырды. Көкшетау кәсіпорындарының қызметкерлері «Ақ жол» партиясының сайлауалды бастамаларына қолдау білдіріп, өз шағымдарын да жеткізді.

«Ақ жол» демократиялық партиясының үгіт-насихат шаралары жалғасуда.

«АҚ ЖОЛ» ДӘРІГЕРЛЕРГЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

«Ақ жол» партиясының кандидаттары Шымкент қаласындағы «Медикер» медициналық бірлестігі ұжымымен кездесті. Кездесуге медициналық мекеменің дәрігерлері, қала жастары, партия мүшелері мен кәсіпкерлер қатысты.

«Медикер» медициналық орталығы 2015 жылдан бастап халыққа қызмет көрсетіп келеді. Мекемеде 350 медицина маманы қызмет атқарады. Жиында «Ақжол» партиясы Шымкент филиалының Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаттығына үміткер Тұран Әбжанов партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

Тұран Әлімханұлы жас кәсіпкер, «Заңғар» сауда үйі мен «World Class» фитнес клубының басшысы. Сондай-ақ ол қазақ тілінде «ProBusiness» мектепін



ашып, бизнесті енді бастаған жас кәсіпкерлерге көмектесіп, қолдау жасайды. Тұран Әлімханұлы ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттығына «Ақ жол» партиясының кандидаттары тізіміндегі ең жас үміткер.

– Биыл елімізде жайлаған COVID-19 індетімен жан аямай күрескен сіздерге алғыс білдіремін. Өздеріңіз білесіздер «Ақ жол»

партиясы эпидемияны ескере отырып, дәрігер мен медицина қызметкерінің материалдық жағдайын қамтамасыз ету, сондай-ақ ақ халатты жандардың кәсіби және адами қасиеттерін қорғау үшін олардың мәртебесі туралы Заңды әзірлеуді ұсынды. Сіздердің еңбектеріңізді біз әрқашан бағалаймыз және құрметтейміз, – деді Тұран Әлімханұлы.



КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ КЕРЕК

«Ақ жол» партиясының үгіт-насихат тобы Алматы кәсіпорындарында кездесулер өткізуде. Үгіт-насихат наүкілінің депутаттығына үміткер «Ақ жол» партиясының өкілдері алкогольсіз сусындар өндіретін «Libella Bottlers Almaty» зауытының жұмысшыларымен жүздесті.

Өндіріс өз жұмысын 1998 жылдан бастап жүргізіп келеді. Осы уақыт ішінде компания бірнеше беделді сыйлықтарға ие болды, оның ішінде 2002 жылдан 2007 жылға дейін «Жыл таңдауы» марапаты да бар. «Мұндай кәсіпорындарды, ең алдымен, біздің мемлекет, біздің Үкімет қолдап, олардың нығаюы, дамуы, жаңа жұмыс орындарын құруы үшін жағдай жасауы тиіс», – деп есептейді партия төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаттығына кандидат Дмитрий Васильев.

Зауыттың 200 қызметкері жылына 60 миллион литр сусын шығарады. Кездесу барысында олар мемлекет тарапынан бизнесті қолдау қажеттілігіне келісті. Сондай-ақ, «Ақ жол» саясаты кәсіпорындардың экономикалық жағдайын жақсарту және жұмысшы кадрлардың жаппай шетелге

кету жағдайын болдырмау бойынша өз ұсыныстарын айтты.

«Бұл кәсіпорын биыл бір жарым миллиард теңге салық төледі. Бұл біздің экономикамызға өте лайықты үлес, бірақ пандемия кезінде олар локдаун мен блокпосттар енгізген кезде жұмысшыларынан айырылды, себебі олардың жұмысшыларының үлкен бөлігі қала маңында, аудандарда тұрады. Олар жұмысқа келе алмады және кәсіпорын өз қызметкерлерінсіз қалды, осыған байланысты белгілі бір шығындарға ұшырады», – деп атап өтті Азат Перуашев. Ол «Ақ жол» партиясы мен оның парламенттік фракциясы бизнесті қолдау бойынша, оның ішінде пандемия кезеңінде де үнемі бастамалар мен ұсыныстар жасап отыратынын білдірді.

Жоғарыдағы шарамен қатар «ақжолдықтар» Қазақстан мен Орталық Азия нарығына май өнімдерін шығаратын және жеткізетін Алматы маргарин зауытына да барды. Үгіт-насихат тобы кәсіпорын қызметкерлерін «Ақ жолдың» сайлауалды бағдарламасымен таныстырды, партия мен парламенттік фракцияның жұмысы туралы сөз қозғады. «Ақ жол» кандидаттары сұрақтарға жауап беріп, сайлаушылардың шағымдарын тыңдады.

«АҚ ЖОЛ» АТЫРАУДА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы өкілдері «Рауан Налко» кәсіпорнында сайлаушылармен кездесу өткізді.

Кездесуде партияның Атырау облыстық филиалының төрағасы Ермекқали Юсупов пен ҚР Мәжіліс депутаттығына үміткер Серік Ерубасев жиналғандарды партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

Шарада облыстық кеңес мүшесі Әбілхан Сейтімұлы мен зейнеткер Ақмырза Батырхайыров, «Рауан Налко» ЖШС-нің аға-шебері Асылбек Мақсотов пен логистика бөлімінің менеджері Руслан Абулханов өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Кездесуге қатысушылар партияның сайлауалды бағдарламасын бірауыздан қолдап, алдағы сайлауда «Ақ жол» партиясына дауыс беруге шақырды.



КИЕЛІ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

«Nur Otan» партиясының алпысқа жуық партия белсендісі, қоғамдық пікір көшбасшылары мен партиялық тізімдердегі депутаттыққа кандидаттар Түркістан облысының жартысынан астамын қамтып, бірнеше кездесу өткізді. Оның ішінде аграршылармен, мұғалімдермен, дәрігерлермен және басқа да азаматтармен жүздесті.

Көпбалалы аналармен кездесу барысында әйелдерді әлеуметтік қолдау шаралары талқыланды. Нұротандықтар басқосуда көтерілген мәселелерді тындап, бақылауға алды. «Біздің бағдарлауымызда әйелдердің жан-жақты дамуына жағдай жасауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесуге, сондай-ақ ана мен баланы қорғауға баса мән берілген. Бұл үшін бүкіл ел көлемінде Отбасын қолдау және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары желісі құрылады. Қиын жағдайға тап болған отбасыларға атаулы көмек көрсету күшейтіліп, жыл сайын ЭКО жасауға 7 мың квота бөлінеді», – деп атап өтті Республикалық сайлауалды штаб жетекшісі Бауыржан Байбек.

Кентау қаласында тұрғындармен кездесуде ауылдарды газдандыру, ауыз суға қолжетімділікті қамтамасыз ету, әлеуметтік нысандар салу және жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері көтерілді. Партиялықтардың айтуынша, азаматтарды толғандырып жүрген көптеген мәселелер «Nur Otan»-ның сайлауалды штабының көмегімен шешіледі. Атап айтқанда, партия өңірлерде 50 жаңа өнеркәсіптік кәсіпорын құрып, 125 мың жұмыс орнын ашуға жағдай жасамақшы. Үш ауысымды



және апатты мектептерді жою үшін 12 жаңа мектеп, сондай-ақ ауыл тұрғындары үшін 14 жаңа аурухана мен емхана құрылысы жүргізіледі. 60-тан астам елді мекеннің 150 мыңнан астам тұрғынының ауыз суға қолжетімділігі қамтамасыз етіліп, 200 мыңдай тұрғыны бар 90-нан астам ауылды газдандыру көзделген.

Түркістан облысының зиялыларымен кездесуде мемлекеттік тіл мен ұлттық мәдениетті ары қарай дамыту жайы әңгіме арқауына айналды. Ақсақалдардың сурақтарына жауап бере отырып, билеуші «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары жердің шетелдіктерге сатылуына жол бермейтінін баса айтты. Сонымен қатар, партия қазақ тілінде білім беретін мектептер мен балабақшаларды көбейтуге, мемлекеттік тілдің барлық салада қолданылуын кеңейтуге ықпал

етпек. Сондай-ақ дәстүрлі мәдениет пен ұлттық спорт түрлеріне қолдау көрсетуді жалғастыра береді.

Қоғамдық пікір көшбасшылары, партия белсенділері және партиялық тізімдердегі кандидаттардан құралған 400-ге жуық адам кіретін «Nur Otan»-ның Республикалық сайлауалды штабы Шымкент шаһары мен өзге де қалаларды аралап, тұрғындармен кездеспекші.

Айта кетелік, 216 өңірлік сайлауалды штаб жұмысына еліміздің 7 мыңдай белгілі де беделді азаматтары жұмылдырылған. Олардың қатарында праймериз жеңімпаздары, қоғам қайраткерлері, қызметтегі депутаттар және тағы басқа белгілі азаматтар бар. Онлайн-технологияларды ескерсек, жалпы іс-шаралар кемінде 9 миллионнан астам қазақстандықты қамтиды.

ТӘУЕЛСІЗДІК БАТЫРЛАРЫНА ТАҒЫМ

Елімізде басты құндылығымыз Тәуелсіздік күні атап өтілді. Қазақстан бойынша 10 мыңнан астам жасотандықтар Тәуелсіздік батырларына құрмет көрсетіп, тағым етті. «Jas Otan» белсенділері еліміздің барлық қала орталықтарындағы ескерткіштерге гүл шоқтарын қойды.

«Nur Otan» партиясының басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің таяудағы құттықтауында атап өткендей, 29 жыл бұрын Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін біз ата-бабаларымыздың көпқасырлық арманын орындадық. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде Қазақстанның алдында бірқатар жаңа ауқымды міндеттер тұрғанын атап өтті. «Біз берік іргетастары мен прогностиктік құндылықтары бар экономикалық қуатты, әлеуметтік әділетті және ашық қоғам құрамымыз. Біз дәйекті реформалар мен сапалы қайта құрулар жолымен келеміз. Бұл саясат жалғасады» – деді мемлекет басшысы.

Алматыда 500-ден астам жасотандықтар 1986 жылы желтоқсанда республика алаңында қаза тапқандарды еске алды. «Jas Otan» төрағасы Елнұр Бейсенбаев бұл акцияға ұрпаққа олардың ерлігі үшін ризашылығымыздың бір белгісі екенін білдірді. «Тәуелсіздік аспанның құлаған жоқ, ол аспаннан келген дүние. Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Спатаев, Сабира Махамеджанова, Ләззат Асанова және басқа да қазақ ұлтының ұлы батырларының есімдері ешқашан халық есінен шықпайды. Біз осындай айтулы оқиғалардың өзегіне айналған өзіміздің парыздымыз деп санаймыз», – деді Елнұр Бейсенбаев.

Акция санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға қатаң сәйкестікте өтті, қатысушылар маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

10 қаңтар
января 2021



ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САПАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТУ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

«Ауыл» партиясы атынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Валентин Васильевич Хадановичтің «Азимут» ЖШС еңбек ұжымымен кездесуі өтті.

Кездесу барысында азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері талқыланды. Кез келген мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі – ұлт қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі. Халықты жеткілікті мөлшерде азық-түлікпен қамтамасыз ету – мемлекетіміздің өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені, ол ұлттымыздың экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, демографиялық және басқа да салаларын қамтиды.

Кездесу барысында Валентин Хаданович негізгі бастама – мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігі Заңын немесе тұжырымдамасын әзірлеу туралы ұсыныстарын таратып айтты.

«Бұл тұжырымдамаға немесе доктринаға мыналар негіз болуы керек:

1. Ауыл аумақтарының негізгі табиғи-экологиялық әлеуетін – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қорғау. Жер иеліктен шығарылуы немесе ҚР азаматтығына қатысы жоқ тұлғаларға жалға берілмеуі тиіс. Шаруашылық басқармасына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер алған тұлғалар топырақтың жойыл-

майтын физикалық құнарлылығын қамтамасыз етуі тиіс. 2. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласының өзіндік генетикалық әлеуетін сақтауға және дамытуға кепілдік беруі. 3. Жеке меншік ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту есебінен ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын едәуір нығайту.

Азық-түлік қауіпсіздігі және аграрлық саладағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мәселелері мемлекетіміздің экономикалық саясатында маңызды орын алады. Ауыл шаруашылығы объективті түрде жаһандық экономиканың негізгі саласына айналууда. Бұл фактілердің барлығын «Ауыл» партиясының мүшелері назардан тыс қалдырмайды. Нағыз патриоттар, ауыл тұрғындары үшін бұл тақырып әрқашан да өзекті.

Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша осы және басқа да мәселелерді Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне кандидат Валентин Хаданович «Азимут» ЖШС ұжымымен талқылады.

Өндіруші кәсіпорын «Азимут» ЖШС 10 жылдан астам суық сығымдалған майлар өндірісіне маманданған. Олар зығыр майы, қыша, арыш, күнбағыс, күнжіт, жержаңғақ, қарасора, қыша ұнтағы, зығыр ұны, күнжіт ұны, жержаңғақ ұны, қарасора ұны, диеталық кисельдер және басқа да сапалы тағамдарды шығарады.

АУЫЛ ЖАСТАРЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛСЫН

Тараз қаласында «Ауыл» партиясынан депутаттыққа ұсынылған кандидаттар Жамбыл облысында ауыл жастарымен кездесті. Іс-шараға еліміздің Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар Қарлығаш Аралбекова мен Нұржігіт Бегалы қатысты.

Партияның бағдарламасында жастар мәселесі кенінен көтерілген. Мәселен, партия жас отбасыларға тұрғын үй алуға және тұрғын үй жағдайын жақсартуға, ал ауылға көшіп барғандарға тұрғын үй алуға, үй шаруашылығын қалыптастыруға және ауылда бизнес ашуға пайызсыз несие беру бағдарламасын енгізуді көздейді. Өз сөзінде Қарлығаш Аралбекова бұл бастама жүзеге асатын болса ел тірегі ауыл жастарының әлеуметтік мәселелерінің шешілуіне тікелей жол ашылады деп есептейтінін жеткізді. «Еліміздің жастары мемлекеттің болашағы деп айтып жүрміз. Бұл тек қала жастарына қатысты емес екені түсінікті. Демек, ауылды жерлердегі жастарға да лайықты қолдау болуы тиіс. О үшін партия ауыл жастарының білім грантын алуына және жұмысқа орналасуына кепілдік беретін



«Ауылдан – диплом алу үшін» бағдарламасын әзірлеуді ұсынып отыр. Сонымен қатар, жоғары және орта арнаулы аграрлық оқу орындарының түлектері үшін квоталау тәжірибесін енгізу қажет» – деді Қарлығаш Әмірқызы.

Еліміздің Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Нұржігіт Бегалы «Ауыл» партиясының бағдарламасында балалы отбасыларға арналған тиімсіз, қысқа мерзімді төлемдердің орнына кепілдендірілген «Бала нәсібі» жәрдемақысын енгізіп, оны 18 жасқа толғанша төлеу ұсынылып отырғанын айтты. «Мұндайға мемлекетіміздің толық мүмкіндігі бар деп есептеймін. Бұл іске асатын болса ауыл тұрғындарының әлеуметтік әлеуеті жақсарып, өмір сапасын жоғарылату мақсатын жүзеге асыру жұмыстары жолға қойылады» – деді Нұржігіт Мамырұлы.

Сонымен қатар, кездесуге қатысқан Жамбыл облыстық

мәслихатының депутаттығына кандидат Әліби Сағындықов ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру ісімен айналысып жатқан кәсіпорындар мен фермерлерді қолдау мақсатында қосымша құн салығынан босатып, несиелерді арзандатуы көздейтін субсидия түрлерін бөсеуге дейін қысқарту бастамасы партияның бағдарламасына еніп отырғанын тілге тиек етті.

Кездесу барысында жас кәсіпкер, «Даму Сұрат» ауылшаруашылық кооперативінің басшысы Тәуіржан Алтынбаев партияның бұл бастамалары елді мекендерде еңбек етіп жатқан шаруашылық өкілдерінің көңілінен шығады деп есептейтінін айтты. Өз ойын шаруалардың үнін жеткізіп отырған «Ауыл» партиясына ризашылығын білдіріп, бұл бастамалар заңдық тұрғыда қабылданса құба-құп болар еді деп қорытындылады.

Бетті дайындаған
Гүлмира САДЫҚ

С 10 декабря социальные сети бурлят из-за высказывания Вячеслава Никонова, председателя Комитета по образованию и науке Государственной Думы РФ, который в эфире передачи «Большая игра» 10 декабря на «Первом канале» заявил: «Казахстана просто не существовало. Северный Казахстан вообще не был заселен. Они существовали, но гораздо южнее. И, собственно, территория Казахстана – это большой подарок со стороны России и Советского Союза». Раньше мы привыкли к тому, что известные политики Жириновский, Лимонов и другие выступали против нашей государственности. Теперь подключился и председатель Комитета с Думы Вячеслав Никонов – он выступил с новой порцией клеветы.



ПУТИНА НАДО ПРИГЛАСИТЬ НА ЮБИЛЕЙ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ! НЕ ЗАБЫВАЕМ И О 800-ЛЕТИИ ВОСХОЖДЕНИЯ ЖОШЫ ХАНА НА ПРЕСТОЛ!



Казыбек ИСА,
член Национального совета
при президенте РК.

12 декабря Министерство иностранных дел Казахстана направило ноту из-за заявления депутата Госдумы РФ В. Никонова. Российскому дипломату была передана нота с позицией МИД Казахстана. В ведомстве отметили, что «участившиеся провокационные выпады некоторых российских политиков в отношении Казахстана наносит серьезный ущерб союзническим отношениям».

После этого выступил депутат Госдумы Евгений Федоров на YouTube-канале «БЕЛРУСИНФО» с поддержкой Никонова и с ответом МИД РК. Он заявил, что Казахстан должен вернуть России «арендованную» территорию.

Обращает внимание, что оба депутата являются членами правящей партии «Единая Россия», возглавляемой Дмитрием Медведевым. Естественно, возникает вопрос: можно ли принимать заявления этих депутатов как официальную позицию России по отношению к Казахстану?

Этим летом, когда страны боролись с новой заразой – COVID-19, сам президент России Владимир Путин не стал скрывать заразную привычку, бросив очередной камень в огород независимых государств.

А до этого, в 2014 году, президент России заявил, что «У казахов не было государственности никогда».

В том же году 5 человек во главе с председателем партии «Ак жол», депутатом Мажилиса Азатом Перуашевым написали письмо президенту РК с предложением отметить 550-летие Казахского ханства на государственном уровне. Вскоре мы отметили наш исторический национальный юбилей. Очевидно, что история казахского народа насчитывает более 3000 лет, от истоков Казахского хан-

ства – от Золотой Орды – до каганата голубых (небесных) тюрков, саков и гуннов.

«Ну что вы ответите российским депутатам?» У нас такой вопрос задают тем, кто озабочен интересами нации, в том числе и мне. На такой вопрос можно ответить, что это не первые провокационные действия со стороны российских политиков. В свое время мы отвечали не только депутатам соседней страны, строящим из себя вершителей судеб, но и самому их лидеру. То, о чем сказали Никонов и Федоров, – эта старая заразная «песня» о вымышленном «земельном вопросе».

Этим летом, 21 июня, президент России в интервью телеканалу «Россия 1» заявил: «Возникает вопрос: если та или иная республика вошла в состав СССР, но получила в свой багаж огромное количество российских земель – традиционных российских исторических территорий, а потом решила выйти из состава? Но тогда бы выходила хотя бы, с чем пришла, и не тариха». Тогда, 24 июня, в газете / на сайте «Қазақ үні» мы ответили статьей «ТАҒЫ ШАЙҚАЛА БАСТАҒАННЫҢ МИЫ ШАЙҚАЛА БАСТАЙДЫ... Путин өз сөзінің кейіпкеріне айнала бастады...».

В ней было отмечено: «Конечно, это заявление кремлевского хозяина не обьяснить здравым смыслом. Поскольку ни одна республика не получила «подарок» от России – каждая вошла в состав Советского Союза и вышла со своей территорией. А если коснуться основания, то Оренбург, первая столица Казахстана, когда он присоединился к Советскому Союзу, остался в России, не говоря уже об Омске и Астрахани».

Что касается наших исторических территорий, то даже нейтральный лидер Беларуси, смелый батька Александр Лукашенко сказал: «Давайте тогда вернемся во времена хана Батыя, тогда надо будет отдать Казахстану, Монголии и еще кому-то всю территорию России, Восточной Европы». Это был адекватный ответ на слова Путина о том, что «У казахов не было государственности никогда».

Эта статья также была опубликована на русском языке под заголовком «Из-за потрясения трона случаются сотрясения мозга...».

А ведь президент РФ и политики-шовинисты соседней страны, с которой у нас подписан Договор о



дружбе, сотрудничестве и взаимной помощи и которая является нашим стратегическим партнером, не только тоскуют по бывшему Советскому Союзу. В их выступлениях нередко просматривается желание, чтобы бывший Советский Союз был восстановлен, и это является явным свидетельством их негативного намерения.

Путин также ясно дал понять, что хочет превратить Евразийский экономический союз в копию бывшего политического союза – Советского Союза. В мае 2020 года на заседании Высшего Евразийского совета новая Стратегия, которую заранее подготовили, не была принята только из-за критики президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева.

Судя по всему, президент Путин забыл о том, что когда-то сам говорил. На вопрос об отношении к распаду Советского Союза он ответил: «Кто не жалеет о распаде СССР – у того нет сердца. А у того, кто хочет его восстановления в прежнем виде, – у того нет головы».

Никонов подхватил «вирусную» атаку своего вождя о «подарках от русского народа» и заявил, что «территория Казахстана – это большой подарок со стороны России». О «подарках» сказал и Федоров.

И президент, и депутаты не заметили, что противоречат вышеприведенному высказыванию. Они теряют голову от тоски по Советскому Союзу?!

Если просматривать настоящую историю, то Золотая Орда, которой платили налоги все русские княжества, начиная с Москвы, была фундаментом для основания Российской империи, что признавали ведущие российские ученые в своих статьях и книгах.

А то, что мавзолей «дедушки» Золотой Орды, 750-летие которой отмечаем в этом году, Джучи-хана

находится в Казахстане, в Улытау, должно быть еще одним напоминанием соседним странам.

Мы не смогли достойно отметить юбилей Золотой Орды то ли из-за пандемии, то ли, как обычно, оглядываясь на реакцию соседней страны, хотя он должен был стать главным праздником нашей страны. Его надо было провести на высоком государственном уровне и пригласить всех глав государств, начиная с Путина.

Итак, как мы предложили в Нацнационального совета при Президенте Республики Казахстан в 2019 году, в 2023 году мы должны отметить 800-летие восхождения на престол основателя Золотой Орды Жошы хана! Надо не забыть пригласить президента России Путина одним из первых на празднование этого торжества!

Как всегда, первая и пока единственная партия в стране «Ак жол» выступила с политическим заявлением против провокационных высказываний Никонова. Кроме того, председатель партии Азат Перуашев направил председателю партии «Справедливая Россия» С.М. Миронову письмо с просьбой поддержать правду от имени партии и опубликовать заявление казахстанской партии «Ак жол» в российской Думе. Если партия действительно заслуживает названия «Справедливая Россия», она должна опубликовать в российской Думе заявление партии «Ак жол»!

На днях на сайте «qazaquni.kz» была опубликована статья главного редактора сайта Азамата Таскараулы под названием «Тәуелсіздіктің құнын құл ғана білмейді» («Только рабы не ценят независимость») против клеветы депутата Госдумы Никонова.

Кроме того, на нашем сайте известный ученый, доктор истори-

ческих наук, профессор, директор Института истории и этнологии имени Ш. Валиханова Зиябек Кабылдинов опубликовал статью под названием «РУКИ ПРОЧЬ ОТ КАЗАХСТАНА! СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН ВСЕГДА БЫЛ, ЕСТЬ И БУДЕТ ИСКОННО КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕЙ!»

Здесь компетентный ученый на основе исторических документов доказал, что Северный Казахстан издревле был казахской землей, и пригласил российского депутата Никонова на открытую дискуссию в эфире любой страны! Не зная ни одного из фактов, известных нашему историку, удивительно, как он стал доктором наук и возглавил Комитет по науке и образованию Государственной Думы.

После заявления Никонова на следующий день СМИ сообщили, что активист движения «Патриот» разместил на ограде посольства Казахстана в Москве баннер «Северный Казахстан – русская земля». Это означает, что эту провокацию начинают продвигать уже в массы. Местные органы соседней страны должны нести ответственность за этот провокационный акт.

Создается ощущение, что заявления российских депутатов сделаны «неспроста», неслучайно.

Посмотрите, на каком уровне говорит депутат Федоров: «А вот когда официальный орган Казахстана заявит: «Мы вам ничего не подарим, это мы у вас отняли». Ах, если мы у вас отняли – тогда давайте с вами разговаривать по-другому, другим языком, ребята казахстанцы. Одно дело, добрый русский человек вам подарил и вы это цените и дружите с ним, а другое дело, что вы на него плюнули, как в данном случае сделал МИД Казахстана... Это означает, что Россия должна потребовать: «Раз вы это не признаете подарком, значит, тогда отдайте, потому что вы взяли незаконно».

Депутат государственной думы РФ от Либерально-демократической партии России Владимир Жириновский поддержал территориальные претензии к Казахстану со стороны депутата Госдумы Вячеслава Никонова.

Жириновский выступил в своем репертуаре: «Он все правильно сказал. Никонов очень грамотный человек, занимается этим, был бы жив дедушка его – Молотов Вячеслав Николаевич – он бы подтвердил это. Там Россия: Уральск, Семипалатинск, Петропавловск. Причем здесь Казахстан?»

Здесь уже какие-то объяснения на уровне МИД не пойдут. Надо, чтобы на самом высоком уровне дали разъяснения. Такие открыто агрессивные выпады в адрес страны партнера не допускают. Шовинизм становится инструментом пропаганды патриотизма в России.

Следует выяснить, является ли мнения депутатов официальной позицией России. Российская Дума, МИД или сам президент Путин должны дать объяснения. Это то, что делает уважающая себя страна.

Ведь соглашение о делимитации границ с Россией зарегистрировано в ООН.

В то же время не стоит поддаваться на такие провокации. Такие вещи будут высказываться и в будущем. Надо продолжать специальную госпрограмму по переселению жителей с южных регионов в северные области, укреплять обороноспособность страны.

Национальный дух начинается с защиты наших национальных интересов! Пусть голубой флаг Независимой Казахской республики вечно колыхается в синем небе!

Наша жизнь стремительно меняется на глазах, и кто не успеет на «поезд современности», тот может остаться на обочине истории. В последние десятилетия развитие технологий вышло на некую финишную прямую. И проиграет тот, кто не сумеет вовремя перенять стремительные изменения в этой сфере, перестроить экономику, используя их, адаптироваться к ним.

РК. ВМЕСТО ЭКСПОРТА СЫРЬЯ – АККУМУЛЯТОРЫ, ТРАНСФОРМАТОРЫ И ...РОБОТЫ

СМК И БУДУЩЕЕ РОБОТОТЕХНИКИ

В наши дни можно оплачивать коммунальные услуги, проводить банковские операции, покупать товары в интернет-магазинах, не выходя из дома, пересылать документы в электронном виде, можно учиться, работать онлайн и др.

Технологии позволяют быстро передвигаться: покупать билеты на поезд или самолет онлайн, отслеживать движение общественного транспорта, планировать маршрут авто с помощью функции онлайн-навигации, видеть загруженность транспорта на городских дорогах и выбирать более или менее свободный маршрут и т.д.

Развитие новых технологий в медицине неизбежно ведет к значительному продлению жизни в будущем, в том числе и использование роботов. Они уже используются при сложнейших операциях, не говоря об искусственных конечностях.

В настоящее время в сфере робототехники революции происходят чуть ли не каждую неделю, разрабатываются все более совершенные механизмы. Роботы спасают людей, работают в экстремальных условиях, заменяют живое общение, исследуют планеты Солнечной системы и т.д. В сфере робототехники на данный момент решается самая важная задача: как оснастить робота искусственным интеллектом.

Плеетом в развитых странах робототехнике начинают обучать с 4-6 лет.

12 сентября 2019 г. в рамках VII Форума машиностроителей Казахстана в Нур-Султане прошел конкурс по робототехнике среди школьников. Организаторами форума выступили Министерство индустрии и инфраструктурного развития РК, Союз машиностроителей Казахстана при поддержке АО «Самрук-Қазына».

Это очень своевременная и востребованная идея СМК: производственники сами обратили внимание и пригласили школьников, занимающихся робототехникой, на такой конкурс. Ведь ответственные работодатели должны разглядеть юные таланты, дать им возможность расти и видеть в них своих будущих компетентных специалистов и менеджеров.

Команды-победительницы получили солидные денежные призы для новых стартов. Возможно, в этом году пандемия помешала для проведения такого конкурса, но такие конкурсы востребованы, и ребят надо собирать со всей страны.

Такие конкурсы рожают закономерный вопрос: а будут ли в будущем для этих дарований соответствующие специальности и рабочие места?

В этом плане представляется перспективным сотрудничество Союза машиностроителей Казахстана и «Назарбаев Университета»: на форуме машиностроителей РК была демонстрация научных разработок кафедры робототехники и мехатроники НУ.

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РОБОТИЗАЦИИ


С 2011 г. «Назарбаев Университет» готовит специалистов по «робототехнике и мехатронике» – около 30 человек в год.

В Казахстане медленно, но все-таки внедряются роботы на производстве, отчасти в медицине. В основном это роботы-манипуляторы. Такие есть на автоборочном предприятии «СарыаркаАвтоПром» в Костанае, они

кружки робототехники, в которых работают и выпускники данного университета. Школьники ходят в технические кружки с самых юных лет, и за это время они становятся настоящими экспертами.

Иными словами, есть научный потенциал «Назарбаев Университета» в этой сфере, который пока слабо востребован, хотя есть заинтересованность в научном сотрудничестве в будущем у производственников. По этой причине у нас должны появиться предприятия, на которых могли бы работать выпускники НУ.

Известно, что внедрение промышленных роботов эффективно лишь при больших объемах выпуска, на поточных линиях. У нас пока нет таких производств. При выполнении мелких партий и единичных заказов предприятиями внедрение роботов экономически



используются для сварочных и покрасочных работ. Сварочные манипуляторы были установлены на недавно открывшемся заводе в Атырау, есть манипуляторы на заводе Astana Solar.

Выпускники НУ подхватывают подготовку и для спутникового завода «Казкомоса», с которым были переговоры по подготовке кадров. В Нур-Султане планировали построить «космический городок» и завод по производству и испытанию космических аппаратов. Однако завод не заработал до сих пор.

Оказалось, интеллектуальную систему видеонаблюдения и видеонаблюдения для контроля дорожного движения «Сергек» разработали в НУ. Систему внедряют в Нур-Султане, Алматы и других городах Казахстана. Например, в Нур-Султане установлено и подключено 13 камер; смонтировано 300 линейных участков, контролируемых скоростной режим и выделенную полосу «buslane»; а также 400 перекрестков, на которых контролируется скоростной режим, стоп-линия и проезд на красный сигнал светофора.

Уже есть факты применения системы видеонаблюдения для раскрытия преступлений хулиганского характера.

Кстати, в городах появились

невыгодно, потому что они очень дорогие.

По словам профессора кафедры робототехники и мехатроники НУ Алмаса Шинтемирова, наиболее конкурентоспособными мы можем быть в сегментах протезирования и беспилотников.

Вот как разъясняет национальные особенности роботизации Алмас Шинтемиров: «Медицинская робототехника, 3D-протезирование – технологии с высокой добавленной стоимостью, но если эти продукты проектировать и изготавливать в Казахстане, то они будут стоить в разы дешевле, пусть даже с несколько меньшим функционалом по сравнению с зарубежными аналогами. Мы хотим начать с меньшего по сложности – реабилитации верхних конечностей. Повторюсь, этот рынок еще никем не занят ни у нас, ни в России, и если планомерно заниматься развитием данной области робототехники, то можно выйти на передний край. Второе направление – беспилотные автомобили, комбайны и другая сельхозтехника, наземные мобильные роботы. Территория у нас огромная, население сравнительно небольшое, особенно в удаленных от городов регионах и сельской местности, месторождений природных ископаемых много. Благодаря бес-

пилотникам можно разрабатывать большое количество месторождений, осваивать земли сельхозназначения, привлекая минимум работников по примеру RioTinto в Австралии, где уже работают беспилотные самосвалы в карьерах» (<https://kapital.kz/business/64593/kazakhstan-robotetsya-zasvoy-kusok-mirovogo-gynka-robototekhniki.html>).

Вузов, соответствующих НИШ, РФМШ, БИЛ (КТЛ) как следующее звено образования, у нас мало – НУ, КБТУ, КИМЭП и еще пара-тройка вузов и все. В итоге многого остается уехать учиться за рубеж и даже остаться там после учебы.

Ведь кроме дефицита сильных вузов у нас неразвита экономика, которая не имеет подходящих производств для таких «по-английски» образованных кадров.

Говорят, некоторые болашаквцы работают в ЦОНах, а многие из них остаются за «бугром». В итоге – порочный круг: школьная система образования Казахстана раньше готовила будущих студентов для российских вузов (будущих специалистов для соседней страны), а сейчас готовит и для Европы, США и т.д.

Казахстану нужно активно перенимать опыт создания университетских технопарков, научных парков и бизнес-инкубаторов у развитых стран. Некоторые такие объекты уже созданы и в нашей стране, как в НУ, но пока их очень мало.

Что такое технопарк? Это когда каждое уважающее себя крупное предприятие открывает свое представительство в каком-либо университете. Конечной целью технопарков является создание новых высокотехнологичных бизнесов. У нас пока этого нет.

АККУМУЛЯТОРНАЯ ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА

Но мало создать новые высокотехнологичные предприятия. Необходимо вместо экспорта сырья переходить к экспорту несервизных товаров и услуг. Ведь у нас тотальная зависимость от иностранных производителей в такой стратегической сфере, которая напрямую связана с обеспечением нашей страны важнейшими товарами, начиная от бытовых приборов и заканчивая средствами производства и вооружением.

Такая ситуация особенно высветилась в этом «карантинном» году.

Конечно, в последние годы в Казахстане делается многое, чтобы преломить ситуацию и выйти из «нефтяной иглы».

Например, Казахстан стал экспортировать электровозы, тепловозы в Туркменистан, Таджикистан, Азербайджан, Кыргызстан,

Украину. Наши светофоры регулируют движение транспорта в ряде стран.

Как отметил Женис Касымбек в 2017 г., в то время министр по инвестициям и развитию: «Автомобили, собранные в Казахстане, экспортируются в Таджикистан, Узбекистан, Кыргызстан, Китай. Ведется работа по продвижению пассажирских вагонов, рельсов и продукции военно-промышленного комплекса казахстанского производства на экспорт. Выросли поставки трансформаторов отечественного производства на 60%. Объем экспорта 21 млн. долларов США. Недавно запущенный Уральский трансформаторный завод экспортирует 96% доли своей продукции за рубеж». Как он заключил, также наблюдается тенденция по увеличению экспорта аккумуляторов до 1,2 млн. штук почти на 35 млн. долларов. Аккумуляторы начали экспортировать на Ближний Восток, Кавказ и Беларусь.

Недавно вице-министр торговли и интеграции Азамат Аскарұлы заявил, что в 2020 г. утвердили Дорожную карту по ускоренному продвижению экспортной продукции, и в нее из машиностроительной продукции попали трансформаторная продукция и аккумуляторы. Если в этом году приоритетным продуктом экспорта была пищевая продукция, то в следующем году будет продукция машиностроения.

Азамат Аскарұлы также сказал, что мы не можем напрямую давать субсидии, нашли выход – экспортерам вместо субсидий возмещать транспортные расходы через операторов, на рекламу, сертификацию.

К тому же мы можем не только нарастить наш экспорт, но и встроиться в региональные цепочки добавленной стоимости, создавая совместную экспортно ориентированную продукцию. К примеру, по статистическим данным в структуре импорта России, казахстанские трансформаторы занимают всего 11%, аккумуляторы – 15%, а текущий экспорт трансформаторов составляет 24,2 млн долларов США, аккумуляторов – 40,5 млн долларов США. Это говорит о значительном объеме рынка России по данным продуктам.

Дастан ЕЛДЕС

Республикалық «Қазақ үні» басылымының ұжымы газет қызметкері Дастан Елдеске інісі

Ерлан ЕЛДЕСТІҢ

мегілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВҚА ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

2020 жылы 15 тамызда қазақтың ұлы композиторы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 90 жыл болды. 2020 жылы 15 желтоқсанда Тәуелсіздік күні қарсаңында Шәмші Қалдаяқовқа түгел түрік әлемінің ордасы Түркістанда еңселі ескерткіш ашылды! Осы мерекелі шараға Алматыдан шыққан «Шәмші Қалдаяқов» арнаулы пойызына отырған қаламгерлер мен өнер қайраткерлерін алдымен Арыс қаласына аялдады. Шәмші әндерімен қарсы алған арыстықтарды қала әкімі Мұрат Қадырбек бастап шығыпты. Зиялы қауым өкілдері апаттан кейін қайта жаңартылған 1904 жылы салынған вокзалды аралады.

Содан соң Шәмші Қалдаяқовтың туып-өскен жері Шәуілдірдегі ашылған «Шәмші үйіне» ат басын тіреді. Мұнда қаламгерлер мен өнер қайраткерлерін Отырар ауданының әкімі Әбдіғали Жүнісов қарсы алды. «Шәмші үйі» сол баяғы ұлы композитордың балалық шағы өткендегі қалпын сақтап салынғандықтан, көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Одан кейін зиялы қауым өкілдері киелі Арыстан бап кесенесіне зиярат етіп, одан әрі Түркістанға жол тартты. Рухани астанадағы табан тіреген шығармашылық иелерін Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов күтіп алды.

Қазақтың ұлы композиторы, Қазақстанның Халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 90 жыл толуына орай Тәуелсіздік күнінің қарсаңында киелі Түркістанның төрінде ән патшасына арналған ескерткіш ашылды.

Ескерткіштің ашылу салтанатына облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев, Шәмшінің қарындасы Райхан Қалдаяққызы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Әлімжан Құртаев, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Көпен Әмірбек, ақын, Халықаралық Сергей Есенин атындағы



сыйлық – «Алтын күз» орденінің иегері және «Парасат» ордені иегері Қазыбек Иса, сазгер, шәмшітанушы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қалдыбек Құрманалиев, Алматыдан «Ш.Қалдаяқов» пойызымен арнайы келген қонақтар, зиялы қауым өкілдері мен журналистер қатысты.

«Түркістан облысы – қазақ даласына

қаншама дарындарды сыйлаған киелі мекен. Әнімен кең даланы тербетіп, Қазақ вальсінің королы атанған, Қазақстан Республикасы Әнұранының 90 жылы Шәмші Қалдаяқовтың биыл туғанына 90 жыл толып отыр. Отырарда туып, ән падишасы атанған, қайталанбас дарын иесінің есімін ұлықтау – бізге артылған абыройлы міндет. Түркістан қаласының жаңа орталығында бой көтерген композитордың ескерткіші – облыс жұртшылығына, қазақ еліне мереке қарсаңында тамаша тарту болып отыр», – деді облыс әкімі.

Қоладан құйылған еңселі ескерткіштің биіктігі – 2,5 метр, ұзындығы – 3,5 метрді құрайды. Авторы – Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері, кәсіби шебер мүсінші Тілеуберді Бинашев. Ескерткіш жасалуына демеушілердің қолдау көрсеткенін атап өтуіміз керек.

Ескерткіште Қалдаяқовтың шығармашылық ой үстінде отырған сәті бейнеленген.

Ер түріктің бесігі атанған қасиетті мекенде ашылған ескерткіш қазақ руханиятының дамуына қосылған ерекше үлес болмақ. Түркістанның түлеуі жолындағы игі істер алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Қазақ вальсінің падишасы атанған Шәмші Қалдаяқовтың мәдени мұрасына елімізде бастап назар аударылуына 1992 жылдан бастап жыл сайын республикалық конкурс-фестиваль өткізіліп келеді. Ол Шәмші Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» Халықаралық ән фестиваліне айналды.

Бүкіл қазақ бұрында да орнынан тік тұрып шырайтын «Менің Қазақстаным» әні әнұранға айналды.

Бір сөзбен айтқанда Шәмші әнін білмейтін қазақ жоқ! Шәмші әндерінсіз той өтпейді.

qazaquni.kz



■ HABARLANDYRY

«Freedom Finance Life» ӨСК» АҚ «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР-ның 2000 ж. 18.12. №126-II Заңының 16 бабының 8 тармағына сәйкес өзінің сақтанушыларын, агенттерін және серіктестерін «Freedom Finance Life» ӨСК» АҚ Маңғыстау облысы бойынша Филиалының орналасқан жері өзгергені туралы хабарландырады: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, ықшамауданы 14, ғимарат б1/1.

АО «КСЖ «Freedom Finance Life» в соответствии с п. 8 ст. 16 ЗР К от 18.12.2000 г. №126-II «О страховой деятельности» извещает своих страхователей, агентов и партнеров об изменении места нахождения Филиала АО «КСЖ «Freedom Finance Life» по Мангистауской области (далее – филиал). Новое место нахождения филиала: Республика Казахстан, 130000, Мангистауская область, город Актау, микрорайон 14, здание б1/1.

«Freedom Finance Life» ӨСК» АҚ «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР-ның 2000 ж. 18.12. №126-II Заңының 16-бабының 8 тармағына сәйкес өзінің сақтанушыларын, агенттерін және серіктестерін «Freedom Finance Life» ӨСК» АҚ Павлодар облысы бойынша Филиалының орналасқан жері өзгергені туралы хабарландырады: Қазақстан Республикасы, 503MOD7, Павлодар облысы, Павлодар, Луговая, 16.

АО «КСЖ «Freedom Finance Life» в соответствии с п. 8 ст. 16 ЗР К от 18.12.2000 г. №126-II «О страховой деятельности» извещает своих страхователей, агентов и партнеров об изменении места нахождения Филиала АО «КСЖ «Freedom Finance Life» по Павлодарской области (далее – филиал). Новое место нахождения филиала: Республика Казахстан, 503MOD7, Павлодарская область, г. Павлодар, ул. Луговая, дом 16

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілері:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Айтақын БҮЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАП (8-775-323-0850)

Қатыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғалпар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Күршілік №13976-Г (Алғашқы күршілік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт. Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –
Зейнолла АБЖОЛА

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
БИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген